



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР



4/2012

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Беттеу
А.Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Бақытжан Бұхарбаев
Үдемелі индустриялық-инновациялық
даму: өндіруден өнім шығаруға 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Аманжан Арзықұлов
Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі
және Қазақстанмен осы саладағы
байланыстары 9

ІШКІ САЯСАТ

Нұржан Әлжанова
Білім берудегі толеранттылық: келешегі
мен келісімі 25

Айдос Садуақасов
Мемлекеттің саяси ұстанымындағы
лингвистикалық фактор 29

ЭКОНОМИКА

Ербол Сығаев
Қазақстандағы франчайзингтің келешегі 39

Дархан Ахметов
Кәсіпорынның инновациялық портфелін
қалыптастыру 45

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Еркін Байдаров
Жаһандану – «тарих жалғасы» синдромы 55

Жұмағали Есенбек
Америка Құрама Штаттарындағы PR
қызметінің тарихы мен қоғамда
алатын рөлі 70

Бақтияр Жарылқапов Қазақ қоғамындағы шариғат және жәдишілдік	76
Гүлнар Омарова Ақыт көзқарастарының Абай дүниетанымымен үндестігі және оның қазақ ой-пікірінде алар орны	88
Берік Аташ Діни зайырлылық пен ауытқушылық: дихотомиялар, верификациялар, критерийлер	105
МЕРЕЙТОЙ	
Беделді теолог және қоғам қайраткері хақында	114
Түйіндеме	116

Болат СҰЛТАНОВ	– редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Үлес НЫСАНБЕК	– жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК	– Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ	– «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БҰРХАНОВ	– ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН	– әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ	– ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
Ләйлә МҰЗАПАРОВА	– ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Марат ТӘЖИН	– ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Зарема ШӘУКЕНОВА	– ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | | |
|-------------------|---|---|
| Булат СУЛТАНОВ | – | председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук |
| Улес НЫСАНБЕК | – | ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – | первый проректор Казахского государственного женского педагогического университета, доктор исторических наук, профессор |
| Рахман АЛШАНОВ | – | президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – | депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор |
| Куанышбек КАРАЖАН | – | профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук |
| Баглан МАЙЛЫБАЕВ | – | заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук |
| Лейла МУЗАПАРОВА | – | первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук |
| Марат ТАЖИН | – | помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор |
| Зарема ШАУКЕНОВА | – | директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК |

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму: өндіруден өнім шығаруға

Бахытжан БҰХАРБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың әлеуметтік-саяси зерттеулер
бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы

Экономиканы әртараптандыру мақсатында елімізде үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы іске қосылып, табысты жүзеге асырылып келеді. Осы стратегиялық бастамаға сай бүкіл елімізде ескі кәсіпорындар мен өндіріс көздері жаңартылып, жаңалары ашылып жатыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында да индустриялық-инновациялық жобалар туралы айтып өтті. Онда: «Индустриялық-инновациялық даму шеңберіндегі жобалардың әлеуметтік маңызы шексіз. Бұл бағдарлама экономиканы жаңғыртудың басты бағдары болып қала береді. Барлық мемлекеттік органдар бұл жұмысты өздерінің негізгі қызметі деп есептеуі тиіс. Тек өткен жылы ғана сомасы 570 миллиард теңгеден асатын 288 жоба пайдалануға берілді. Соның нәтижесінде 30 мыңнан астам тұрақты сапалы жұмыс орындары ашылды. Біз экономикамыздың озық кластерлерін құруды және дамытуды одан әрі жалғастырудамыз. Бұл жұмыстың қарқыны төмендемеуге тиіс. Үкіметке инновациялық кластерлердің инфрақұрылымын дамыту үшін қажетті қаржы қарастыруды тапсырамын», – делінді.

Атқарылған жұмысқа қысқаша тоқталатын болсақ, қазіргі кезде экономикамызды индустриялық жаңартуға бағытталған бағдарламаны жүзеге асырудың барлық тетіктері қалыптасқан, елу-

ден астам заңға өзгерістер енгізілді, 23 салалық және функциялық, сонымен қатар аймақтарды дамыту бағдарламалары бекітілді.

Негізгі басымдықтардың бірі қолында капиталы, мүмкіндіктері әрі технологиялары бар шетелдік ірі инвесторларды экономикамызды дамытуға тарту болып қалып отыр.

Инвестициялар бойынша ұлттық жоспар қабылданды, басымдыққа ие 20 инвестор мемлекет пен 136 технологиялар саласындағы көшбасшылардың тізімі жасалды. Сонымен қатар жалпы сомасы 20 млрд доллардан асатын 270-тен астам келісімдер мен меморандумдар бойынша жұмыс жасалып келеді. Осы шараларды жүзеге асыру Қазақстанға ТМД мемлекеттері арасында инвестициялық тартымдылық көрсеткіші бойынша алдыңғы позицияларға қол жеткізу мүмкіндік берді, 2,5 жыл ішінде өңдеу секторына тартылған тікелей инвестициялар 59% өсті, ал өндіруші салада керісінше 17%-ке кеміді. Бұл инвестициялық ағындардың өзгеріске ұшырағанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, өңдеуші секторға бағытталған негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі өсіп, 2011 жылдың қорытындысы бойынша 471,7 млрд теңгені құрады.

2012 жылдың қаңтар мен қыркүйек айлары аралығында негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 3,5 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкесінше аралығындағы көлемнен 3,3%-ға артық.

Өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестициялар 398,1 млрд теңгені құрады, яғни өсім 33% болды деген сөз. Өңдеуші секторға тікелей шетел инвестициялар ағыны 2011 жылы 2 852 млн долларды құрады. 2010 жылдың сәйкесінше кезеңімен салыстырғанда шетел инвестицияларының ағыны 39%-ға ұлғайды.

Инвесторлардың назары өндіруші саладан өнім өндіру саласына ауысқаны – жақсы тенденция. Экономикасы шикізат көздеріне негізделген елдерге қарағанда дайын өнім жасайтын елдердің экономикалық әлеуеті молырақ. Қазақстанда осы мәселеге үлкен көңіл аударылып отыр.

Мәселен, машина жасау саласы үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының табысты жүзеге асуында маңызды рөл ойнайды, себебі осы саланың дамығандығы ел экономикасының индустриялық күш-қуатының потенциалының айғағы болып табылады. Машина жасау саласы дамыған елдер әлем бойынша жоғары технологиялар мен инновациялар бойынша бәсекеге түсе алады.

Қазақстанда бірнеше жыл бұрын осы саланың болашағы жоқ секілді көрінді, өйткені құрал-жабдықтардың тозығы жетіп, конструкторлық бюролар саны жеткіліксіз болып, оның есесіне мамандандырылған кадрлардың тапшылығы орын алды. Соңғы жылдары машина жасау саласында елеулі өзгерістер болды: жаңа өндіріс орындары ашылып, бұрыннан істеп келе жатқандары жаңартылып жатыр. Әрине, көп жағдайда осындай көрсеткіштерге қол жеткізу мемлекет тарапынан жасалатын жәрдемсіз мүмкін болмаушы еді.

Атап айтқанда, қолайлы инвестициялық климат пен техникалық реттеу мәселелерін шешу жүзеге асырылды.

Машина жасау саласында 2012 жылдың қаңтар айы мен қыркүйек айларында дайын өнім өндіру 447 млрд теңгені құрады, физикалық мөлшер индексі 111,1%-ке жетті. Еңбек өнімділігі адам басына шаққанда 11,8 мың долларға дейін өсті. Өндіріс көлемі негізінен компьютерлер, электрондық және оптикалық өнімдерді, электр жабдықтарын, машиналар мен құрал-саймандар, автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркелгіштерді жасап шығарудың арқасында ұлғайды.

Жеке қарастырып отырған салада аталған табыстарға қол жеткізу мемлекеттік жәрдемнен бөлек кадрларды дайындау жүйесін жетілдірмеген жағдайда мүмкін болмас еді деуге де толық негіз бар. Жоғары оқу орындарында теориялық білімге көбірек көңіл бөлінетінінен сыр жасауға келмейді, соның себебінен жас маманды қайта үйретуге тура келеді. Осы міндетті орындау үшін қайта даярлау мен мамандандырылу деңгейін растайтын арнайы орталықтар жасақталады. Мәселен, Өскемен қаласында Қазақстанның машина жасау саласы үшін 700 адамға есептелген аймақаралық кәсіби орталық құрылуда. Сонымен қатар Семей, Петропавл қалаларында да кәсіби лицейлер бой көтеруде.

Инновациялар саласындағы жаңалықтарға келетін болсақ, мемлекеттік қолдауға ие ұлттық инновациялық жүйе қалыптастырылуда, сайысқа қатысу үшін инновациялық гранттар табыс етілуде.

2011 жылы Астана, Өскемен, Петропавл қалаларында төрт конструкторлық бюро құрылып, қызмет атқарып келеді.

Жыл сайын ғылыми зерттеу институты мен университеттерді іріктеуге бағытталған сайыстар өткізілуде. Бұл шараны қолға алу олардың негізінде коммерцияландыру офистерын қалыптастыруға жол ашады. 2011 жылдың қорытындысы бойынша коммерциялан-

дыру бойынша 9 офис, соның ішінде жетеуі университеттерде, екеуі ғылыми зерттеу институтында ашылды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Инновациялық даму тұжырымдамасы әзірленді.

Жалпы алғанда, бағдарламаны іске асыру барысында назар өңірлерден тыс қалмауда. Аймақтарда өңдеуші өнеркәсіптің нақты көлем индексі өсіп жатыр. Өткен жыл қорытындысы бойынша осы көрсеткіш бойынша көшбасшылар қатарына Жамбыл облысы (33,3%), Астана қаласы (28,7%), Маңғыстау облысы (20,2%) шықты. Өнімділік құрылымында Қарағанды (39,4%), Павлодар (36,2%), Шығыс Қазақстан (23,5%) облыстарында жоғары өсім байқалған болатын.

Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі және Қазақстанмен осы саладағы байланыстары

Аманжан АРЗЫҚҰЛОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
шығыстану факультетінің аға оқытушысы

Мемлекеттік мүдделер жалпы сырт көзге түсе бермейтін сала болып табылады. Ұлттық қызығушылықтар – бұл тарихи категориялар болғандықтан құбылмалы жағдаятқа байланысты өзгеріп отырады. Жалпы мемлекеттік қызығушылықтар белгілі бір мақсаттар мен міндеттер арқылы көрініс беріп, олардың жүзеге асуы азаматтардың өмір сүру сапасының деңгейін көтеріп, оның қауіпсіздігін қамтамасыз еткендіктен ұлттық мүдделер ретінде танылады. Ал осы ұлттық мүдделердің белгілі бір мемлекетке, аймаққа немесе жағдайға қатысты жүзеге асырылуының бағыттары, міндеттері мен әдістерінің жинағы мемлекеттік деңгейде талқыланып, қабылданғандықтан ресми түрде стратегия деп аталып танылады. ҚХР өзінің сыртқы саясатында маңыздылығы мен мағынасына қарай бірнеше саяси бағыт ұстанады. Әлемнің ірі державалармен текетірісті есептегенде Қытайдың аймақтық саясаттарының ішіндегі Орталық Азияға, оның ішіндегі Қазақстанға қатысты сыртқы саясаты өзіндік ерекшеліктерімен және бірнеше фактормен айқындалады. Біріншіден, Пекин «Шығыс Түркістан» сепаратистік ұйымдарын ауыздықтау; екіншіден, ОА аймағын энергетикалық тыл ретінде сақтау. Әлемдік энергетикалық ресурстарға бай аймақтарға басқа да ірі державалардың иелік етуі немесе бақылау орнатып отыруына байланысты ҚХР үшін жаңадан тәуелсіздігін алып, халықаралық экономикалық (энергетикалық) нарықта серіктестер

ізвестіре бастаған бұрынғы кеңестік республикалар ең оңтайлы кандидатура болып саналады. Бірақ, соған қарамастан Қытайдың Қазақстанға қатысты саясаты дербестік таныта алмай, көптеген мәселелерде Ресей мен АҚШ секілді державалардың мүдделеріне қатысты дамып отыр. Осылайша, энергетикалық сұрақтың маңызды геосаяси мәселе ретінде қаралуы Қытай мен Қазақстанның энергетика саласындағы байланысы тақырыбының өзектілігін танытады.

Әлемде экономикасы қарыштап дамып, халықаралық қатынастар мен саясатта айтарлықтай беделге ие болған Қытай Халық Республикасы осы жүзжылдықтың супердержавасы болуына мүмкіндігі зор. Жиырмамыншы ғасырдың екі алыбы – КСРО мен АҚШ дәуірінде аймақтық деңгейден көтерілмей, дамушы елдердің қатарында жүрген Қытайдың дәуірлеуіне геосаяси жағдайдың өзі қолайлы жағдай тудырды. Аталынған державалардың бірінің ыдырауы, ал екіншісінің экономикалық жағынан дағдарыстарға ұшырап, идеологиялық және сыртқы саяси салада қателіктерге бой алдыруы жаңа супердержаваның қажеттілігін байқатты. XX ғасырдың ортасында социалистік даму жолына түскен Қытай елі көп ұзамай бұл бағыттағы дамудың өз жолын жасады. Орталық билікті мықты қолда ұстап, экономикада нарықтық қатынастарға жол берген ҚХР жартығасырға жуық мерзімде әлемнің алдыңғы қатарлы капиталистік елдерін басып озып, Ішкі өнім көрсеткіші жағынан алдыңғы үштіктің қатарына кірді.

Өзінің ауқымды және қарқынды дамып келе жатқан экономикасының және де көп мөлшерлі тұрғын халқының қажеттіліктері мен сұраныстарын өтеу үшін Қытай басшылығы сыртқы саясатта (экономикада) белсенді әрекеттерге барып, жанқиярлық танытты. Жаңа ғасырдың ең негізгі мәселелерінің бірі – мемлекеттік (ұлттық) қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қаншалықты маңызды екендігін түсіне білген ҚКП басшылары өздерінің алдына нақты мақсаттар қоя білді. Бұрындары дәстүрлі болған ұлттық қауіпсіздік, территориялық тұтастық, экономикалық тәуелсіздік (қауіпсіздік) секілді түсініктердің қатарына жаңадан азық-түлік қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік, энергетикалық қауіпсіздік секілді түсініктер пайда болды. Осылардың ішіндегі елдің экономикалық дамуына арқау болатын энергетикалық қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз ету үшін қытай елі сыртқы экономикалық саясатта белсенділік танытып, ашық-достық саясат ұстанды. XX ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында экономикалық дамудың барынша жоғарғы қарқынын көрсеткен ҚХР үшін өз сұраныстарын

қанағаттандыру үшін әлемнің көптеген елдерімен байланыс орнатып, энерготасымалдаушыларды экспорттаушы елдердің қатарына енді. Өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді энергоресурстар экспортын әртараптандыруды көздеген Қытай елінің серіктес-мемлекеттерінің географиясы өте ауқымды. Мысалы, Қытай көмірсутегі қорына бай Парсы шығанағынан өзге Африка елдерінде, Латын америкасы елдерінде, Ресейде мұнай кендерін өндіру және тасымалдаумен айналысады. Қытайдың өз энергетикалық нарығын әртараптандыру жоспарында Орталық Азия, оның ішінде Қазақстан маңызды орынды иемденеді. Бұған бірнеше өзекті мәселелер негіз болып отыр. Біріншіден, Қазақстан (Орталық Азия елдері) өзінің тәуелсіздігін жаңадан (жиырма жыл әлемдік тарих үшін қас-қағым сәт) алғандықтан саяси және экономикалық жағынан тәжірибесіздеу, яғни белгілі-бір қолайлы жағдайларда өзіне (Қытайға) тиімді шарттарға қол жеткізу мүмкіндігі бар. Екіншіден, бұрынғы кеңестік республикалар, оның ішінде Қазақстан да өзінің экономикасын дамыту үшін сырттан ауқымды көлемде инвестиция тартуға мүдделі (ал Қытай үшін керегі де сол). Үшіншіден, Қытай мен Қазақстанның көрші орналасуы энергоресурстарды тасымалдауда айтарлықтай жеңілдіктерге жол ашады.

Сонымен, осындай мүмкіншіліктері бар ҚХР өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасынан бастап Қазақстанның мұнай-газ нарығына кіріп, қазіргі таңда осы саладағы маңызды инвесторлардың бірі болып отыр. Әлемдік дамыған экономикалық державалардың бүгінгі таңдағы қаржы-экономикалық дағдарысты бастан өткеріп отырғандығын пайдаланған ҚХР көптеген елдердегі аты танымал мұнай-газ компанияларының кен орындарындағы акцияларын сатып алып, өз бақылауын орнатуда. 90-шы жылдардың ортасында Қазақстанда да батыстық компаниялардың үлес салмағы артық болатын, ал қазіргі таңда негізгі ойыншылардың бірі ретінде – Қытай Халық Республикасын атауға болады. Қытайдың Қазақстан мұнай-газ нарығындағы негізгі шараларының бірі ретінде мұнай тасымалына арналған Қазақстан – Қытай (Атыраудан Шыңжаң аймағына дейін) мұнай құбырын атауға болады.

Халықаралық және мемлекеттік іс жүргізу тәжірибесі айналымына өткен ғасырдың 70-ші жылдарында енгізілген «энергетикалық қауіпсіздік» термині негізінен мұнай-газ саласындағы сұрақтарға ғана қатысты болды.

Бұл түсінік алғашында Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастардың шиеленісуі мен әлемдік энергетика нарығы

конъюнктурасының дамуының тұғырнамасы аясында мемлекеттердің, оның ішінде негізінен Батыс елдерінің ұлттық мүдделерінің қауіпсіздігіне қатысты қауіп-қатерлерді айқындау барысында қолданысқа енгізілді. Бастапқыда тек мұнай өнімдеріне қатысты енгізілген бұл термин қазіргі таңда мемлекеттің дамуына қатысты кез-келген энергия көзіне қатысты қолданылуда. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарындағы әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде пайда болған бұл түсініктің негізгі мәні: әділ бағаға негізделген тұрақты сұраныс – «экспортер-мемлекеттердің қауіпсіздігі» мен «импортер-мемлекеттер қауіпсіздігі» – барынша төмен бағадағы тұрақты ұсыныстың болуы, яғни бұл түсінік толығымен мұнай және газ саудасына байланысты болып отыр. Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін қарастыру барысында «тұтынушы-мемлекеттерді» шартты түрде «әлемдік экономиканың көне орталықтары» және «әлемдік экономиканың дамуының жаңа орталықтары» деп бөлсек, «импортер-мемлекеттерді» де дамыған мемлекеттер өнеркәсібін қамтамасыз етудің «көне орталықтары» және Еуразияның дамыған елдері өнеркәсібін қамтамасыз етудің «жаңа қалыптасқан орталықтары» деп қарастырамыз [1, 8].

Қазіргі таңдағы халықаралық жағдайдағы шиеленістік, яғни Ауғанстандағы ланкестікке қарсы күрес пен Ирактағы авторитарлық билікті ауыстыру, АҚШ пен Иран арасындағы атомдық бағдарламаға қатысты талас, КХДР мәселесі, Ресей-Грузия қақтығыстары, Израиль-палестина қақтығысының қайта жандануы т.б., әскери-саяси оқиғалар «энергетикалық қауіпсіздікті» қамтамасыз ететін «энергетикалық дипломатияның» жаңа дәуірінің басталғанын көрсетеді. Қалыптасқан жағдайға байланысты «энергетикалық қауіпсіздік» үрдісіне қатысушылардың барлығы да қиындықтан шығудың жаңа жолдарын іздестіруі заңды құбылыс. Әлемдік энергетикалық саясатқа қатысушылардың әр қайсысының өз мүддесін қорғауы және олардың көзқарастарындағы субъективтілік өзара қарама-қайшылықты туғызып, энергетикалық саясаттағы дипломатиялық, саяси және экономикалық үрдістердің тұрақсыздығына алып келді. Соған қарамастан, аталынған тараптар арасындағы қайшылықтар олардың ұлттық қауіпсіздігі мен жеке мүдделерін қорғау барысында туындап отырғандығын мойындап, бұл мәселені шешуде (энергетикалық саясат аясында) конструктивті пікіралмасуды қалыптастыру қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр.

Энергетикалық қауіпсіздік саласы мәселелерінің жаңа аспектілері соңғы жылдарда байқалып келеді. Солардың ішінде

Орталық Азия аймағындағы мұнай қорының көлемінің айқындалуы және Азия елдерінің, оның ішінде Қытайдың тез қарқынды дамып отырған экономикасының тұтынушылық қажеттілігінің артуын айтуға болады.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесінің келесі жаңа аспектісі – бұл энергия көздерін өндіруші елдердің ресурстарға бағаның өсуі мен оның өндірілу көлемі негізінде беріліп отырған билік әдісі. Мемлекеттік компаниялар мұнай мен газ қорларына бақылау жасау жағынан дәстүрлі тәуелсіз энергетикалық компаниялармен салыстырғанда көп мүмкіндіктерге ие болып отыр. Ресей мен Венесуэла секілді елдердегі мемлекетке қарасты компаниялардың көбі өз биліктерін нарық заңдылықтарымен қатар, саяси мақсаттарға да қолданып келеді.

Осы мәселелердің барлығы жинала келе қазіргі таңдағы әлем мемлекеттерінің өз энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді барынша мұқият ойластыру қажеттігін алға тартады.

Соңғы отыз жыл ішіндегі Қытайдың ұлттық экономикасының қарқынды дамуы энергоресурстарды тұтыну сұранысының ішкі ұсыныстан бірнеше есе артуына алып келді. Мысалы, 1980-ші жылдары ҚХР шығыс-азиялық ірі мұнай экспортер-мемлекет ретінде белгілі болса, 1993 жылдан бастап көлемі жағынан екінші орынды иемденетін таза тұтынушы елге айналды. Ал бұдан кейінгі жылдарда Қытайдың энергоресурстарға деген тәуелділігі одан ары тереңдей түсті. Халықаралық Энергетикалық Агенттіктің болжамынна сүйенсек, 2020 жылға қарай Қытай өзіне қажетті мұнайдың 60%, ал газ өнімдерінің 30% сырттан тасымалдайды. Бұл уақытта ҚХР сұраныс көлемі бойынша АҚШ теңеседі, яғни күніне 10 млн баррелдей мұнай өнімдерін пайдаланады.

Қытай өзіне қажетті энергоресурстардың барабар және сенімді жеткізілу мәселесін қарастырғанда бірінші кезекте экономикасының қарқынды дамуына сай мұнай өнімдерінің тұтынылуын қарастырады. ҚХР-дің ішкі көмір қорлары әлі де бірнеше он жылға жетеді, бірақ, импортер елдер арасында АҚШ-нан кейінгі екінші орынға шығуы Қытайдың бұдани кейінгі уақытта мұнайды қайдан тасымалдайды деген мәселені туындатады. Жағдайдың бұндай қарқынмен дамуы қытай басшылығының өзін-өзі қамсыздандыру идеясынан бас тартып, оның орнына елді сырттан тасылатын ресурстармен қамтамасыз ету шараларын бастауына ықпал етті. ҚХР бұндай кеудемсоқ мақсаттары батыстық сарапшыларды алаңдатып отыр, өйткені тұтынушылық сұраныстың артуы мұнай өнімдеріне

бағаның артуымен қатар, Қытайдың сол ресурстарға еркін қол жеткізуін қаматамысыз ететін сыртқы саясатының бағыттары мен әдістерінің де өзгеруіне алып келеді.

Энергетикалық қауіпсіздік пен оны қамтамасыз ету мәселесін қарастырмастан бұрын Қытайдың энергетикалық секторына сарау жүргізіп өткен жөн. Қытай энергетикалық секторының негізгі ерекшелігі – бұл көмірдің негізгі шикізат ретінде елдегі энергияға қажеттіліктің 60 пайызын қамтамасыз етуінде және бұл қолданыстағы көмірдің барлығы да ҚХР территориясында өндіріледі. Ал мұнай бұл көрсеткіштегі үлесі 20, газдың үлесі шамамен 12 пайыздығана құрайды.

Бірақ, қазіргі таңдағы үрдіске көз салар болсақ жалпы жағдай өзгеріске түсуде: елдегі көмір қорының ауқымдылығына қарамастан, ол жыл өткен сайын аз өндіріліп, орнына сырттан мұнай мен газ тасымалының көлемі артып келеді.

Қазақстандық тәжірибеде қауіпсіздік түсінігі «тұлға, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды, негізгі мүдделерінің қорғалу жағдайы» деп анықталады. Бұл жердегі өмірлік маңызды мүдделер ретінде барлық қызығушылықтар мен мүдделердің жалпы жиынтығы емес, тек үрдісті дамуды қамтамасыз ететін мүдделер ғана кіреді. Бұл түсінік Қытайда да шамамен осындай мағынаны білдіреді, бірақ, мемлекеттегі саяси режимнің түріне байланысты мемлекеттің мүдделері тұлғаның мүдделерімен қатар қойылып, басымдыққа ие болады. Сондықтан да, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі мен Қытайдың мәртебесі туралы пікір айтуға тиым салынған. Ал Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесі бұрыннан белсенді талқыланатын мәселелер қатарына жатады. Бұл талқылаулар энергетикалық қауіпсіздікке қатысты көптеген анықтамалар берген және олардың көбі ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштаспайды.

Қытайлықтар энергетикалық қауіпсіздік деп – «қолайлы бағаға энергоресурстардың тұрақты, жеткілікті және сенімді жеткізілімін қамтамасыз ету жағдайы және бұл жеткізілімдер ұлттың негізгі құндылықтарына қатер төндірмеуі мен басқа да мақсаттарға жетуге кедергі келтірмеуін» түсінеді.

Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесі 1993 жылдан кейін мемлекеттік және шетелдік сараптама құрылымдарының талқылайтын негізгі мәселесіне айналды. Әсіресе, шетелдік сараптама орталықтары ҚХР өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне қатысты сыртқы саясатының бағыттары мен әдістерін өзгерту мүмкіндігі мен оның халықаралық қауымдастыққа

тигізетін әсерін талқылады. Сараптамашылар осыған байланысты бірнеше болжам жасаған: біріншіден, Қытайдың әскери күшінің артуы оның халықаралық қатынастардағы кейбір әрекеттерінің еркіндігіне алып келіп, ҚХР тарапынан аймақтық қауіпсіздік тұрақсыздығын туындатуы мүмкін. Бұл мәселе бойынша Қытай мұнай кен орындары мен тасымалдау жолдарын өз бетінше әскери қорғау және энергоресурстарды қару-жараққа айырбастауы да мүмкін. Екіншіден, Қытайдың әлемдік экономикаға тәуелділігі мен шетел нарықтарының тұрақтылығы оның белгілі-бір агрессиялық қадамдарға баруына мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде ҚХР энергоресурстар тасымалы мәселесін халықаралық сауда механизмдеріне интеграциялану арқылы, өз нарығы мен оны либерализациялау негізінде шешуі мүмкін. Бұл көрсетілген екі жағдайдың да орын алуы мүмкіндігі бар. Ол үшін елдің (Қытайдың) энергетикалық саясатына қатысты шешім шығаратын күштердің көзқарастарына тоқталу қажет.

Әрине, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде маңызды рөл құқық қорғау органдары беріледі. Қытай әскерилері өздерінің ұсыныстары мен стратегияларын қытай-америка шиеленістігі көзқарасы тұрғысынан тұжырымдайды. Бұл ҚХР-дің Тайвань аралын өзіне қосу мәселесінде күш қолданған жағдайда АҚШ мүдделі аймағына ықпал еткен болып есептелінеді. Олар негізгі ұсыныс ретінде көліктік тасымал жолдарын (мұнай және газ құбырлары) қорғауға байланысты ұлттық қарулы күштерді нығайтуды ұсынады.

ҚХР қазіргі таңдағы негізгі серіктесі Африка құрлығы елдері болып отыр. Аталынған аймақ арасындағы сауда айналымы 2000–2005 жылдар аралығында 10 млрд доллардан 39,7 млрд долларға көтерілген. Африкадағы мұнай қорына бай елдердің бірі – Суданнан Қытай импортының 6%, яғни күніне 200, 000 баррель мұнай тартылады. Егер аталынған көрсеткішке назар салып қарайтын болсақ, Қытай Судан үшін негізгі сауда серіктесі болғандығын көреміз. Қытайлық корпорация SINOPEC Судандық монополис Greater Nile Petroleum Oil Company мұнай өндірушісінің 40% акциясына ие болу арқылы Қытайдың бұл елдегі хұзырын әлемге танытып отыр. Африканың келесі бір мемлекеті Ангола Қытайдың негізгі жабдықтаушыларының бірі ретінде оның импортының 13% қамтып отыр. Ал Ангола үшін Қытай гуманитарлық көмек беруші негізгі мемлекет болумен қатар, бұл елдің мұнай кен орындарын зерттеуге және өндіруге шамамен 3 млрд доллар инвестиция құйған.

бағаның артуымен қатар, Қытайдың сол ресурстарға еркін қол жеткізуін қаматамысыз ететін сыртқы саясатының бағыттары мен әдістерінің де өзгеруіне алып келеді.

Энергетикалық қауіпсіздік пен оны қамтамасыз ету мәселесін қарастырмастан бұрын Қытайдың энергетикалық секторына саралау жүргізіп өткен жөн. Қытай энергетикалық секторының негізгі ерекшелігі – бұл көмірдің негізгі шикізат ретінде елдегі энергияға қажеттіліктің 60 пайызын қамтамасыз етуінде және бұл қолданыстағы көмірдің барлығы да ҚХР территориясында өндіріледі. Ал мұнай бұл көрсеткіштегі үлесі 20, газдың үлесі шамамен 12 пайыздығана құрайды.

Бірақ, қазіргі таңдағы үрдіске көз салар болсақ жалпы жағдай өзгеріске түсуде: елдегі көмір қорының ауқымдылығына қарамастан, ол жыл өткен сайын аз өндіріліп, орнына сырттан мұнай мен газ тасымалының көлемі артып келеді.:

Қазақстандық тәжірибеде қауіпсіздік түсінігі «тұлға, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды, негізгі мүдделерінің қорғалу жағдайы» деп анықталады. Бұл жердегі өмірлік маңызды мүдделер ретінде барлық қызығушылықтар мен мүдделердің жалпы жиынтығы емес, тек үрдісті дамуды қамтамасыз ететін мүдделер ғана кіреді. Бұл түсінік Қытайда да шамамен осындай мағынаны білдіреді, бірақ, мемлекеттегі саяси режимнің түріне байланысты мемлекеттің мүдделері тұлғаның мүдделерімен қатар қойылып, басымдыққа ие болады. Сондықтан да, мемлекеттік қауіпсіздік мәселесі мен Қытайдың мәртебесі туралы пікір айтуға тиым салынған. Ал Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесі бұрыннан белсенді талқыланатын мәселелер қатарына жатады. Бұл талқылаулар энергетикалық қауіпсіздікке қатысты көптеген анықтамалар берген және олардың көбі ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштаспайды.

Қытайлықтар энергетикалық қауіпсіздік деп – «қолайлы бағаға энергоресурстардың тұрақты, жеткілікті және сенімді жеткізілімін қамтамасыз ету жағдайы және бұл жеткізілімдер ұлттың негізгі құндылықтарына қатер төндірмеуі мен басқа да мақсаттарға жетуге кедергі келтірмеуін» түсінеді.

Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі мәселесі 1993 жылдан кейін мемлекеттік және шетелдік сараптама құрылымдарының талқылайтын негізгі мәселесіне айналды. Әсіресе, шетелдік сараптама орталықтары ҚХР өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне қатысты сыртқы саясатының бағыттары мен әдістерін өзгерту мүмкіндігі мен оның халықаралық қауымдастыққа

тигізетін әсерін талқылады. Сараптамашылар осыған байланысты бірнеше болжам жасаған: біріншіден, Қытайдың әскери күшінің артуы оның халықаралық қатынастардағы кейбір әрекеттерінің еркіндігіне алып келіп, ҚХР тарапынан аймақтық қауіпсіздік тұрақсыздығын туындатуы мүмкін. Бұл мәселе бойынша Қытай мұнай кен орындары мен тасымалдау жолдарын өз бетінше әскери қорғау және энергоресурстарды қару-жараққа айырбастауы да мүмкін. Екіншіден, Қытайдың әлемдік экономикаға тәуелділігі мен шетел нарықтарының тұрақтылығы оның белгілі-бір агрессиялық қадамдарға баруына мүмкіндік бермейді. Нәтижесінде ҚХР энергоресурстар тасымалы мәселесін халықаралық сауда механизмдеріне интеграциялану арқылы, өз нарығы мен оны либерализациялау негізінде шешуі мүмкін. Бұл көрсетілген екі жағдайдың да орын алуы мүмкіндігі бар. Ол үшін елдің (Қытайдың) энергетикалық саясатына қатысты шешім шығаратын күштердің көзқарастарына тоқталу қажет.

Әрине, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде маңызды рөл құқық қорғау органдары беріледі. Қытай әскерилері өздерінің ұсыныстары мен стратегияларын қытай-америка шиеленістігі көзқарасы тұрғысынан тұжырымдайды. Бұл ҚХР-дің Тайвань аралын өзіне қосу мәселесінде күш қолданған жағдайда АҚШ мүдделі аймағына ықпал еткен болып есептеледі. Олар негізгі ұсыныс ретінде көліктік тасымал жолдарын (мұнай және газ құбырлары) қорғауға байланысты ұлттық қарулы күштерді нығайтуды ұсынады.

ҚХР қазіргі таңдағы негізгі серіктесі Африка құрлығы елдері болып отыр. Аталынған аймақ арасындағы сауда айналымы 2000–2005 жылдар аралығында 10 млрд доллардан 39,7 млрд долларға көтерілген. Африкадағы мұнай қорына бай елдердің бірі – Суданнан Қытай импортының 6%, яғни күніне 200, 000 баррель мұнай тартылады. Егер аталынған көрсеткішке назар салып қарайтын болсақ, Қытай Судан үшін негізгі сауда серіктесі болғандығын көреміз. Қытайлық корпорация SINOPEC Судандық монополис Greater Nile Petroleum Oil Company мұнай өндірушісінің 40% акциясына ие болу арқылы Қытайдың бұл елдегі хұзырын әлемге танытып отыр. Африканың келесі бір мемлекеті Ангола Қытайдың негізгі жабдықтаушыларының бірі ретінде оның импортының 13% қамтып отыр. Ал Ангола үшін Қытай гуманитарлық көмек беруші негізгі мемлекет болумен қатар, бұл елдің мұнай кен орындарын зерттеуге және өндіруге шамамен 3 млрд доллар инвестиция құйған.

Африканың Қытай үшін маңыздылығы жағынан үшінші орында тұрған Нигерия елімен арадағы сауда қатынасы соңғы кезге дейін дамымаған еді. Тек 2006 жылдың тамызында қытайлық CNOOC 2,27 млрд долларға Нигерияның ірі кен орнының 45% сатып алды және Нигер өзенінің бойын зерттеуді жоспарлаған жобаның мүшелігіне өту арқылы бұл елдегі Қытай мүдделерін танытты. Қытай бұлардан басқа Африка құрылығының Экваторлық Гвинея, Чад және Габон елдеріндегі кен өндіру компанияларының акцияларын сатып алу арқылы бұл елдердегі хұзырын арттырып отыр.

Қытай өзін мұнаймен жабдықтаушы ретінде Латын Америкасымен де өзара белсенді әрекет етіп, сауда көрсеткіші бойынша Еуропа елдерін артқа тастады. Латын Америкасынан Қытайға шығарылатын экспорт 2001–2006 жылдар аралығында бес есе артты. Қытай мен Аргентина арасындағы келісімге сай ҚХР жақын болашақтағы 10 жыл ішінде бұл америка еліне 20 млрд доллар инвестиция салады және бұл үшін CNOOC оффшорлық мұнай кендерін өз бетінше барлау, өндіру құқығына ие болды. Қытайдың аталынған аймақтағы тағы бір достық қатынастағы серіктесі – Венесуэла мемлекеті. Бұл мемлекет Құрама штаттарды мұнаймен жабдықтаушы елдер қатырында үшінші орында болғанына қарамастан, ел президенті Хуго Чавес өзінің антиамерикалық көзқарасына байланысты мұнай ағымының АҚШ айналып өтіп, басқа елдерге тартылуын көздейді. Жақын аралықта Қытайға жіберілетін мұнай қорының көлемін екі есе арттырып, күніне 300 мың баррельге жеткізуді жоспарлаған. Сонымен қатар, Қытай компаниялары венесуэлалық кен орындарын зерттеуге белсене араласуда. Қытай сонымен бірге бұл аймақтағы Эквадор мемлекетімен де сауда байланыстарын орнатқан.

ҚХР сыртқы мұнай саудасындағы негізгі басымдықтары Сауд Арабиясымен қарым-қатынасты арттырумен тікелей байланысты. Соңғы бес жыл ішінде екі ел арасындағы тауар айналымы 9 есе өсіп, технология мен қару-жарақ саудасы секілді жаңа бағыттарды игеріп келеді. Қытайдың бұл аймақтағы тағы бір маңызды серіктесі Иран Ислам Республикасы. Жоғарыда айтылғандай, тараптар қытай компанияларының Таяушығыс аймағындағы кен орындарын өндіруде мажоритарлық меншік құқығына ие болған. Өндіруге тікелей инвестиция салумен қатар, Қытай өзіне бірнеше міндеткерліктер алған. Мысалы, Ядаварава кенінде өндіру жұмыстарымен қатар, ҚХР 70–100 млрд шығынының төрттен бірі 25 бойы сұйытылған газ сатып алуға жұсалады. Ал бұндай келісімнен екі тарап та ұтып отырғандығын айту қажет.

Қытайдың жақын көршілерінің арасындағы, оның ішіндегі Ресеймен арадағы мұнай экспортына байланысты ынтымақтастығы тұрақты дамып келеді. Ресей Судан мен Иранмен қатар Қытайдың негізгі жабдықтаушылары болғанымен де, РФ үшін Қытай экспорты бар-жоғы 4% ғана құрайды. Соңғы кездерде Ресей мен Қытай арасындағы мұнай тасымалына қатысты келіссөздер жанданғанымен де, ол тұйыққа тіреліп, қазірше тек газ тасымалына қатысты ғана келісім жасалынды.

Соңғы кездерде Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіндегі мұнай мен газ экспортында Орталық Азия мемлекеттері маңызды орынға ие болып отыр. Бұл бағытта, әсіресе Қытайдың газ тасымалдауға қатысты мүдделері бірінші орында тұр.

Жалпы әлемдік энергия көздерін пайдалану мәселесінде табиғи газдың әлемдік мөлшері 23 пайызды құраса, бұл көрсеткіш Қытайда бар-жоғы 2,8 пайызды ғана құрайды. Ал болжамдаға сүйенер болсақ, 2010 жылы бұл көрсеткіш 5,3 пайызға көтеріледі деп күтілуде. Бүгінгі таңда энергоресурстарды пайдалануда табиғи газ мөлшерін көтеріп, тас көмірге тәуелділікті төмендету арқылы Қытайдың экологиялық жағдайын түзету ҚХР басшылығының негізгі басымдықтарының бірі болып отыр. Соңғы кездерде қытай компанияларының ел ішіндегі табиғи газ қорларын игерумен қатар, оны сырттан тасымалдау жобаларына да инвестиция тартуы айқын байқалды. Ел ішіндегі Батыс-Шығыс газ құбырының қосылуы Қытайдағы табиғи газды пайдалану көрсеткішін арттырып, өзінің коммерциялық мүмкіндігін дәлелдеді. Осыған байланысты Қытай территориясында Батыс-Шығыс газ құбырының екінші тармағы және Қытай – Орталық Азия (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан) газ құбырының өзбек және қазақ жеріндегі жұмыстары 2008 жылдың 30 маусымы мен 9 шілдесінде басталды.

XXI ғасырдың басынан бастап Орталық Азия елдері әлемдік сұранысты қанағаттандыру мен өздерінің саяси-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында мұнай мен газ кендерін белсенді түрде игере бастады. Нәтижесінде бұл елдердегі көмірсүтегі қорларын өндіру көрсеткіші екі есе артты. Бірақ, бұл елдердегі экономикалық жағдай мен қажетті инфрақұрылымның әлсіздігі мұнай секторын дамытуға толығымен мүмкіндік бермегендіктен, олар өз территориясындағы кен орындарын шетелдік инвесторларға барлау мен өндіру құқығын беріп отыр. Аталынған елдердегі мұнай өндірудің бірнеше есеге артқанының себебі ретінде үш факторды көрсетуге болады. Біріншіден, Орталық

Азия дәстүрлі мұнай Таяу және Орта Шығыс аймақтарынан тыс жердегі мұнай мен газ өнімдерін барынша көп өндіретін және сол арқылы энергия көздерін тасымалдауды әртараптандыруға мүмкіндік беретін аймақ ретінде танылды. Екіншіден, Орталық Азия Еуропа мен Азия аймағын жалғастырушы ретінде геостратегиялық жағынан тиімді болып отыр. Үшіншіден, Орталық Азия аймағы қазіргі таңда әлі де толығымен зерттелмегендіктен, болашақта көптеген мүмкіншіліктерге алып келеді.

Осыған байланысты Қытай елі аймаққа қатысты кез-келген стратегиялық қауіптің қалыптасуы, аймақтың өзіне қарсы басқа бір ел немесе мемлекеттер тобының бақылауына түсіп қалмауына, аймақта милитаризациясына, онда әскери бәсекелестіктің орын алуына және де Қытайға қарсы бағытталған топтардың бірігуіне жол бермейді. Қытай Халық Республикасы үшін мыналар аса маңызды:

- Орталық Азия энергетикалық ресурстарының Қытай үшін қолжетімділігі. Энерготасымалдаушылар – Орталық Азия аймағындағы ықпал үшін бәсекеліс болып отырған Қытай және басқа да мемлекеттердің негізгі мүддесі. Өзінің энергетикалық мүдделері мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қытай бірінші кезекте аймақ ресурстарына қол жеткізуі тиіс. Әрине, Пекин бұл ресурстарға бақылау орнатуға талпынып отырған жоқ, бірақ ол басқа сыртқы державаның энергоресурстарды өндіру мен тасымалдауды монополизациялауға деген кез-келген талпынысына барынша қарсылық көрсетуі керек.

- Орталық Азия елдерімен достық байланыстарды дамыту. Бұл мақсатқа жету үшін Қытай аталынған аймақ елдерімен арадағы шекара дауын достық үлгіде шешу қажет еді және оған ҚХР қол жеткізді. Сонымен қатар Қытай орталықазия елдерімен өзара байланыс барысында достыққа талпыныс пен әділеттілікке деген ыңғай танытуы қажет. Қытай аймақ елдеріне сәйкес келетін мүдделерге ден қоюы шарт.

- Аймақтық тұрақтылықты қолдау. Қытайлық тарап үшін тұрақтылық дегеніміз аймақпен қалыпты және қажетті саяси және экономикалық байланыстарды орнатуға қажетті жағдай. Кез-келген тұрақсыздық Қытайдың аймақтағы қызығушылықтарына аласапыран мен қиыншылықтар туғызуы мүмкін жағдай ретінде қарастырылады.

- Орталық Азия аймағының ірі державалардың ұрыс алаңына айналуына жол бермеу. Қытай үшін ОА аймағының ірі державалар конфронтациясы аумағына айналғаны тиімсіз, өйткені бұл жағдай

Қытайға өте жақын аймақтың стратегиялық шиеленістік көзіне айналады.

Орталық Азия мен Қазақстанға арналған басқа бір еңбегінде Чжао Хуашэн Қытайдың мүдделерін басқадай үлгіде көрсетеді. Қытайдың қазіргі таңдағы аймақтағы «негізгі қызығушылықтары» ретінде:

- Орталық Азия елдерінен Қытайға энерготасымалдаушыларды экспорттау. Бұл саладағы қатынастар біріншіден, Орталық Азияны қытайға келетін мұнайдың маңызды тіректерінің біріне айналдырады, бұл өз кезегінде оның екінші деңгейлік дәрегейіне өзгеріс енгізіп, стратегиялық маңызды акторға айналуына ықпал етеді. Ал екіншіден, «...Орталық Азиядан келетін энергоресурстар импорты энерготасымалдаушылардың түсім көзін әртараптандырады және де импорттың құрылымын жақсартады, бұл Қытайдың энергетикалық стратегиясының негізгі мақсаттарының бірі».

- Экономикалық ынтымақтастық. Егер де жалпы Қытайдың сыртқы саудасында Орталық Азияның орны соншалықты айқын болмағынымен, ҚХР Шыңжаң өлкесі мысалында алғашқы орында және баламасы жоқ серіктес.

- Транзиттік көлік дәліздері. Орталық Азия Шығыс пен Батыстың арасындағы көлік көпірі қызметін атқарады.

- Орталық Азияның ауқымды көлемдегі қазбалы байлықтары «қытайлық экономиканың жылдам дамуы үшін аса маңызды».

- Геосаяси қауіпсіздік тұрғысынан «Қытайдың Орталық Азияға стратегиялық мүддесі – оның стратегиялық қажеттілігі мен аймақтың орналасу жағдайына қарай қытайдың маңызды стратегиялық тылы қызметін атқаруы тиіс» [2, 140].

- Шанхай ынтымақтастық ұйымы жұмысын дамыту. ШЫҰ арқылы Қытай өзінің Орталық Азия аймағындағы мүдделеріне қол жеткізеді».

Осы факторларды жете түсіне білген Қытай басшылығы Орталық Азия елдерімен арадағы ынтымақтастықтың экономикалық саласындағы мұнай және газ кендерін барлау, игеру және тасымалдау мәселесіне ерекше ден қойып отыр. Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясы (CNPC) 2007 жылдың шілдесінде Түрікменстан елімен болашағы жарқын Қытай – Орталық Азия газ құбыры арқылы жылына 30 миллиард кубометр газ тасымалдау туралы келісімге келді. Бұл газ құбыры Түрікменстан мен Өзбекстан шекаралық аймағындағы Гейдаму жерінен бастау алып, Өзбекстан және Қазақстан территориясы арқылы Қытайдың солтүстік-батыс провинциясы Хиньян жеріндегі Батыс-Шығыс қытай газ құбырының екінші тармағына

барып қосылады. Жоба негізгі үш құрылымнан тұрады. Біріншісі – Қытайдың территориясынан тыс аймақтағы газ құбыры. Жалпы ұзындығы 1818 шақырым болатын құбырдың 525 шақырымы Өзбекстан арқылы, ал 1293 шақырымы Қазақстан арқылы өтеді және бұл жобаға 7,31 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржы салынады. Екіншісі – Түрікменстанның территориясындағы Амудария жағасындағы кен орынын игеруге қатысты өнімді бөлісу туралы келісім. Үшіншісі – Қытайдағы Батыс-Шығыс газ құбырының екінші тармағын салу. Аталынған жобаның жасалуы 1992 жылы CNPC пен Еххон және Mitsubishi компанияларының Түрікменстан – Қытай – Жапония арасындағы Энергетикалық Жібек жол деген атпен белгілі газ құбырын тарту туралы жоспардан бастау алады. Бірақ, бұл ұсыныстың жүзеге асуы маршруттың ұзақтығына байланысты экономикалық тиімсіз болғандықтан тоқтатылған болатын.

Бұл газ құбырын салу мұнай мен газ тұтынушылар мен шығарушылардың ортақ мүддесін көздейді. Қытай өзінің ортазиялық көршілерін қарқынды дамып келе жатқан экономикасын тұрақты энергия көздерімен қамтамасыз етіп отыратын стратегиялық серіктес ретінде қарастырса, ОА елдері әлемдегі екінші орындағы экономикалық даму көрсетіп отырған нарықты Ресей мен Еуропа сұранысына балама ретінде қарастырады.

Орталық Азия елдері ішінде Қытайдың Қазақстан мемлекетімен энергетика саласындағы ынтымақтастығы бірінші орында тұр. Бұған бірнеше объективті себептер бар, біріншіден Қытай мен Қазақстан елдері арасындағы шекаралық түйісу аймағы басқаларға қарағанда айтарлықтай ауқымды, екіншіден Қазақстан басқа Орталық Азия елдерімен салыстырғанда табиғи энергоресурстар (көмірсутегі) жағынан біршама бай, үшіншіден, Қазақстан Республикасындағы экономикалық қатынастар мен кәсіп жүргізудің барынша либералды болуы мен инвестициялық климаттың қолайлы болуы шетелдік, оның ішінде қытайлық инвесторлардың тартылуына жеңілдік береді, төртіншіден, Қазіргі таңда Қазақстан елі өзінің саяси тұрақтылығы жағынан шетелдік инвесторларға кепілдік бере алады.

Қытай-Қазақстан қатынастарының бұл кезең экономикасында бірнеше үдерістердің орын алғандығын байқаймыз. Біріншіден, түрлі декларациялар мен меморандумдардан таза іске, яғни ірі экономикалық жобаларды жүзеге асыруға аяқ басқан кезең. Екіншіден, Қытай елі Қазақстанның мұнай-газ саласына назар аударып, ол саладағы өзінің ықпалын арттыруға тарысты. Үшіншіден, Қытай басылымдарындағы Қазақстанның инвестициялық

климатының нашарлығы туралы ақпаратқа қарамастан қытайлық кәсіпкерлердің Қазақстан нарығына кіре бастауы.

Осы кезеңдергі Қазақстан нарығына келген ең бірінші қытайлық компания – Қытай ұлттық мұнай компаниясы (ҚҰМК – CNPC), болды, оның өкілдігі 1995 жылдың ортасында Қазақстанда «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» АҚ деген атаумен тіркелді. 1990 жылдың орташениндегі басылымдар мен сол жылдардағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ресми құжаттарына талдау жасайтын болсақ, аталынған кезеңнен бастап Қазақстан жерінде «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» АҚ деген атпен жұмыс істей бастаған компания туралы мәлімет бар. Дәл осы кезде тендерге «Өзенмұнайгаз» АҚ 60% мемлекетік акциясы да салынды. Бұл тендерге АМОСО (АҚШ), Unocal консорциумына (АҚШ) кіретін Petronas Charigali (Малайзия) және қытайлық CNPC қатысты.

1997 жылдың 4 маусымында «Ақтөбемұнайгаз» АҚ бойынша бірінші тендерде жеңімпаз ретінде CNPC танылды. Келісім бойынша: кен орнына 20 жыл ішінде 4 млрд долл қаржы салу көзделді. Оның ішінде 1998–2003 жж. – 585 млн долл.; қоршаған ортаны қорғауға салынатын жыл сайынғы инвестиция – 500 тыс. долл.; ҚР үкіметінің бонусы – 320 млн долл.; қол қойылған бонус – 5 млн долл. деп қарастырылды. Сонымен қатар CNPC «Ақтөбемұнайгаз» АҚ 71 млн доллар көлеміндегі қарыздық міндеткерліктерін де өтеуі керек еді. Осылайша, келісім шарттың жалпы сомасы – 4,3 млн долларды құрады [3, 155].

Осылайша, 1997 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы келісім өзінің ауқымдылығымен тарихта қалады. Жалпы қытайлық инвестицияның көлемі 11 млрд долларды құрайды, ол «Ақтөбемұнайгаз» АҚ мен «Өзенмұнайгаз» АҚ қалпына келтіруге және де Батыс Қытай–Иран мұнай құбырын салуға бағытталды. Салынуы тиіс инвестиция көлемінің ауқымдылығы соншалықты оны тек АҚШ инвестицияларымен ғана салыстыруға болатын еді. Тендерді не себепті қытайлық компанияның ұтып алғандығы ешбір құжатта көрсетілмеген, бұл туралы тек болжам жасауға болады, біріншіден экономикалық себеп – қытайлықтардың екі тендер бойынша шығыны шамамен – 500 млн доллар болатын еді, немесе саяси себеп – мұнай құбырын салу туралы келісіммен бекітілген стратегиялық серіктестік мәселесі.

Аталынған осы екі келісім шарт нәтижелері арқылы қытайлық CNPC қазақстандық мұнай саласының аса ірі субъектісіне айналды, сондықтан да тек аталынған жобалардың орындалуы ғана

емес, сонымен бірге көптеген жаңа жобаларды да күтуге болатын еді. Бірақ осы кезеңдегі өзара әкімшілік деңгейдегі қиындықтар аталынған жоспарлардың кейінге қалуына ықпал етті. Осы аралықта орын алған көптеген кедергілерге қарамастан қытайлық компания біртіндеп өзінің міндеткерліктерін атқара бастады. Бұл үрдістің өз қарқыныны алуға екі ел басшыларының ұстанымдары да ықпал етті. 2001 жылдың желтоқсанында қазақстан-қытайдың «Мұнайтас» БК құрылды, оның негізгі мақсаты Батыс Қазақстан – Батыс Қытай мұнай құбырының маңызды бөлігі болып саналатын Атырау – Кенкияк желісінің құрылысын бастау болатын. Ал 2002 жылы CNPC өзінің инвестициялық міндеткерлігінің бес жылдық жоспарын орындады.

Қазақстан-қытай энергетикалық ынтымақтастығы үшін 2003 жыл өзгерістерге толы және жетістікті жыл болды. АҚШ-тың Ирак жеріндегі әскери компаниясы ҚХР энергетикалық қауіпсіздігі үшін үлкен қатер болды. Сондықтан да, Қытай өзінің әлемдік деңгейдегі энергетикалық дипломатиясын белсенді түрде жүргізе бастады және де бұл үрдістен Қазақстан да сыртқары қалған жоқ. 2003 жылдың мамырында CNPC «Ақтөбемұнайгаздың» мемлекетке қарасты акциясын (20,12%) сатып алып, қазіргі таңда бұл кәсіпорынның акциясының 80% ие болып отыр. Сол жылы CNPC «Нельсон ресорсиз лимитед» компаниясымен біріге отырып, маңғыстау облысындағы «Северные Бузачи» кен орнының акция пакетіне ие болды. Осы жылдың маусымында Қазақстан республикасының Президенті Н. Назарбаев пен ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао энергетика саласындағы: мұнай құбыры жобасы, мұнай кендерін игеру, Қазақстан-қытай мұнай құбырын салу секілді мәселелерді қарастыратын, салалық ынтымақтастықты арттыратын құжаттарға қол қойды.

Бұл үрдістердің басым көпшілігінің пайда болуына Қытай экономикасының энергоресурстарға деген сұранысының артып, ел ішінде энерготасымалдаушыларға тапшылықтың қалыптасуымен түсіндіріледі. Бұған сыртқы шикізат нарықтарын игеруге қатысты саясаттың өзгеруі, Ирактағы соғыстың Таяу Шығыс аймағынан Қытайға келетін энергоресурстардың тасымалын қиындатуы, М. Ходарковскийдің қамалуы мен Қытайдың мұнай тасымалы туралы келісімдер жасаған ЮКОС компаниясының ыдырай бастауы, өзінің Орталық Азия аймағындағы ықпалын күшейтуге жағдай жасайтын «Ангарс – Дацин» мұнай құбырының салынуына қатысты түсініксіздіктер, Орталық Азияның энергоресурстық мүмкіндігін пайдалануға бағытталған Қытайдың «Батыс аймақты игеру» бағдарламасының қабылдануы секілді шаралар ықпал етті.

Осы мәселелердің барлығы жинақтала келіп, Қытайдың Каспий аймағының Қазақстандық, артынан Түркменстан мен Өзбекстандық бөлігіндегі белсенділігінің артуына ықпал етті.

2004 жылдың сәуірі тек Атасу – Алашанькоу – Душанцзы мұнай құбыры құрылысының басталуымен ғана емес, сонымен қатар қазақстандық мұнай нарығына қытайлық ірі мұнай компаниясы «Синопектің» келуімен де айқындалды. Бұл компания американдық ФИОК тобының бас компаниясын сатып алу арқылы Каспий аймағындағы бірнеше кен орындарына ие болды. Ал 2005 жылы қазақстан-қытай энергетикалық ынтымақтастығында жаңа жетістіктер орын алды: Атасу – Алашанькоу мұнай құбыры іске қосылды және де мұнаймен газ кен орындарын сатып алу, игерумен және түскен мұнаймен газды өңдеу жұмыстарымен айналысатын канадалық PetroKazakhstan Inc. Компаниясын қытайлық CNPC International Ltd. Корпорациясы сатып алды. Канадалық компания Оңтүстік Торғай бассейнінде жалпы кор көлемі 100 млн тонна болатын кен орынын игерумен айналысатын және де Шымкент МӨЗ иелік ететін еді. Бұл келісім шартқа сонымен қатар қазақстандық «ҚазМұнайГаз» компаниясы да араласып, Қазақстанның жерасты байлығын пайдаланушыларға стратегиялық бақылауын сақтау үшін канадалық компания акциясының бір бөлігін өзіне алды. Сонымен қатар қытайлық компаниямен ШМӨЗ бірігіп басқару және оның өнімін өзара тең бөлу жөнінде меморандумға қол қойысты. Осылайша, қазақстандық «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы канадалық PetroKazakhstan Inc. Компаниясы акциясының 33% иелік ететін болды.

Ал 2006 жылдың 12 шілдесінде Атасу – Алашанькоу мұнайқұбырының коммерциялық пайдалануы жүзеге асырылды. Синьхуа ақпараттық агенттігінің ақпаратынша алғашқы мұнай көлемі Қытайдың солтүстік-батысындағы Шыңжаң Ұйғыр автономды аймағына жеткізілді. Сонымен бірге 29 шылдеде Атасу – Алашанькоу трансұлттық мұнай құбырының пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылды.

Жоғарыда айтылған фактілер қытайлық үлестің Қазақстан энергетикалық секторындағы басымдыққа ие болып келе жатқандығын танытады. Қытайдың Қазақстан жеріндегі мұнай-газ, электроэнергия және атомдық активтерін жоспарлы түрде артыруы аймақтың саяси конъюктурасына айтарлықтай ықпал етеді. Қытайдың айтарлықтай көлемдегі экономикалық мүмкіндіктері Пекиннің ресми Астана бағытына саяси қысым жасауға жетеді деген қауіп те бар. Бірақ, Қазақстанның энергетикалық нарығындағы

АҚШ пен РФ үлестерінің де бар екендігін ескеретін болсақ, қазақстан-қытай энергетикалық ынтымақтастығының өзі аймақтық саяси конъюктураға тәуелді екендігін байқаймыз [4, 135]. ҚХР Қазақстандағы энергетикалық саясатының қолайсыз аспектілері ретінде болуы мүмкін демографиялық қысым мен экологиялық қатерді атауға болады. Бірінші мәселе бойынша қарастыратын болсақ, қазақстандық әкімшіліктердегі жемқорлықтың жоғарғы деңгейде болуы ҚХР тарапынан қытайлық жұмысшыларды көптеп тартуға мүмкіндік беруі мүмкін. Ал екінші аспекті бойынша қарастыратын болсақ қытайлық компаниялар бұған дейінгі кезеңде де Қазақстанның экологиялық нормаларын бұзғандығы тіркелген болатын. Қытайлық мұнай компанияларының экологиялық нормаларды сақтамауы ҚХР өз ішінде және Ресейдің Қиыр Шығысында экологиялық апаттарға алып келген еді.

Қорыта келгенде Қытайдың Қазақстан энергетикалық нарығындағы белсенді әрекет етуі тек қаржылық, яғни пайда, кіріс табу ғана емес, сонымен қатар өзінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. і тек экономикалық қана емес, сонымен бірге саяси астарға де ие. ҚХР Қазақстанның энергетикалық саласын дамыту арқылы өз аймағындағы, ешкімге тәуелді емес (АҚШ пен РФ Орталық Азия аймағындағы ықпалдарын арттыруына жол бермеу) энергетикалық нарық арқылы өз тұтыну сұранысын қанағаттандырып отыр. Ал өз тарихында көпбағыттық саясат ұстанып, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен ЕҚЫҰ және ИЫҰ секілді халықаралық беделді ұйымдарда тең дәрежеде қарым-қатынас жасасқан Қазақстан да шығыстағы ұлы көршісі – Қытаймен стратегиялық серіктестікке барып, тату көрші ретінде байланыстар орнатуды мақсат етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кокошин А.А. Международная энергетическая безопасность. – М.: Европа, 2006. – 80 с.
2. Сыроежкин К.Л. Проблемы современного Китая и безопасность в Центральная Азия. – А., КИСИ, 2006.
3. Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от пограничной торговли к стратегическому сотрудничеству. 3 томах. – Т. 1. – А., КИСИ, 2010.
4. Ч. Хуашэн. Китай, Россия, США: интересы, позиции, взаимоотношения в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – №5,6. С. 131-141.

Білім берудегі толеранттылық: келешегі мен келісімі

Нұржан ӘЛЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті,
физика-математика ғылымдарының кандидаты

Б

ілім беру – кең мағынасында ұғынған адамның сана-сында серпін болып қалатындай өз қолтаңбасы бар дүние деп айтса болады. Осынау сан ғасырлық жыл-намада каншама ғұламалар өмірдің көркемдігін де, мәнін де, сәнін де білім деп ұққан. Барлық нәрселер болашаққа деген үкілі үмітпен, мақсат мүддемен, жігермен, ын-тамен, талғаммен, талаппен жасалатыны мәлім. Ал ғалымдар дәлелдегендей білімге салынған инвестиция ең қайтарымды инвес-тиция болып табылады. Сондықтан ол «инемен құдық қазғандай» мағынасы мен мазмұнына терең үңілуді талап етеді.

Біз көкейге түйіп отырған мәселенің мәнісі толеранттылық ұғымының сипатына саябырлайды. Өйткені, әл-Фараби бабамыздың сөздеріне жүгінсек, оның білім мен ғылым жолындағы даналығы, қиссалары, фалсафасы оның «тәртіпсіз келген білім – ең қауіпті қару» екенін естен шығармағанымыз абзал. Білім берудегі толеранттылық бүгінде отандық білім берудегі басты назарға қойылатын мәселе болуы шарт. Өйткені, бұл тек «болар баланы бесіктен» тербетіп, бұғанасы қатпаған ертеңгі ел тұтқасының тәрбиесіне де үлкен игі бола біледі.

Негізінен толеранттылықтың жалпы ұғымы ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық – қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші. Толеранттылық – мәдениет пен қоғамның айнасы іспеттес, өркениет

ортасының даму жолындағы тұрақтылықтың кепілі, қауіпсіздіктің сақшысындай сипаттағы терең астарлы дүние. Толеранттылық сипатындағы жаңаша бастаманы Елбасы өзінің 2010 жылғы еліміздің ЕҚЫҰ төраға болған кезде бағыт-бағдары ретінде ұстанып, Үкіметке оқушылардың функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауды тапсырды. Елбасы Үкіметке 5 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауды тапсырды.

«Білім беру саласы адамдарға тек білім ғана емес, әлеуметтік бейімделу үрдісі кезінде оны тиімді қолдана білу дағдысын беруі тиіс. Үкіметке 5 жылға арналған мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын жоғарылату бойынша ұлттық жоспарды жасақтауды тапсырамын», – деп атап өтті Қазақстан халқына арналған Жолдауында ҚР Президенті. Сонымен қатар Н. Назарбаев елдегі білім беру үдерісіне тәрбиелік мәнді енгізу қажеттігіне тоқталды. «Патриотизм, адамгершілік нормалары, өнегелік, ұлтаралық келісім, толеранттылық, дене және рухани саулық, заңға мойынсұнушылық – осы құндылықтарға барлық білім беру мекемелері баулуы тиіс», – деп тапсырма берген болатын.

Бүгінде Қазақстанның стратегиялық жолы «экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табуға» бағытталған. Өміріміздің сапасын арттырып, экономика жетістіктеріне қол жеткізу үшін шын мәнінде адами капитал болып табылатын білім берудің маңыздылығы негізгі рөлге ие. Алайда, адами капитал ұғымы жетілдірудің көпқырлы әрекеттеріне парасатты, жауапты, бастамашыл қарым-қатынасты және жұмыс нәтижесінің әділ бағаланғанын қажет етеді. Осылайша адами капиталдың сапалы өсімі үшін уақыт пен күш салу керек. Осыған орай адами капиталды дамытудың бір бағыты болып табылатын қазақстандық білім беруді жаңғырту үрдісі жалғасуда. Жолдауда оны жүйелі жүзеге асыру бойынша шаралар көрсетілген. Бүгінгі жағдайларда білім беруді жаңғырту оның үздіксіздік қағидасын ескеруі керек.

Осы заманғы жағдайлар дегеніміз – қарқынды білім қоғамындағы біздің өмір сүру әрекетіміз, ол әбден ойластырылған және қалыптастырылған экономикадан да басым дегенді білдіреді. Мұндай қоғамда қарқынды еңбек және қарқынды капитал экономикасын, жаңа білім өнімін ұсынатын, тарататын, беретін ерекше үрдіс қарқынды білім экономикасы алмастырады. Қарқынды білім экономикасы «өмір бойы білім алу» қағидасын тудырды. Қазіргі замандағы еңбек нарығы үнемі білім алу қажеттігін дәлелдеп

отыр. Бұдан бірнеше ондаған жыл бұрын мамандықтың өмір бойына және бір-ақ рет таңдалатындығы, ал еңбек кітапшасындағы жалғыз жазба болуы мақтаныш болатын. Қазір жағдай өзгерді. Біздің заманымыздың адамы жұмыс орнымен қатар қызмет саласын да бірнеше мәрте өзгертуге дайын болуы тиіс. Баға бәсекелестігі жағдайында еңбектің жоғары өнімділігі жаңа тиімді технологиялармен ғана қамтамасыз етіліп қоймай, бүгінде жаңа сипатқа ие болған талаптарға жұмысшы біліктілігінің сай келуімен де өлшенеді. Осы талаптар үрдісінен шығып, өзінің кәсіби біліктілігімен ерекшелене білген жұмысшылар ғана бағалы.

Қазақстан қоғамында да саяси үдерістердің дамуы, сөз бостандығы, адам құқығы мәселелері өткір қойылып, билік пен оппозицияның, діндер мен этностардың, салт-дәстүр мен мәдениеттердің бәсекелестігі мен бейбіт өмір сүруі үнемі назарда болып келеді.

Толеранттылық-рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVIII ғасырдағы француз жазушысы және философы Вольтер: «...сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», – деген. Ол – толеранттылықтың басты қағидаты. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі.

Толеранттылыққа қарсы «интолеранттылық» деген ұғым да бар. Оны төзімсіздік, ымырасыздық, шыдамсыздық, тағатсыздық, кейістілік, меңмендік, бірбеткейлік, парықсыздық деп адам, әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады.

Толерантты парасаттың үлгісі қазақ билерінде көп кездеседі. Мысалы, Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтайшыға айтқан «біз қазақ деген мал баққан елміз» деп басталып, «досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз», «...берсең жөн деп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!» – деп аяқталатын сөздері өзара сыйластыққа шақырады.

Қазақ билері «Төремін деп тепсінбе, төре мен құл майданда, кәрі мен жас ақылда, бай мен кедей мырзалықта, барлық адам көр мен қаза жауабында теңеледі», – деп, адамдардың намыс, ақыл-парасатпен теңесетінін айтқан.

Қарама-қарсы беталыс, бағыт, пікір, идеялар қай мемлекет пен қоғамда да бар. Халықтың даналығы, ел басқарудың өнері осы

үрдістерді белгілі мәмілеге келтіріп, асауға тұсау салып, үйлесім, жарасым таптыруда. Толеранттылық келісім тарихтың мәңгілік сыйы емес, себебі күнделікті дамудан туып отыратын қайшылықтар бір жола шешілмейді: күніге, ай сайын, жылдар бойы, үздіксіз, ешкімге бұра тартпай, шынайы жанашырлықпен, халықпен ақылдаса отырып, олардың шешімін табуды талап етеді. Сондықтан «толеранттылы қоғам», «тұрақты қоғам» деген ұғымдар шартты түрде ғана қолданылып, жайбарақаттылыққа жол берілмеуге тиіс.

Негізінен толеранттылықты жүргізуде елімізде бірнеше білім бағдарламалары әсер етеді. Оған дәлел отандық «Болашақ» бағдарламасының стипендия иегерлері өзге елдің тәжірибесімен алмасып оны өз елімізге алып келуге ниетті екені анық. Осы ұсыныстарды саралай келе мен австриялық білім берудегі толеранттылық моделін ұсынғанды жөн көрдім. Австрия негізінен шағын мемлекет болағанымен, оның әрбір мемлекеттік құрылымы өзекті, өткір, әрі байыпты жұмыс жасап келеді. Оның ішінде білім беретін ұйымдардағы қызметтің, тәрбиенің орны ерекше. Мұнда біріншіден, 30-40 жас аралығында ең әуелі халықта ұстамдылық байқалған, екіншіден, төзімділік пен білім берудегі байланыс арта түскен, яғни, төзімділік қаншалықты мол болса, білім де соншалықты көп болады, үшіншіден, дискриминациялық қысымның артуына байланысты өзгерістер орын алған. Сарапшылар білім жүйесін салыстыруға келетін 48 елді назарға алыпты. Олар алдымен білім саласына салынған инвестиция көлемін, мамандар дайындау мәселесін, оқу орындары арасындағы әріптестік тағы да басқа 20 шақты критерийді негізге алған. Сол бойынша анықталған білім беру жүйесіде ең озық тұрған 26 елді атап берсек. Олар: АҚШ, Швеция, Канада, Финляндия және Дания. Одан кейінгі кезекте Швейцария, Норвегия, Австралия, Нидерланды, Британия тұр. Артынша – Сингапур, Австрия, Бельгия, Жаңа Зеландия, Франция, Ирландия, Германия, Гонконг, Оңтүстік Африка Республикасы, Израиль, Жапония, Тайвань, Корея, Португалия, Испания және Украина. Айта кетелік, посткеңестік елдерден білім жүйесі жақсы дамыған елдердің қатарына Украина ғана енді.

Австриялық тәжірибе осындай көкейкесті мәселелердің біразын сараптамаға салды. Яғни, білім берудегі төзімділік шарты қай ортаның болмасын ұранына айналуы тиіс.

Мемлекеттің саяси ұстанымындағы лингвистикалық фактор

Айдос САДУАҚАСОВ,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
Халықаралық қатынастар кафедрасының
доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

Саясат пен жеке тұлғаның ұстанымын байланыстыратын ғылыми термин «дискурс» деп аталады. Француз әлеуметтанушысы Пьер Бурдьё: «Дискурс дегеніміз – тиісінше кеңістікте мүмкін болатын ұстанымдар және осы ұстанымдар бойынша айтылған пікірлер. Жекелей алғанда, саясаттың дискурсі саясаттың кеңістігін құрады, ондағы болуы мүмкін ұстанымдарды анықтайды және жоспарланған ұстанымдарға сәйкес агенттер арасында диспозицияларды бөледі. Алайда саясаттың дискурсі – зерделенуі мүмкін емес өте ауқымды дискурстік формация» [1] – деген болатын.

Дискурс жөніндегі теориямен тығыз байланысты ұғымдарға саяси ұстаным мен әлеуметтік ұстаным жатады. Мәселен М. Фуконың тұжырымдамасында дискурс ұстанымның сыртқы ұйымдастырушысы болып табылса, ал Ю. Хабермастың тұжырымдамасына сәйкес дискурс агенттің саяси және әлеуметтік ұстанымдарының ерекшеліктерінде көрініс береді. Негізінде, дискурс ұғымын ғылыми айналымға лингвист Ролан Барт енгізді. Оның: «Болашақта біз сөйлеушілік шығармаларды дискурс, пікір айтушылық деп атаймыз және бұлар ауызша немесе визуальды екендігіне карамастан барлығы да бір мағынада болады» [2, 74] – деген сөзінен кейін дискурс концептісі саяси сипатқа ие болды. Зерттеуші Аннели Ахоненнің айтуынша, дискурсты – пікір айтудың тобы ретінде түсінуге болады. Оның ойынша, әрбір дискурс айтылған пікіріне байланысты түрлі ұстанымды тудырады және дискурстар жабық жүйелер болып табылмайды, дегенмен олар өзге дискурстардың элементтерін жинап, пайдаланады [3, 15].

Адамның ұстанымы көп жағдайда оның ұлтына, біліміне, кәсібіне, лауазымына, туып-өскен аймағына, қоршаған ортасына, жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, қай тілде білім алғанына және қай тілде сөйлеуіне, ана тілін білуіне, діни наным-сеніміне, қандай да бір саяси топқа немесе партияға жататындығына, т.б. тұлғалық-қоғамдық факторларға байланысты ерекшеленеді. Зерттеушілердің қандай да бір мәселе төңірегінде әлеуметтік зерттеу жүргізген тұста адамдардың жеке ұстанымын айқындау үшін респонденттерді жоғарыда аталған критерийлер бойынша сұрыптауының мәні де осында. Ұстаным саяси-әлеуметтік ерекшеліктеріне қарай саяси, діни, әлеуметтік, географиялық, ұлттық, нәсілдік, тілдік, өркениеттік, т.б. белгілерге қарай бірнеше түрге бөліне береді. Осы тұрғыдан алғанда, ұстаным дегеніміз – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың, саяси одақтың, өркениеттің, жалпы әлемдік қауымдастықтың белгілі бір мәселеге қатысты жеке тұлғалық, қоғамдық, мемлекеттік, аймақтық, одақтық, өркениеттік, әлемдік мүддеден туындайтын нақты бір мәселеге қалыптасатын қағидат не іс-әрекеттер жиынтығы, жалпылай алғанда саясаты. Осы орайда ұстаным ұғымының психологиялық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси феномен екендігін аңғарамыз. Жеке адам ұстанымында – жеке бас мүддесі де, қоғам мүддесі де, ұлттық мүдде де топтасуы мүмкін. Ал қоғамдық ұстанымда – этникалық және әлеуметтік мүдде басым болса, мемлекеттік ұстанымда – ұлттық мүдде басым тұрады. Ал аймақтық, одақтық, өркениеттік, әлемдік ұстанымдарда ұжымдық саяси мүдде алғашқы орынға шығады.

Ұстаным әлеуметтік-психологиялық және саяси феномен ретінде жеке адамға да, қоғамға да, мемлекетке де тән құбылыс. Қоғамның және мемлекеттің ұстанымы әлеуметтік-саяси сипат алады. Мемлекеттің белгілі бір мәселеге қатысты ұстанымы әрқашан ондағы қоғамның мүддесінен шыға береді деу – қате түсінік. Өйткені, қоғам түрлі әлеуметтік топтардан, түрлі этностан және соған сай түрлі ұстанымдардан құралады. Ал, мемлекет таңдаған саяси жүйеге және ұлттық мүддеге сәйкес келетін ұстанымда болады. Айталық, мемлекеттің саяси ұстанымының жеке тұлғаның саяси ұстанымына қарағанда ерекшеліктері көп. Біріншіден, мемлекеттің саяси ұстанымы тек ішкі саясат талаптарынан ғана құралмайды. Ол сыртқы саяси факторларды да есепке алады. Екіншіден, мемлекеттің саяси ұстанымы ресми түрде Конституция талаптарына негізделуі шарт. Үшіншіден, мемлекеттің саяси ұстанымының жеке тұлғаға да, қоғамға да, мемлекеттің

өміріне де әсер ететін күші бар. Міне, осы себептерге сәйкес мемлекеттің саяси ұстанымы жеке тұлғаның саяси ұстанымынан ерекшеленеді. Мемлекеттің саяси ұстанымының нәтижесі елде жүргізілетін саяси, экономикалық, әлеуметтік, тіпті барлық реформалардан көрініс береді. Мәселен, көршілес екі мемлекет арасында қарулы қақтығыс болды делік. Ол қақтығыс этникалық немесе конфессиялық сипаттағы түсініспеушіліктен туындаған болса, онда үшінші бір мемлекеттің азаматтары ереуілге шығып, өздерінің осы қақтығысқа қатысты ұстанымдарын ашық жариялап, бір мемлекетті айыптап, екіншісін жақтап, әлемдік қауымдастық назарын өзіне аударғанымен, бұл фактіні сол мемлекеттің ресми ұстанымы деп санауға болмайды. Себебі, мемлекеттің саяси ұстанымы ресми сипатқа ие, яғни мемлекет мұндай оқиғаларға қатардағы қоғам мүшесі арқылы емес, тікелей мемлекет басшысы немесе сырты саясат ведомствосы негізінде мәлімдеме жасайды.

Әлем өркениеттерге бөлінеді. Америка саясаттанушысы Сэмюэль Хантингтонның тұжырымдамасына сәйкес, әлемдік өркениеттерді конфуциандық, жапондық, исламдық, үнділік, православиелік-славяндық, латын америкалық және африкалық деп жіктейді. Міне, осы өркениеттерді құрайтын елдердің де ортақ саяси ұстанымдары болады. Ал әлемдік қауымдастық, яғни жалпы адамзаттың саяси ұстанымы Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы көрініс береді. Әлемдік қауымдастықтың саяси ұстанымы жалпыадамзаттық қауіпсіздік, есірткімен, терроризммен, экстремизммен, СПИД-пен, адам саудасымен, пандемиямен күресте, ғаламдық экологиялық және экономикалық дағдарыстың алдын алу немесе онымен күресуде, т.б. жағдайларда көрініс береді. Дегенмен, қазіргі таңда саяси сарапшылар БҰҰ-ның ұстанымы жалпыадамзаттық ұстанымнан гөрі америкалық ұстанымды қолдайды дегенді жиі айтып, әлемнің ақпарат құралдарында бұл мәселе, әсіресе, ұлтаралық қақтығыстар орын алған тұста жиі сөз болып келеді.

Саяси ғылымдар жүйесіндегі дискурс пен саяси ұстаным туралы тұжырымдамалар мен теориялық еңбектердің негізін Р. Барт, М. Фуко, Ю. Хабермас, П. Бурдьё, Э. Бенвенист, К. Бюлер, Г. Маркузе, Дж. Остин, Э. Гоулднер, М. Хайдеггер, Ф. Соссюр, т.б. шетелдік зерттеушілер салды. Десек те, саясаттану ғылымында саяси ұстаным теориясының негізін қалаған америкалық теоретиктер Г. Алмонд пен С. Верба ұстанымды когнитивті, бағалаушылық, эмоциональдық деп аталатын үш деңгейден тұратын бір нәрсеге тұрақты қатынас деп түсіндіреді [4].

Ұлттың қалыптасуы мен дамуында негізгі рөлді тіл атқарса, сол ұлт мүшелерінің тілді білу деңгейі ұлттың одан әрі сақталуының критерийі болып табылады. Әлем тарихында орын алған отарлау саясатының салдарынан көптеген ұлттар өзге ұлттардың отарына айналып, нәтижесінде ұлттық тілдерін жоғалта бастады. Тарихқа шолу жасар болсақ, отарлық жағдайды бастан кешкен елдердің кейбір өкілдері ана тілін білмей, керісінше отарлаушы ұлттың тілін біліп өсті. Ал осы адамдар өз кезегінде ана тілін білмеу қасиетін өзінің ұрпағына қалдырып кетеді, яғни ол да ұрпағын бөтен тілмен тәрбиелейді. Осылайша бір ұлттың ішінде өз тілін білмейін адамдар саны арта бермек. Бұл құбылыс жалғаса берсе, ұлттық сәйкестілікке зор нұқсан келіп, ұлттың қауіпсіздігі қатерге ұшырайды. Ал өз ұлтының тілін білмеген адам өз ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүрін, тарихы мен әдет-ғұрпын білмегені былай тұрсын, оны білуді өзіне міндет санамайды, тіпті бұл факторларға ескіліктің қалдығы ретінде қарайды. Санасында ұлттық құндылығы жоқ адам бөгде ұлттың тілін меңгеру арқылы сол ұлттың мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, сол арқылы басқа ұлттың ұлттық сәйкестілігін күшейтуге атсалысып жатқанын аңғармауы да мүмкін. Бір ұлттың құрамындағы адамдардың ұлттық тілдің дамуы мәселесіне қатысты саяси-лингвистикалық ұстанымдарының әр түрлі болуы да жоғарыда аталған жайттарға байланысты. Бұл теориялық тұжырымның мазмұнын Қазақстандағы тілдік ахуалға талдау жасау арқылы түсіндіруге болады. Кейбір зерттеушілер мен зиялы қауым өкілдері Қазақстандағы қазақтарды әдетте өз ана тілдерін білу және білмеу жағдайына, сондай-ақ сөйлеу тілі ретінде орыс тілін таңдауына байланысты қазақтілді және орыстілді деп екіге бөліп жатады. Шындығына келгенде, Қазақстандағы қазақтарды қазақ және орыс тілдерін меңгеру-меңгермеу тұрғысынан қазақтілді (тек қазақша сөйлейтін, орысша білмейтін), екі тілді (қазақ және орыс тілдерін меңгерген), тек орыстілді (қазақша білмейтін) деп үш топқа бөлуге болады. Осы үш топтағы қазақтардың өзін қазақ және орыс тілдерін жеткілікті деңгейде білу-білмеу дәрежесіне қарай тағы бірнеше топқа бөлуге болады. Міне, бір қазақ ұлтының өзі тілдік факторға байланысты өз ішінде бірнеше топқа бөлініп отыр. Ал бұл ұлттық әрі мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуде Қазақстанда тұратын басқа этникалық топтардан бұрын қазақ ұлтының саяси ұстанымын бір арнаға тоғыстырудың оңайға түспейтіндігін көрсетеді.

Ұлттық қауымдастық мүшелерінің бойындағы этникалық, тілдік, діни, мәдени, өмір сүруге бейімделушілік, бәсекелестік,

бірлесушілік т.б. саяси мүдделері біріге келе ұлттың ұлттық саяси ұстанымның сипатын анықтайды. Әрбір ұлт саяси ерік-жігер мен азаматтарының ұлттық саяси ұстанымдарына қарай түрліше сипатқа ие. Ұлттық қауымдастық мүшелеріне жалпылама тән жағымды және жағымсыз мінездердің жиынтығы белгілі бір ұлттың жалпы этнопсихологиялық стереотипін, яғни менталитетін (ділін) беретіндігін білеміз. Мәселен, неміс ұлтына – нақтылық пен тәртіп талап етушілік, жапон ұлтына – жасампаздық пен қиындыққа мойымаушылық, қытай халқына – еңбекқорлық пен рух мықтылығы, салқынқандылық, ағылшындарға – тәкаппарлық пен талғампаздық, француздарға – сыпайылық пен кірпияздық, америкалықтарға – бостандық пен шексіз еркіндікті көксеушілік, кәрістерге – бақталастық пен парасаттылық, түріктерге – қызуқандылық пен бауырмалшылдық, өзбектерге – күн көруге икемділік пен ұлтжандылық, орыстарға – пысықтық пен күшке сенушілік, пандық, ал қазақтарға – қонақжайлылық пен шыдамдылық (толеранттылық) қасиеттері тән. Әрбір жекелеген халыққа жалпылама тән осындай сапалық ұлттық мінез-құлық жиынтығы, яғни этностереотиптерге қарап, ұлттардың өмір сүру қабілетін, ұлттық сәйкестілігінің деңгейін, мемлекеттік саясатын байқау қиын емес. Қазіргі тез құбылмалы экономикаға негізделген жаһандану жағдайында ұлттық саяси ұстанымдардың рөлі зор.

Әлемдік шаруашылықтағы өндіріс пен сауда-саттық, экспорттың көп бөлігі трансұлттық корпорациялардың иелігінде екендігін ескерсек, онда әлемдік бәсекелестікте жаһандық сауда мәдениетін меңгерген ұлттардың үстем саясат жүргізіп отырғандығын байқауға болады. Сонымен қатар, үлкен мәдениеттер кіші мәдениеттерді «жұтып» жатқан жаһандану дәуірінде әрбір ұлттың ұлт болып сақталуы мен дамуы олардың этностереотиптерінің деңгейіне тікелей байланысты. Әрбір ұлттың ұлттық идеясының негізгі идеологиялық сипатын белгілі-бір дәрежеде сол ұлттың этностереотиптік қасиеті айқындайды деуге болады. Ресейлік саясаттанушы О. Ерохин этностереотиптік қасиеттердің саяси сипатын былайша түсіндіреді: «Жалпы алғанда, ұлтаралық қарым-қатынастарды көбіне-көп ұрпақтардың жады арқылы берілетін стереотиптік қондырғылар басқарады және халықтардың бір-бірімен қаншалықты өзара әрекетте болу керектігінің деңгейін дәл белгілейді. Ұлттық жек көрушілік өзіне қарама-қарсы шектен тыс сенімділік, бөтен мәдениеттік қоғамдастықтың қасиеттерін идеалдандырудың мәні ұжымдық бейсаналылықтың түбінде жа-

тыр. Сондықтан да этностереотиптердің көпшілігі архетиптердің негізінде қалыптасады» [5, 4] – деген пікірімен келісуге болады.

Постколониализм және постмодернизм ағымының өкілі, мәдениеттанушы Хоми Бхабха ұлт және ұлтшылдықты жазу дәстүрі негізіндегі нарратив пен дискурсты талдай келе, Бендикт Андерсонның «Елестетілетін қауымдастық» туралы тұжырымдамасын сынға алады. Бхабханың айтуынша, Андерсон «гомогенді бос уақыттағы» немесе ұлттық мәдениеттің толықтай егемендігі деп суреттегендей елестетілетін қауымдастықтар ендігі жоқ, қайта адам қоғамы концептісінің өзінде радикалды ревизия жүріп жатыр. Қазір жаңа геосаяси кеңістік қалай болуы мүмкін – «жергілікті немесе трансұлттық шынайылық па?» деген сұрақ туындап отырғандығын айта келе, – Бхабха, – Батысқа иммигранттар мен босқындарды рәсімдеп және оларға «өзінің ішкі ұлттық сәйкестілігіндегі» шынайы немесе табиғи нарратив секілді қарауға итермелейтін өзінің постотарлық тарихымен санасуға тура келеді» [6, 8] – дейді.

Біздіңше, мемлекеттің саяси ұстанымы өз ішінде саяси-әлеуметтік, саяси-экономикалық, саяси-діни, саяси-дипломатиялық, саяси-лингвистикалық, т.б. ұстанымдарға бөлінеді. Күні бүгінге дейін әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда саяси-лингвистикалық қатынастар жайы сөз болғанымен, нақты саяси-лингвистикалық ұстаным жөніндегі теориялық тұжырым жоқ. Жеке тұлғаның саяси-лингвистикалық ұстанымы оның қоғамдағы, мемлекеттегі және жалпы әлемдегі орын алып жатқан саяси оқиғалардың, реформалардың, белгілі-бір құбылыстардың тілге қатыстылығына орай өзіндік мүддеден туындайтын нақты саяси көзқарас айқындылығын білдірсе, қоғамның саяси-лингвистикалық ұстанымы қоғамдағы, мемлекеттегі және жалпы әлемдегі орын алып жатқан саяси оқиғалардың, реформалардың, белгілі-бір құбылыстардың тілге қатысты жақтарына орай саяси көзқарастар жиынтығының әр алуандылығымен сипатталады. Ал мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымы мемлекеттің өз ішінде және мемлекеттен тысқары жерлерде орын алып жатқан әр түрлі жағдайлардың, реформалар мен құбылыстардың тілдік сипатына қарай ұстанатын ұлттық саяси көзқарасымен, іс-әрекетімен, қабылдайтын шешімімен, атқаратын саяси технологияларымен ерекшеленеді. Демек, саяси-лингвистикалық ұстаным дегеніміз – қандай да бір субъектінің белгілі-бір мәселенің тілдік аспектісін басты орынға қойып, іс-әрекеті мен идеологиясын лингвистикалық фактормен байланыстыратын саяси ұстанымының ерекше түрі.

Мемлекеттердің саяси-лингвистикалық ұстанымының табиғатын түсіну үшін оны саяси шиеленіс теориясы негізінде қарастырғанымыз жөн. Осы тұста шиеленіс ұғымын саясаттанушы О. Ерохин бір жағынан титульді этнос пен метрополия, екінші жағынан ұлттық азшылық немесе отарлардың жергілікті халқы арасында орын алатын (ашық немесе жасырын) шиеленіс ұлтшылдық феноменінің мазмұнындағы акценттердің одан әрі араласуын ынталандырады деп түсіндіреді. Сондай-ақ, оның айтуынша, бәрінен бұрын шиеленіс әлеуметтік және мәдени консерватизмнің идеологиясымен теңдестіріледі, себебі ұлттық сана-сезімнің қалыптасу процесінде өзіндік тарихи тәжірибе, мәдени және әлеуметтік құрылымның айрықшалығы туралы түсінік тіркеліп қана қоймай, сонымен бірге оны сақтау мен арттыруда өз мәдениетінді, тілің мен ұлттық сана-сезімінді өзге халықтарға күштеп тануға дейінгі қажеттілік түсініледі. Бір уақытта болашақ ұлт пен ұлттық бейбітшілік құру болжамы тұжырымдалуы жүріп, айрықша тип ретінде әлемдік мәдени-тарихи процесте ұлттың алатын ерекше рөлін түсінуі ұлттық идея мен ұлт идеясының дамуында көрініс береді [7, 45].

Саяси-лингвистикалық ұстаным категориясының шиеленістік сипатын америкалық саясаттанушы Фрэнсис Фукуяманың «Тарихтың ақыры» тұжырымдамасында айтылған тезистер негізінде қарастырғанымызда, ұлтаралық немесе этносаралық қатынастар жүйесіндегі тілдің қатығыс тудырушылық рөлінің өте зор екендігіне көз жеткізе түсеміз. Дей тұрғанмен, әрбір ұлттың өзінің тарихи орналасқан аумағында тілдік үстемдікке ұмтылысын ұлттық тілді сақтап, дамыту және сол арқылы ұлттық егемендікті нығайту шарасы екендігін мойындаймыз. Қазіргі әлемде орын алып отырған діни және этникалық қақтығыстарға қарап, Ф. Фукуяманың идеялар бәсекеге түскен кезеңнің аяқталуымен адам қоғамын ұйымдастырудағы либералды принциптердің орнауы мүмкін деген гипотезасы іске аспай отырғанын саясаттанушылар жиі айта бастады.

Саяси-лингвистикалық ұстаным категориясы субъектінің ұстанымына қарай мынадай категориялық түрлерге бөлінетінін анықтадық:

- 1) тұлғаның саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 2) қоғамның саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 3) ұлттың саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 4) мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 5) диаспораның (этностық топтардың) саяси-лингвистикалық ұстанымы;

- 6) автономияның саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 7) аймақтың саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 8) одақтың саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 9) өркениеттің саяси-лингвистикалық ұстанымы;
- 10) әлемдік қауымдастықтың саяси-лингвистикалық ұстанымы.

Зерттеу жұмысымыздың тақырыбы мемлекеттердің саяси-лингвистикалық ұстанымдарына қатысты болғандықтан, біз саяси-лингвистикалық ұстанымның осы түріне кеңірек тоқталамыз. Мемлекеттің құрамына азамат (тұлға), қоғам, ұлт, диаспоралар кіретінін ескерсек, онда саяси-лингвистикалық ұстанымды аталған категориялармен өзара байланыста қараудың маңыздылығы арта түседі.

Мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымына бірқатар факторлар ықпал етеді. Оларды мәні мен мазмұнына қарай 2 топқа бөлуге болады:

1-кесте. Мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымын айқындайтын факторлар

1-топ. ұлттық әкімшілік-аумақтық фактор		
р/с	Факторлардың атауы	Факторлардың мәні мен мазмұны
1	отарлық және постотарлық фактор	мемлекеттің тарихи тұрғыда басқа бір ұлтқа ұзақ уақыт отар болуы, отарлық кезеңдегі ұлттық тілін сақтау деңгейі және постотарлық кезеңде отарлаушы ұлт тілінің ұлттық санадағы рөлі
2	постотарлық психоллингвистикалық фактор	мемлекеттегі мемлекетқұраушы ұлттың ішінара постотарлық кезеңдегі бұрынғы отарлаушы ұлтқа психологиялық тұрғыдан бағыныштылық сезімінен толық арылмауы және сол ұлт өкілімен өз ана тілінде емес, бұрынғысынша соның тілінде сөйлесу жағдайы
3	ұлттық тәуелсіздік факторы	мемлекеттің отарлаушы ұлттан бөлініп, дербес мемлекет құру мерзімінің мемлекеттік тілді дамытуға әсері
4	мемлекеттік құрылымдық фактор	мемлекеттің құрылысы тұрғысынан унитарлық, федеративтік және конфедеративтік ерекшелігі
5	ұлттық идеологиялық фактор	мемлекеттің саяси басқару жүйесіндегі мемлекетқұрушы ұлтқа негізделген ұлттық идеология немесе көпэтностық мүддеге негізделген идеологиялық саясат

Саяси модернизация теориясының көпэтностылық, көптілділік, мультимәдениет (мультикультурализм), көпконфессионалдылық аспектілері мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымымен өзара тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, көпэтносты мемлекетте осы аталғандардың барлығы тілдік фактормен қабыса орын алары сөзсіз.

2-кесте. Мемлекеттің саяси-лингвистикалық ұстанымын айқындайтын факторлар

2-топ. саяси-идеологиялық фактор		
р/с	Факторлардың атауы	Факторлардың мәні мен мазмұны
1	ұлттық сәйкестендіру факторы	мемлекеттің ұлттық сәйкестілігін қалыптастырудағы генеалогиялық сипаттағы өркениеттік бағдардың рөлі, мемлекеттің шетелдегі диаспораларын ұлттық-тілдік ассимиляциядан сақтау саясаты
2	мемлекеттендіру факторы	мемлекетқұраушы ұлт тілінің Конституция бойынша мемлекеттік мәртебеге ие болуы
3	нормативтік-лингвистикалық фактор	«Тіл туралы» заңнан басқа «Мемлекеттік тіл» туралы арнайы заңның болуы
4	этнолингвистикалық фактор	мемлекетқұраушы этнос тілінен басқа бір тілдің мемлекеттік тілмен ресми түрде тең қолданылуының заңмен белгіленуі
5	ұлттық-мемлекеттік фактор	мемлекетқұраушы ұлттың мемлекеттегі жалпы халық құрамындағы үлестік салмағы

Бұл феноменді түсіну үшін көпэтносты, көптілді, көпконфессиялы және мультимәдениетті мемлекет болып табылатын Қазақстанды мысалға алсақ жеткілікті. Осы тұста аталған саяси факторлардың ішінде көптілділік факторының маңызы зор екендігіне назар аударған жөн. Өйткені, көптілділік факторы көпэтностылықты, мультимәдениетті және көпдінділікті айқындаудың да маркері болып саналады. Ресейлік саясаттанушы О. Ерохиннің айтуынша, ұлттар-мемлекеттердің жалпы шекарасымен біріккен титульді этнос пен азшылық арасындағы саяси қатынастарды орнықтырудың күрделі жүйесі тән болып келетін көп этностық социумдағы ұлттық сәйкестілік мәселесі өз алдына талдауды талап етеді. Қазіргі әлемде мемлекеттердің басым көпшілігі өзінің халық құрамы бойынша көп этносты болып келеді. Тек бұл бірінде айқын көрініс берсе, екіншісінде – басымдық саналмайды. Егер де этникалық бөлініс критерийлерінің бірі – тілді негізге алар болсақ, онда Еуропадағы әрбір елге орташа алғанда 9,5 этнотілдік топтан келеді, ал бұл көрсеткіш Латын Америкасы мен Карибта – 21. Этникалық құрамы сан алуан мемлекеттер Африка, Азия және Тынық мұхит аймағында орналасқан, мұндағы әрбір мемлекетте орташа есеппен 50 немесе одан да көп этникалық топтар өмір сүреді. Кейбір елдерде жүздеген этностар өмір сүреді: Үндістанда – 407, Нигерияда – 470, Индонезияда – 712, Папуа Жаңа Гвинеяда – 817. Көптеген елдерде қандай да бір топ саны жағынан басымдыққа ие. Тіпті этникалық

құрамы сан алуан Азияның өзінде бір топ 46 мемлекеттің 34-інде, ал Тынық мұхиты аймағында – 26 мемлекеттің 19-ында халықтың жартысынан астамын құрайды. Африкада, ұсақ арал мемлекеттерді қоспағанда, оңтүстік Сахарада бөлшектік этникалық құрылым басым: бір этникалық топ 34 мемлекеттің 12-сінде басымдыққа ие. Әлемнің бар-жоғы 12 елінде тұрғындардың 90 пайызын бір этнос құрайды [5, 45] – дей келе: «Мемлекеттің көпэтностылығы бірқатар, атап айтқанда, әлеуметтік, саяси, мәдени мәселелердің қайнар көзі болуы мүмкін. Ұлтаралық қатынас барлық мемлекеттерде саяси шиеленістің қайнар көзі болуына қарамастан, халықты этникалық тұрғыдан жіктеуді бағаламаушылық бейбітшілік пен келісімге қауіп төндіретін жағдайдың туындауына әкеліп соқтырары сөзсіз» [5, 46] – деген ой айтады. Осы тұжырымның қазіргі жаһандану жағдайында көпэтносты мемлекеттердің барлығына да байланысты екенін айта кеткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бурдье П. Политические позиции и культурный капитал // Бурдье П. Социология политики. – Москва: Socio-Logos, 1993.
2. Барт Р. Мифологии // Барт Р. Избранные произведения. Москва: Прогресс, 1994.
3. Ахонен А. С кириллицы на латиницу – Национальная идентичность, языковая политика и перевод письменности в Казахстане. Дипломная работа. – Тампере, 2008. – С. 86.
4. Almond G., Verba S. The Civil Culture. Princeton: Princeton University Press, 1963.
5. Ерохин О. В. Политический национализм. Дис.... канд. полит. наук: 23.00.02. – Москва, 2007. – 150 с.
6. Bhabha Homi K. The location of Culture. First publ. 1994. – London: Routledge, 2007.
7. Атаев К. К. Развитие национального самосознания туркменского народа. Дис.... канд. соц. наук: 22.00.05. – Москва, 1992. – 119 с.

Қазақстанда франчайзингтің даму мүмкіндіктері

Ербол СЫҒАЕВ,
Қазақстан-Британ техникалық
университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы

Франчайзинг – жеке кәсіпкерлікті дамыту, нарықты әлемдік деңгейлі тауарлар мен қызметтермен жабдықтау, кәсіптің тазалығын арттыру, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру арқылы әлеуметтік қиындықтарды шешу секілді мәселелерді жүзеге асыратын тиімді құрал. Бұл жүйе бойынша жұмыс істейтін компаниялар белгілі бір танымал бренд арқылы әрекет етеді, яғни бұрындары жетістікке жеткен тәжірибені өздеріне үлгі ретінде қайта қолдануға мүмкіндік алады. Демек, «жетістікті» бренд негізінде жұмыс жасау көп жағдайда үлкен жетістіктерге жетуге деген үміт береді.

Дамыған елдердегі франчайзинг тарихы бірнеше ондаған жылдарды қамтиды, және де қазіргі таңда франчайзингтік компаниялар нарықтық экономикаға негізделген бәрлық елдердің нарықтарында бар деуге болады. Бұл туралы биылғы жылдың сәуір айында Берлин қаласында өткен Бүкіләлемдік франчайзинг бойынша кеңестің отырысына қатысушылардың мәлімдемесінде айтылған болатын. Франчайзингтік кәсіпорындардың болашағын отырысқа қатысушылар жоғары бағалады. Олардың ойынша бұл компаниялар Үндістан мен Қытай, және де Оңтүстік-Шығыс Азия елдері: Филиппин, Сингапур, Малайзия және басқа да әлемдік ірі экономикалы елдердегі ұлттық кіріс, еңбек нарығы мен инвестиция саласындағы өсімді қолдайды. Ұлттық қауымдастықтардың отырыста ұсынған 2010 жылға арналған мәліметтеріне сәйкес франчайзинг экономикалық белсенділіктің негізі болып отыр, яғни бұл жағдайда оның жаһандық экономиканы нығайтудағы орнын артық бағалау мүмкін емес. АҚШ-та франчайзингтік компаниялардың

үлесіне 8 млн. жұмыс орны мен ұлттық экономиканың жалпы көлемінің 2,1 трлн. АҚШ доллары тиесілі. Ал Қытайда франчайзинг секторы жалпы сауда көлемінің 47,83 млрд. АҚШ доллары мен 825 мың жұмыс орнын иемденеді. Қытайдың ұлттық франчайзинг қауымдастығы алдағы бес жыл көлемінде ұлттық және шетелдік брендтер 10%–20% өсім көрсетеді деген пікір білдіріп отыр. Қытай елі 1997 жылы «Коммерциялық франчайзингтік кәсіпті реттестіру» атты заңнамалық акт қабылдап, 2001 жылы Қытайдың ДСҰ мүшелікке өтуіне байланысты біршама жетілдендірілді. ДСҰ-ға кіру барысында Қытай шетелдік инвесторларға қатысты шектеулерді алып тастағаннан соң, нарықта шетелдік компаниялардың, оның ішінде франчайзингтік брендтердің үлес салмағы артты. Қытай нарығындағы барынша белсенділік танытқан жүйелердің қатарында KFC, «Макдональдс», «Пицца Хат», «Старбакс» секілді брендтер бар. Өте жоғары белсенділік танытқан Kodak (Қытайда бұл бренд KEX photo express атты сауда белгісімен танымал және өте ауқымды фотосалондар жүйесі бар) болды. Компания өз қызметін Kodak пен мемлекеттік қытайлық компанияның бірлескен кәсіпорны түрінде жүзеге асырады, ал қытайлық жеке кәсіпкерлер жүйенің франчайзиі ретінде жұмыс істейді. Осы принцип бойынша Қытай елінде Subway компаниясының әлемдік ірі франчайзингтік жүйесі де әрекет етіп отыр. Ал шетелдік франчайзерлердің белсенді экспансиясы өз кезегінде қытайлық брендтердің белсенділігінің артуына ықпал етіп, олардың ішіндегі азпаздық сала брендтерінің әлемдік деңгейде танылуына ықпал етті. Қытай тағамдарын ұсынатын жүйелер әлем елдері нарығына шыққандығына көп болды. Сонымен қатар шетелдер нарықтарында қытайдың тұрмыстық техника жасаушылары да, мысалы Chonghong бренді танымал бола бастады.

Франчайзинг бойынша әлемдік рейтингідегі үшінші орынды Жапон елі иемденеді. Бұл ел наурыз айындағы жер сілкінісі мен Фукусимадағы апаттан кейін өзінің позициясын біршама жоғалтқанымен де, қазіргі таңда Азия тарапынан ұсынылатынның ең үздігі болып отыр. Қазіргі таңда әлеуметтік франчайзинг секторы белсенді дамып келеді. Қазақстанда қазіргі кезде бұл саланың нақты өкілі жоқ, ал АҚШ пен Еуропа елдерінде (әсіресе Германияда) бұл бағыт барынша белсенді дамып келеді. Әлеуметтік франчайзинг саласындағы жобалардың танымалдылығы соншалықты бұл салада жұмыс жасайтын немістік желілердің бірі бүгінгі таңда 10 тапсырыстың 5-еуін кейінге қалдырып отыр.

Қазақстанда франчайзинг әлі жас бағыт, ал ауқымды территориядағы адам саны мөлшерінің аздығын есепке алар болсақ, республиканың Ресей мен Украинадан да артта қалғандығын көреміз. Аталынған елдерде көптеген танымал брендтер негізінде жаңа жұмыс орындары франчайзингтік компаниялардың арқылы жүзеге асырылған.

Қазақстандағы франчиздердің басым бөлігі жеке сауда саласына (47%), қоғамдық тамақтану секторына (23%), және де қызмет көрсету (12%) салаларына тиесілі болып отыр. Қазіргі таңда сарапшылардың есебі бойынша Қазақстандағы франчайзингті қолдану арқылы 450 астам шетелдік компаниялар жұмыс істеуде.

Бұл сандық көрсеткіштің жоғарылығына қарамастан, Қазақстан үшін франчайзинг әлі де болса жаңа бастама ретінде қалып отыр. Бұл жерде мәселе франчайзингтік желілердің шетелдік болғанында ғана емес. Қазақстанда Ресеймен салыстырғанда франчайзинг саласының көшбасшылары – танымал брендтер аз мөлшерде ұсынылған. Мысалы, біздің нарығымызда «Макдональдс», «Старбакс», «Subway» секілді франчайзингтік іргетасы саналатын танымал брендтер жұмыс істемейді. Бұндай жағдайдың қалыптасуының негізгі себептерінің бірі ретінде нарық ауқымдылығының шектеулі болуын аламыз, өйткені франчайзинг үшін кәсіпті тираждау, яғни ол үшін сандық жағынан даму маңызды, ал шектеулі тұтынушылық нарығы жағдайында инвестицияның өзін-өзі жылдам ақтауына сенім арту мүмкін емес. Бұл жағдай франчайзингтік сапалы түрде дамуына кедергі жасайды, өйткені нарыққа келуі мүмкін танымал брендтердің орнына «екінші эшелон» компаниялары тартыла бастайды.

Франчайзинг концепциясы АҚШ елінде пайда болды, және де қазіргі таңда бұл ел әлемдік көшбасшылар қатарында, 2010 жылғы мәліметтер бойынша АҚШ-та 2900 астам франчайзингтік жүйелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар Құрама Штаттар әлемге танымал брендтердің 80% жуығының отаны болып саналады. Франчайзингті дамытудағы АҚШ тәжірибесі өте ауқымды, ел аумағында көптеген әлеуметтік бағдарламалар жұмыс істеуде, мысалы: әртүрлі әлеуметтік топтар – ардагерлер, зейнеткерлер мен үй қызметкерлеріне арналған франчайзингтік бастамалар бар.

Соған қарамастан соңғы жылдарда франчайзинг нарығындағы көшбасшы-елдердің құрамы өзгеріп келеді. 2010 жылдың ақырғы мәліметтері бойынша франчайзинг саласындағы әлемдік көшбасшылыққа Қытай елі көтерілді, Аспанасти

елінде франчайзингтік жүйелердің саны 3500 асқан болатын. Сарапшылардың пікірінше көшбасшылық орынға Қытай елінің шығуы заңды құбылыс. Біріншіден, қытай экономикасы дамудың қарқынды өсімін танытуда және де экономикалық дағдарыстың орын алып отырғандығына қарамастан әлемдік жетекші экономикалардың бірі болып отыр. Сонымен қатар халықаралық брендтер дамушы нарықтарды жаулауды көздейді, ал бұл жағынан алғанда Қытай өз халық саны мен экономикасының даму деңгейі арқылы инвестициялар салуға ең қолайлы ел болып саналады. Қытай елінде франчайзингтік жүйелердің еуропалық және азиялық желілері де қарынды дами бастағандығымен де, негізгі басымдық америкалық брендтердің үлесінде. Дамыған елдердегі шағын және орта кәсіптің ІКӨ үлесі шамамен 50%, ал бұл көрсеткіштің ішіндегі 50% франчайзингтік қатынастардың үлесіне тиеді. Ал Қазақстандағы бұл көрсеткіштер біршама шамалы деңгейде – шағын және орта кәсіптің ІКӨ үлесі 16%, ал кәсіптің көлеміндегі франчайзингтік қатынастардың үлесі бар-жоғы 3% көлемінде болып отыр.

Қазақстан нарығында 1994 жылдан бастап алғашқы франчайзингтік жоба жұмыс істей бастады, бұл – Coca-Cola сауда маркасының түрік лицензиарының сублицензисы негізінде ашылған шырын заводы еді. Осы кезде сонымен қатар кейіндері халықаралық Nayatt Regency жүйесінің құрамына енген 5 жұлдыздық Rakhmat Palace қонақ үйі ашылса, 1999 жылы ашылған «Анкара» қонақ үйі бірнеше жылдан соң халықаралық Intercontinental жүйесінің қол астын өтті. 1990-шы жылдардың ортасынан бастап франчайзинг жүйесі бойынша магазиндер жұмыс жасап, әлемдік өндірушілердің әсем үлгілі киім-кешектерін сатуды жолға қойды. Осы кезеңде қазақстандық нарықта «Рамстор» сауда кешені, ал 2000-шы жылдардың басында «Баскин Роббинс» секілді танымал фирмалық кафелер ашылды. 2002 жылы франчайзинг туралы заңнама жарық көрді. Осының арқасында Қазақстан кәсіптің осы саласындағы қарым-қатынастарды реттейтін заңнама қабылданған санаулы елдердің қатарына енді, ал Ресей мен Украина секілді елдерде франчайзинг саласында қалыптасқан мәселелер Азаматтық кодекс аясында қарастырылады. Отандық заңнама франчайзингтің барлық жақтарын толығымен есепке алған, бірақ ол үшін ешқандай жеңілдіктер қарастырмайды, сондықтан да көптеген франчайзилар бұл құжаттың бар-жоғынан бейхабар деуге болады. Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше республикада интеллектуалдық меншікті қорғау бойынша қажетті деңгейдегі заңнамалық құжаттар бар. Бірақ та, басқа елдердің тәжірибесі

көрсетіп отырғанындай арнайы заңнаманың болуы немесе болмауы шетелдік франчайзерлердің жұмыс жасауына кедергі болмайды. Бұған, нарықтық жағынан тартымды саналатын Ресей мен Қытай еліндегі франчайзингтің дамуы мысал бола алады.

Қазақстан жерінде АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Испания, Түркия, Жапония, Израиль және басқа да елдердің франчайзингтік жүйелері жұмыс жасайды.

Әрине, жергілікті жердегі нарықтың ең басым бөлігін ресейлік желілер иемденіп отыр. Бір айта кетерлігі бұл үрдістің соңғы жылдарда белең ала бастауында, өйткені 2007 жылға дейін нарықтағы біріншілік америкалық желілердің уысында болатын. Қазіргі таңда қазақстандық нарықта 65 ресейлік франчиза бар. Франчизинг нарығындағы ресейлік жалпы көлемінің ішіндегі 26% сәнді киім үлгілері сегментіндегі жүйелерге келсе, 20% қызмет көрсету саласындағы компанияларға, ал қалған 19% ресторан кәсібі мен 18% түрлі жеке сауда саласына тиесілі болып отыр. Ресейлік желілер сонымен қатар сән салондары, спорт клубтары, медициналық орталықтар түрінде де кездеседі. Франчайзинг бойынша агенттіктің сарапшыларының пікірінше жақын мерзімде қазақстандық нарыққа шамамен 30 астам ресейлік франчиздердің тартылуы мүмкін.

Франчизинг жөніндегі агенттік өкілдерінің пікірінше, батыстық брендтердің Қазақстан нарығына келуінің тағы бір кедергісі аталынған компания менеджментінің шешімі, яғни оның өз мастер-франчизасын ТМД аумағындағы бір ғана операторға, әдетте ресейлік компанияға сатуы есептелінеді, ал ресейлік компания болса бірінші кезекте өзінің бар назарын РФ ірі қалаларында кәсіп жүргізуге аударады. Кедендік одақтың құрылуы аталынған кедергілердің жойылуына алып келеді деп күтілуде, бірақ-та, сарапшылардың ойынша франчизингтің дамуының бірден-бір факторы ретінде тұтынушы нарығының мүмкіндіктері саналады. Әрине, соған қарамастан кедендік рәсімдердің жеңілдеуі, бұл саладағы әкімшілік кедергілердің алынуы бұл салаға мүмкіндік беретін факторлар ретінде қарастырылады. Соған қатысты нақты тауарлар мен олардың құрамдас бөліктерін сату-сатып алу принциптеріне негізделген сауда-дистрибьюторлық франчиздердің саны артады, яғни Ресейдің экспортер немесе франчиздердің реэкспортері түріндегі рөлі артады. Нәтижесінде қазақстандық кәсіпкерлер арасында франчизингтің артықшылығын мойындап, бұл кәсіп түрін жүргізуге деген сенімсіздік азаяды. Қазірге республикамызда сауда франчайзингі барынша белсенді дамып отыр, бірақ-та мамандардың

пікірінше алдағы уақытта еліміздің экономикасы үшін өнеркәсіптік франчайзингті дамытудың келешегі зор. Өйткені, дайын тауар алғанның орнына оны өндіру технологиясын тарту тиімдірек, яғни Қазақстанның өз территориясында қосымша жоғары құны бар дайын өнім шығару маңызды болады.

Бұл мәселеде мемлекет те белсенділік танытуы тиіс секілді. Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейде франчайзингтік қолдау мен дамыту мәселесі айтылып, шағын және орта кәсіпті дамытуға арналған арнайы бағдарлама аясында көтеріліп жүр. «Даму» қоры Франчайзингті дамыту жөніндегі ұлттық орталық құру жөнінде жұмыс жасауда. Бұл орталықта қазақстандық кәсіпкерлерге кеңестер беріп, Индустрия және жаңа технологиялар және басқа да арнайы ведомстволармен жұмыс жасау барысында көмек көрсету мүмкіншілігі қарастырылады. 2011 жылы Қазақстандағы франчайзингтік компаниялардың табысы 1 млрд АҚШ долларын құраған болса, бұл жылы аталынған көрсеткішті 20% көтеру көзделінген.

Кәсіпорынның инновациялық портфелін қалыптастыру

Дархан АХМЕТОВ,
Т. Рысқұлов атындағы
ҚазЭУ-дің PhD докторанты

Кәсіпорынның ағымды жағдайын бағалаудың негізінде оның қызметінің мықты және әлсіз жақтарын, мүмкін болатын типтік жағдайлардың бірімен салыстыру жатыр, олардың қатарына (жалпы түрде) «күйреу», «дағдарыс», «біршама тұрақтылық», «аман-есендік» жағдайларын жатқызамыз [1]. Кәсіпорынның ағымды жағдайын бағалау оның әрі дамуын болжауға мүмкіндік береді, себебі, мысалы, кәсіпорын «күйреу» жағдайынан бірден «аман-есендік» жағдайына тікелей өте алмайды. Сондықтан да, кәсіпорынға дәл осы жағдайда жалғыз мүмкін болатын стратегия тіршілік ету стратегиясы болып табылады.

Бұл кезеңде стратегияның жалпы мазмұнын сипаттаумен қатар оны ары қарай жүзеге асырудың бағыттары және механизмдері туралы алғашқы түсініктер қалыптаса бастайды, ол үшін кәсіпорынның ағымды жағдайының қалыптасуына негіз болған негізгі сыртқы және ішкі себептер анықталады. Кәсіпорынның ағымды жағдайын талдаудың басты қорытындысы оны дамытудың стратегиясын әзірлеу үшін ақтық жағдайларды анықтау болып табылады.

Екінші және үшінші кезеңдерде кәсіпорынның ақтық, мүмкін болатын және күтілетін жағдайы болашақта инновациялық даму көзқарасымен талданады. Бірінші кезеңде алынған стратегиялық жоспарлаудың ақтық жағдайларының, өнім және қызмет нарықтарының, өнім және қызмет нарықтарының жағдайларын талдау, сонымен қатар инновациялық даму саласында мемлекеттік саясаттын негізгі бағыттары мен басымдылықтарын талдау негізінде болжанатын кезеңге кәсіпорынның миссиясы қалыптасады.

Кәсіпорынның миссиясын анықтау процессі барысында оның дамуына әсер ететін, сыртқы және ішкі факторларды ескеру қажет. Қалыптасқан миссияның негізінде оның қызметінің негізгі басымдылықтары, сонымен қатар әр қайсысының стратегиялық мақсаттары анықталады. Тиісінше, екінші және үшінші кезендердің басты нәтижесі мүмкін болатын, күтілетін кәсіпорын жағдайына қатысты стратегиялық мақсат беретін ұстанымдарды тандау болып табылады [2, 3, 4].

Аталған стратегиялық мақсат беретін ұстанымдарды жүзеге асыру үшін кәсіпорынның инновациялық стратегиясын әзірлеудің төртінші және бесінші кезендерде базалық стратегиялардың біреуі тандалады: тіршілік ету, тұрақтылық немесе өсу (немесе болжанатын кезенге стратегияларды кезектік тізбегі). Тандалған стратегияның шеңберінде кәсіпорынның қызметтік инновациялық стратегиясы қалыптасады. Оны қалыптастыру барысында қарастырылған алгоритімді жүзеге асырудың бірден-бір маңызды мәселесі болып: жалпыжүйелік әдістемелік талаптарды сақтау, кәсіпорынды стратегиялық басқарудың объектісі ретінде қарастыру, сонымен қатар оның нарықтық ортасын, оны дамытудың ең үздік баламаларын тандауды сипаттау табылады.

Кәсіпорын дамуының көптеген мәселелері оның қызметін сапасыз басқарумен байланысты екендігін ескеру қажет. Бұл жағдай кәсіпорынның даму стратегиясының жоқтығы салдарынан және оның алдында тұрған негізгі мәселелерді оңтайсыз шешу барысында орын алуы мүмкін. Кәсіпорын даму стратегиясын әзірлеудің басты алғы шарты кәсіпорынның алдында тұрған басты мәселелердің шешімдерін оңтайландыру, ал стратегиялық басқару негізінде олардың дамуы оларды оңтайлы шешудің әдістемелік қамтамасыз етуде жатуы тиіс.

Қазіргі заманда кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі маңызды дәрежеде оның инновациялық стратегиясын тандаумен және оны жүзеге асырудың ерекшеліктерімен анықталады. Инновациялық стратегиялардың түсінігі мен мәнін ашу және оларды қалыптастыру мәселеріне көптеген ғалымдар өз еңбектерін арнаса да «инновациялық стратегия» түсінігіне осы уақытқа дейін ортақ көзқарас қалыптаспаған [5].



1-сурет. Кәсіпорынның инновациялық дамуының стратегиясын әзірлеудің әмбебап алгоритмі

Бірқатар жекеленген авторлардың пікірінше, «инновациялық стратегия жоспарды білдіреді, яғни, ол, өндіріс және өткізу арқылы зерттеулерден бастап, пайдалануға дейін барлық процестің созылымына қатысады, бақылаудың және «араласудың» негізгі пунктерін белгілейді, технологиялық деңгейді арттыру қарқынын және ол үшін қажетті ой еңбегінің өнімдерін табу әдістерін анықтайды». Басқалары инновациялық стратегияның мазмұнын «ғылыми-техникалық дамудың жетістіктерін игеру және пайдалануда уақытылы басқарушылық күштерді шоғырландыру және инновация динамикасын уақытылы ресурстармен қамтамасыз ету» деп түсіндіруге тырысады. Көрші ресейлік зерттеушілердің арасында

да «инновациялық стратегия» түсінігіне қатысы ортақ қабылданған анықтама қалыптаспаған. Мысалы, И.Н. Герчикованың пікірінше, инновациялық стратегия жаңа технологияларды өндіріске енгізуге және жаңа өнім түрін өндіруге бағытталған, капиталсалу саясатының және техникалық саясаттың мақсаттарының жиынтығы болып табылады. В.А. Аньшиннің көзқарасы бойынша, инновациялық стратегия микроэкономикалық жүйенің дамуының мақсатты инновациялық деңгейіне жетудің және жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін білдіреді ол өзіне инновациялық дамудың балама траекториялары арасында ресурстарды өзара бөлу және қайта бөлуді біріктіреді.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Экономика институтының директоры, э.ғ.д. Оразалы Сәбден өзінің «Конкурентоспособная экономика и инновации» атты ғылыми еңбегінде инновацияны Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты факторы ретінде анықтайды, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтаудың көрсеткіштерін және критерийлерін ұсынады.

Қазіргі уақыттағы инновациялық стратегияның түсінігіне, оның сыныптамаcы мен қалыптасуына қатысты қалыптасқан бағыттар экономикалық жүйенің инновациялық дамудың ерекшеліктерін тиісті дәрежеде ескере алмайтындығы, инновациялық процесстерді басқару жүйесінің ең басты кемшіліктерінің бірі деп айтсақ қателеспейміз. Көбінесе инновациялық стратегияның әртүрлі нұсқаларын әзірлеу барысында өзінің жеке ерекшеліктеріне ие және пайдаланудың ерекше жағдайлары бар бір стратегия түрін мазмұндау үшін әртүрлі анықтамалар қолданылады. Мысалы, инноватикада инновациялық стратегияға қатысты келесі анықтамалар бір-біріне синоним болып табылады: «қорғаныс», «бейімделу» және «бәсең»; «лицензиялық» және «имитациялық»; «шабуыл» және «белсенді» және т.б.

Инновациялық стратегия ғылым және техниканың даму үрдістерін, жақын болашақта технологиялар және өнімдердің жаңару мүмкіндігін ескеруі қажет, нарықтық ортаның ағымдық және болжанатын жағдайларын ескере отырып кәсіпорынның жаңашылдықтарды құру және енгізу бойынша мүмкіндіктерін бағалауы тиіс, сонымен қатар оларды енгізудің мақсаттары және әдістерін нақтылауы қажет.

Автордың көзқарасы бойынша, кәсіпорынның көптеген инновациялық стратегияларын келесі негізгі топтарға бөлу абзал: ҒЗТҚЖ (НИОКР) өткізудің инновациялық стратегияла-

ры; жаңашылдықтарды енгізудің инновациялық стратегиялары; инновациялық өнімді (қызметті) жаппай өндірудің инновациялық стратегиялары.

Инновациялық стратегияны қалыптастырудың негізінде кәсіпорынның инновациялық мақсаттары және міндеттері жатады, ал оның типі, атап айтқанда, оның сыртқы ортамен өзара байланысымен анықталады. Бірақ та, кәсіпорынның маңызды мақсаттарының бірі табыс табу екенін ұмытпаған жөн. Ары қарай басты мақсатқа жету үшін қажетті неқұрлым төменгі тәртіппен нақты мақсаттар мен міндеттер анықталады (кәсіпорынның инновациялық дамуының мүмкін болатын нұсқаларын реттейтін, инновациялық стратегияларды тандауды анықтайтын мақсаттар мен міндеттер «ағашы» әзірленеді).

Екінші тәртіптегі мақсаттармен міндеттерге жатады: өндіріс көлемін ұлғайту; өнім сапасын арттыру; өндірістік-техникалық базаны дамыту; дамудың тұрақтылығын қамтамасыз ету және т.б.

Стратегиялар портфелін қалыптастыру барысында факторлар-детерминат механизмі пайдаланылады, олар жүйе дамуының траекторияларына әсер етеді. Бұндай факторлардың қатарына: инновациялық мүмкіншілік; технологиялар; бәсекелестік; жабдықтаушылар; тұтынушылар; мемлекеттік реттеу; макроорта факторлары және т.б. жатады.

Кәсіпорынның инновациялық стратегияларының портфелін оның дамуының әлеуметтік-экономикалық мақсаттарымен және инновациялық дамудың детерминаттарымен сәйкес қалыптастыру қажет. Әртүрлі деңгейлер барысында бір ғана мақсатқа жету үшін инновациялық детерминант әртүрлі стратегияларды қолданады (1-кестені қараңыз).

Әр түрлі авторлар ұсынған әдістемелік бағыттарды және кәсіпорынның инновациялық қызметінің ерекшеліктерін ескере отыра сынды талдау негізінде негізгі инновациялық стратегияларды келесідей сыныптауға болады.

Бірінші топқа ҒЗТҚЖ-ға инвестициялау және басқа жақтан әзірлемелерді алудың (басқа ұйымдар мен мекемелерден) мазмұнын анықтайтын стратегиялар кіреді.

Бұл стратегиялар қатарына жатады:

- ҒЗТҚЖ саласында өзінің қызметін басқа кәсіпорын және ұйымдардан әзірлемелер нәтижелеріне лицензиялар сатып алу жолымен жүзеге асыратын кәсіпорынның инновациялық саясатын мазмұндайтын лицензиялық стратегия;

- максималды қысқа уақытта жаңа технологияларды және өнімдерді игеру қажет болған жағдайда пайдалану дұрыс болып табылатын параллельді әзірлеме стратегиясы. Бұл стратегияның мәні кәсіпорынның өзіндік әзірлемелерін ескере отыра, жеделдетіп игеру және өндіру үшін жаңа өнімдерді дайындауға технологиялық лицензияларды сатып алу болып табылады;

- кәсіпорынның өндіретін көпшілік өнімдері бойынша нарықта және ҒЗТКЖ саласында ұзақ уақыт бойы алдыңғы қатардағы позицияларды иеленуге мүмкіндік беретін зерттеушілік көшбасшылық стратегиясы;

- ғылымсыйымдылығынан озу стратегиясы қатаң бәсекелестік жағдайында нарыққа жаңа өнімді шығаруды жеделдету мақсатында қолданылады және өндіретін өнімнің ғылымсыйымдылығын орташа деңгейден арттырумен сипатталады;

- өмірлік кезенге сәйкес жүру стратегиясы айналыстан шығатын өнімдер және технологияларды алмастыру үшін арналған ҒЗТКЖ нәтижелерінде осы заттардың пайда болуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар ҒЗТКЖ-ді кәсіпорын қолданатын технологияның және өндіретін өнімнің өмірлік кезеңіне байланыстыруға мүмкіндік береді.

Екінші топқа, олардың көмегімен нарыққа жаңа өнімді шығару, өндірістің жаңаруы және кәсіпорынның технологиялық артықшылықтарын пайдалану жүзеге асатын стратегиялар жатады.

Бұл топқа келесі стратегиялар кіреді:

- моральдық ескіруге қатты ұшырамаған, кәсіпорын шығаратын тауарлардың тұтынушылық қасиеттерін жақсартудан тұратын өнім қатарын қолдау стратегиясы;

- моральдық тозған бірақ әлі де болса сұранысқа ие тауарлардың өндіріс процессін жетілдіруге бағытталған ретрожаңашылдық стратегиясы;

- технологиялық ұстанымды «позицияны» сақтау стратегиясы, ол кәсіпорын қатаң бәсекелестік жағдайында технология және өнімдерді жаңартуға қажетті қаражатты енгізе алмайтын, бірақ мықты бәсекелік позицияға жағдайда қолданылады. Бұл стратегия ұзақ мерзімде сәтілік әкелмейді және қысқа уақытты, уақытша мазмұнға ие;

- кәсіпорын бәсекелестерінен қарағанда өзінің инновациялық мүмкіншілігінің даму деңгейі бойынша артта қалғанда немесе өзіне жаңа болып табылатын нарыққа шыққанда қолданылатын өнімдік және процесстік имитациялау стратегиясы;

- ғылымсыйымдылығынан озу және имитациялық стратегияларға негізделген кезеңдік өту стратегиясы. Бұл стратегия кәсіпорынға технологиялық дамудың аралық кезеңдерден аттап өтіп оның бірден жоғары кезеңдеріне жетуді жүзеге асыруға көмектеседі;

- технологиялық байланыс стратегиясы, оның мәні кәсіпорын технологиялық байланысқан инновацияларды жүзеге асырады.

Инновациялық стратегиялардың үшінші тобына кәсіпорындардың өндірістік қызметінің тұрақтылығын және тиімділігін қамтамасыз ететін стратегиялар жатады:

- нарықпен ілесу стратегиясы әдетте кәсіпорын дамуының бастапқы кезеңінде пайдаланылады, ол кезде оның миссиясы мен мақсаты әлі тыянақты түрде анықталмаған және кәсіпорын ең жоғары сұранысқа ие өнім түрлерін шығаруға бағытталған;

- радикалды озу стратегиясы, бұның мәні кәсіпорын нарыққа түбегейлі жаңа өнімді (немесе оның өндірісінің әдісін) бірінші болып шығаруға ұмтылысы болып табылады, әдетте өнім және технологиялар бойынша жоғары тәуекелдермен және көп шығындармен байланысты;

- көшбасшыны күту стратегиясы, сұраныс әлі қалыптаспаған, жаңа өнім нарығына шығу барысында пайдаланылады.

Инновациялық стратегияны тандауды әртүрлі факторлар анықтайды, олардың бастысы – кәсіпорынның бәсекелестік позициясы және оның технологиялық мүмкіндіктері. Кәсіпорынның технологиялық мүмкіндіктері оның инновациялық қызметінің ішкі және сыртқы мазмұндамаларымен анықталады. Біріншісіне (ішкі) инновациялық мүмкіншілік кірсе, ал екіншісіне (сыртқы) осы кәсіпорынның тұтынушылар және жабдықтаушылармен өзара қарым-қатынасының нысандары және мазмұны кіреді.

Инновациялық дамудың технологиялық дамудан айырмашылығы, біріншісі кәсіпорынның болашақта даму қабілетін мазмұндайтын динамизм элементін өзіне біріктіреді, ал басқасы оның өндірістік аппаратының және өндіретін өнімінің техникалық деңгейінің жағдайындағы өзгерісін айқындайды. Бұл түсініктер өзара байланысты болуына орай олар көбінесе бірегей түрде кәсіпорынның инновациялық-технологиялық дамуы ретінде қарастырылады.

Кәсіпорынның инновациялық стратегиясын әзірлеудің негізінде оның экономикалық мүмкіндіктерінің болжамы жатады (оның болшақтағы инновациялық мүмкіншіліктері, даму тұрақтылығы және т.б.), ол оның инновациялық даму деңгейінің неғұрлым егже-тегжейлі талдауын жасауға және оның дамуының

негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл болжамның нәтижелері, кәсіпорынның мүмкіндіктеріне және нарық талаптарына сәйкес келетіндей жүзеге асыруға жоспарланған инновациялық жобаларды нақты талдау көмегімен орындалатын инновациялық дамудың маңызды емес аспектілерін бағалау үшін база қызметін атқарады. Алынған мәліметтер кәсіпорынның инновациялық дамуын анықтайтын маңызды көрсеткіштеріннің нақты есебін шығаруға, оған әсер ететін факторларды талдауға, кәсіпорынның даму деңгейін оның бәсекелестерінің даму деңгейімен салыстыруға мүмкіндік береді.

1-кесте. Кәсіпорынның инновациялық стратегияларының портфелін қалыптастыру

Әлеуметтік-экономикалық мақсаттар	Инновациялық мақсаттар	Инновациялық даму детерминатты ескеретін инновациялық стратегиялар портфелі
Өндіріс көлемін ұлғайту	Түбегейлі жаңару және өндірістік саймандардың бірліктерін көбейту, жаңа өнім және процесс түрлерін әзірлеу, жүйелік инновацияларды енгізу	Жоғары деңгей Ғылымсыйымдылығын озу, зерттеушілік көшбасшылық, радикалды озу стратегиялары Төменгі деңгей Өнімдік және процесстік имитациялау, лицензиялық, тігінен алып пайдалану стратегиялары
Кәсіпорынның нарықтағы үлесін ұлғайту	Өндірістің техникалық деңгейін арттыру, өнімнің бәсекелік қабілеттілігін арттыру, өндірістің шығындарын азайту	Жоғары деңгей Технологиялық байланыстықтың, параллельді әзірлемелік, зерттеушілік көшбасшылық, ғылымсыйымдылықтан озудың стратегиялары Төменгі деңгей Лицензиялық стратегия, нарықтың артынан жүру, өнімдік және процесстік имитация, технологиялық байланыстылық стратегиялары
Кәсіпорынның нарықтағы жағдайын тұрақтандыру	Өнімнің және технологияның жоғары техникалық деңгейін қолдау, өнімнің өмірлік кезеңін ҒЗТҚЖ кезеңіне сәйкестендіру	Жоғары деңгей Көшбасшының соңынан еру, нарықпен ілесу, өмірлік кезеңмен ілесу, ғылымсыйымдылықтан озу стратегиялары Төмен деңгей Технологиялық ұстанымдарды сақтау, лицензиялық, нарықпен ілесу, тігінен алып пайдалану стратегиялары

Кәсіпорынның жаңа нарықтарды игеруі	Дифференцияланған өнімдерді және процесстерді әзірлеу, тауарларды нарыққа шығару процесстерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету	Жоғары деңгей Кезеңдік еңсеру, көшбасшылық зерттеушілік, ғылымсыйымдылықтан озу, радикалды озу стратегиялары Төменгі деңгей Лицензиялық, Технологиялық байланыстылық, нарықпен ілесу стратегиялары
-------------------------------------	--	---

Осылайша, кәсіпорынның инновациялық стратегияларының портфелін қалыптастырудың негізінде оның инновациялық қызметінің бағыттарын тандау және оларды негіздеу, сонымен қатар осы қызметтің барлық нысандарын бағалау жатыр, олардың қатарындағы маңыздылары:

- қолда бар өнімдерді және технологияларды жетілдіру;
- жаңа өнімдерді және технологияларды әзірлеу;
- кәсіпорынның технологиялық базасын жетілдіру және дамыту;
- инновациялық қызметті басқарудың тиімділігін арттыру;
- ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру.

Кәсіпорынның инновациялық дамуының негізгі бағыттарын оның инновациялық стратегиялары айқындайды, ал инновациялық қызметтің аталған нысандарын жүзеге асыру нәтижелері оның инновациялық дамуының тиімділігінің факторларымен анықталады, олардың қатарындағы маңыздылары:

- кәсіпорынның инновациялық қызметінің бағыттары мен көлемін анықтайтын, инновациялық мүмкіншілік;
- жаңашылдықтарды тиімді игеру үшін қажетті, орталықсыздандыру және маңызды инновациялық мақсаттар мен міндеттерді шешуде қажетті ресурстарды шоғырландыру үшін, басқару процесстерін орталықтандыруды алмастыратын, инновациялық процесстерді ұйымдастыру;
- капитал салымдарын орналастырудың негіздемесі (кәсіпорын алдына тұрған инновациялық мақсаттар мен міндеттерді шешу және инвестициялардың тиімділігін арттыру көзқарасымен).

Нақты инновациялық стратегияны тандау оны әзірлеудің әдіс-тәсілдерімен және алдыңғы кезеңде кәсіпорын жүзеге асыратын инновациялық қызметтің нәтижелерімен анықталады. Кәсіпорынға инновациялық стратегияның типін анықтау үшін оның ағымды жағдайы және потенциалды мүмкіндіктері туралы қажетті ақпарат алу мақсатымен оның қызмет етуінің негізгі аспектілерін бағалау қажет.

ӨДЕБИЕТТЕР:

1. Дженстер П., Хасси Д. Анализ сильных и слабых сторон компании: определение стратегических возможностей. – М.: Вильямс, 2003. – 368 с.
2. Теория и механизм инноваций в рыночной экономике / Под ред. Ю.В. Яковца. – М.: Межд. Фонд Н.Д. Кондратьева, 1997. – 183 с.
3. Федоренко Н.П. Россия на рубеже веков. – М.: Экономика, 2003.
4. Фролов И.Э. Научно-технологический механизм ускоренного развития. – М.: МАКС Пресс, 2004. – 320 с.
5. Аньшин В.М. Инновационная стратегия фирмы: Учебное пособие. – М.: РЭА им. Г.В. Плеханова, 2005. – 67 с.

Жаһандану – «тарих жалғасы» синдромы

Еркін БАЙДАРОВ,
ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің Философия,
саясаттану және дінтану
институтының жетекші ғылыми қызметкері,
философия ғылымдарының кандидаты

Ермек Аманшаевтың қазіргі заманғы жаһандану үдерісіне және жаһандық әлемнің жаңа координаттар жүйесіне арналған «“Тарихтың соңы” синдромы» (Central Asia Monitor, 22.06.2012) атты мақаласын зор ынтамен оқығаннан кейін жаһандануды кәсіби зерттеумен айналысып жүрген адам ретінде құрметті автордың көтерген мәселесінің жалғасы ретінде өмірлік кеңістікте болып жатқан жаһандану үрдістеріне өз көзқарасымды ұсынғым келді*.

Шыныменде, жаһандану қазіргі кезде айналасында көптеген ғылыми пікірталастар мен талқылаулар жүріп жатқан, ал бұл тақырыптағы зерттеулер мен басылымдар өзгеріссіз өсіп жатқаны белгілі. Осы салада маңызды тәжірибе мен бай теориялық материал жинақталғанына қарамастан, олар қанағаттандырылғы деңгейде емес, себебі соңғы уақытта жаһанданудың өзектілігі мен ол тудыратын жаһандық мәселелер көбейді, ал әлемдік қауымдастық тарапынан бірлескен жөні дұрыс әрекеттер болмай өтыр.

Жаңа тарих оқиғаларының желісінің барлығы жаһанданудың траекториясы әлі де түрлі мемлекеттер топтарының және әлеуметтік даму типтерін сақтау мен күшейту сценарийіне сәйкес сызылып жатқандығын көрсетеді. БҰҰ-ның «Мыңжылдық Саммитіндегі» Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде: «жаңа мыңжылдық бізге жай ғана жаһандық өзгерістер ғана емес, сондай-ақ адамзат өміріндегі өзгерісті кезеңнің жақындауын болжайды. Бірақ қазіргі кезде жаңа әлемдік тәртіп контурларын жасақтайтын және күмәнсіз

* Мақаладағы ойлар тереңірек түсінікті болу үшін, өзімнің жақында Lambert Academic Publishing баспасында (Саарбрюкен, Германия) (<https://www.lap-publishing.com/.../Диалектика-глобализации>) [1] жарық көрген «Жаһандану диалектикасы: мәдени-өркениеттік аспект» атты ғылыми монографияммен танысуларын жөн көрер едім.

прогресстің құбылысына жататын жаһандану көптеген мемлекеттер үшін бірқатар жағымсыз салдарын тигізетіні анық» [2].

Жаһандану үдерісіндегі әлемнің «орталық-периферия» (немесе Солтүстік-Оңтүстік) белдеуі бойынша поляризациясы көп жағдайда бақыланбайтын және қайта алмайтын үрдіске айналу-да. Ол тек өмір деңгейі мен сапасының өсуінің тоқтауымен қатар, постиндустриалдық мемлекеттер мен дамушы елдердің даму болашағының үзілуіне алып келе жатыр. Бұл өзіндік ерекшелікке ие феноменді жаһанданудың мәдени-өркениеттік мәселелерінің негізінде жатқан әлемнің құрылымдық мәселесі ретінде классификациялауға болады.

Жаһанданудың қазіргі заманғы үдерістері қоғамдық өмірдің «мәдениет» және «өркениет» сияқты іргелі мәселелерімен тығыз байланысты және ол жекелеген қоғамдар мен адамзатты тек бір не екі өлшем ретінде емес, жалпы «көлемді» – бірден үш кеңістікте қарауға мүмкіндік береді: *мәдениет*, *өркениет* және *жаһандану* көзқарастары тұрғысынан. Бұл ретте, жаһандану бәсекелестікті тек экономикада ғана шиеленістіріп қана қоймай, сондай-ақ мәдениет саласында да, оның дәстүрлі үлгілерін бұзып, «жойып», «келбетін жоғалтып» емес, оның өзіндік ерекше, қайталанбас сипаттарын «Жер бетінен өшіруде».

Жаһандану өзіндік болмыстың төмендеуіне алып келеді және жер шарының түрлі халықтарының өзін-өзі ұлттық топ мен мемлекеттік ұйымдар ретінде айқындауының дағдарысын тудырады. Ежелден келе жатқан ұлттық мәдениет пен дәстүрлер маңызы төмендейді. «Мықты» тілдер, мәдениеттер мен дәстүрлер ақпаратты ұсынудың жетілген әдістері мен механизмдеріне ие бола отырып, өздерінің қолданыс аясын кеңейтуде, ал «әлсіз» ұлттық тілдердің, мәдениеттер мен дәстүрдің аялары – азаюда. Бұл үдеріс әлемнің көптеген мемлекеттерін алаңдатуда.

Жаһандану үдерісінің әртүрлі өркениеттерге әсерін зерттей отырып, оның тек материалды бөліктерінің жақындасу салдарын ғана емес, сондай-ақ мәдениеттердің жақындасуын, осындай жақындасу кезіндегі өркениеттердің немесе қандай да бір ұлттардың өзіндік дамуын бұзбайтын диалектиканы да талдау керек.

Осыған байланысты мәдени-өркениеттік айқындылықтың жоғалуы және мәдени бірегейліктің төмендеуі мемлекеттер үшін күрделі мәселеге айналып отыр.

Сонымен қатар, жаһандану мен ол туындататын мәселелердің пайда болу себепшісі көп адамдармен «батыстық», «техногендік»

өркениет деп түсінілетін «өркениет» болып жарияланады. Оған шектен тыс қарқындылық мен басқыншылық сипат, жансыз тех-нологизм мен басқыншылық ұмтылыстар, табиғатқа шабуыл және қоршаған ортаны ластау, соңында құндылықтарды бірізділендіру және адамның «қалыпты табиғатын» жою сияқты айыптар тағылуда. Басқаша айтқанда, өркениетке бұзушы, эззілдік сипат және жаһанданудың жоюшы күштеріне еліктірудегі белсенді бастау тағылады, ал мәдениет жаһанданудың құбылыстарынан өзгерістерге мәжбүрлейтін, мәдениет негіздерін жоятын, зардап шегетін әлсіз рөлде болады.

Бірақ бүгінгі күнде ресейлік зерттеуші А.Н. Чумаковтың айтуы бойынша жаһандануды мәдени-өркениеттік үдеріс ретінде алдын алуға болмайды, сондықтан философтардың міндеті – тәжірибелік мақсаттарды ескере отыра, бұл үдерістің векторын анықтау және оның жағымсыз салдарының алдын алу керектігін көрсетеді [3].

Қазіргі уақытта жаһанданудың дамуы қоғам өмірінің барлық салаларының өзгеруімен қатар жүріп жатыр. Біздің әлем трансұлттық қоғамға айналуға, ол ұлттық шекараны «шаюда». Жаһандану үрдісі әлемдік көлемде адамның көп өлшемділігінің азаюына, тұлғаның, этностардың, нәсілдер мен ұлттардың менталитет бойынша бірегейлігінің жойылуына алып келеді. Осылайша, жаһандану философиясы орталық орынды *мәдениет* пен *өркениет* алатын осы күрделі әрі біршама өзекті құбылысты кешенді зерттеудің маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

Соңғы он жылдың ғылыми және әлеуметтік-философиялық басылымдарын талдау, жаһандануды мәдени-өркениеттік дамудың ерекше сипаттамасы ретінде экономикалық және саяси дамудың батыстық (неолибералдық) үлгісінің жеңісі ретінде бағаланған КСРО-ның және «әлемдік социализм жүйесінің» күйреуінен кейін жаза бастады. Осыдан кейін «жаһандану» ең алдымен осы – неолибералдық мағынада қолданыла бастады. Осы уақытта, ақпараттың жинақталу мөлшеріне қарай жаһандануды соңғы он жылдықтың феномені емес, оны одан да кең адамзат тарихының әлеуметтік, экономикалық, саяси немесе әлеуметтік-мәдени контекстімен байланыстырғандардың қатары артты.

Адамзатты өркениет пен даму жолында бірігу мәселесін ұғынуға елеулі үлестерін қосқандар қатарында И. Кант, Ж.Ж. Руссо, Г. Гегель, К. Маркс, П. Тейяр де Шарден, В.И. Вернадский, Шри Ауробиндо, А.Дж. Тойнби, К. Ясперс және басқа да ойшылдар болды, олардың әрқайсысы өз уақытында «біріккен» адамзат қалыптасу гипотезасын

мәселесін негіздеуге талпыныс жасаған. Ақырында жаһандануға өткен және әсіресе жақында ғана өткен заманнан бастау алатын әлемдік-тарихи үдеріс ретіндегі көзқарас батыстық ғалымдар З. Бауман, У. Бек, И. Валлерстайн, Э. Гидденс, Р. Робертсон, Ф. Фукуяма мен басқа да батыстық авторлада жалғасын тапты, олар жаһандану үдерісін әлеуметтік болашақ немесе оның адамзаттық немесе өркениеттік әлем тұрғысынан қарастырды.

Осыған карамастан жаһандану мәселелерін зерттеулердің көбі соңғы жылдары саяси, әлеуметтік, этнопсихологиялық және мәдени-антропологиялық (этнологиялық) зерттеулер шеңберінде жүргізіледі. Осы мәселені зерттеуден ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты да шетте қалмады. Мысалы, Институт 2006, 2009 және 2011 жж. ұжымдық монографиялар жариялады: «Жаһандану жағдайындағы Қазақстан: саяси-философиялық талдау», «Жаһандану аясындағы философия» және «Жаһандық әлемдегі Қазақстан: талаптар және бірегейлікті сақтау». Оларда қазіргі заманғы өркениеттік үдерістерге талдау жасалып, жаһандануға жалпы сипаттама беріледі, жаһанданудың қазақстандық қоғамның тұрақтылығы мен беріктігіне ықпал ету түрлері көрсетіледі, жаһандық қарым-қатынас жүйесіндегі қазіргі заманғы Қазақстанның даму қарқынына, жаһанданудың ұлттық егемендікке, қазақстандық қоғамның нығаю мен бірегейлену үдерісіне ықпалына саяси-философиялық талдау жасалынады.

Бірақ қазақстандық ғылыми әдебиетте жаһандану мәселесінің жеткілікті түрде зерттелмегені оған деген ғылыми қызығушылыққа да, мәдени-өркениеттік, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және басқа да жаһандық жүйенің субъектінің арасындағы қатынастардың теориялық зерттеулерді қажет ететін қазіргі заманғы гуманитарлық ғылыми қажеттіліктерге сәйкес келмейді.

Бұл жағдайларда жаһанданудың тарих пен қазіргі замандағы мәдени-өркениеттік мәселелерді талдауға талпыныс жасайтындардың кез келгеніне таңдау жасауға тура келеді: осы тарихи феноменнің қолда бар күрделі түсіндірмесіне қосылу немесе оларды талдай отырып, өзінің жеке, біздің жағдайда – әлеуметтік-философиялық түсіндірме жасалуы қажеттілік. Бұл ретте, жаһандық экономика жаһанданудың онтологиялық негіздемелерінің бірі ретінде қарастырылу керек. Жаһанданудың аксиологиялық негізі ретінде қазіргі заманғы батыс мәдениеті – бұқаралық тұтынушы мәдениеті болып отыр.

Кең қолданысқа «жаһандану» түсінігі Давостағы XXV Бүкіләлемдік экономикалық форумнан (1996) кейін 1990-шы

жылдардың соңында енді, ол жерде барлық талқылаулар «Жер шарындағы негізгі үдерістердің жаһандану» тақырыбына арналған болатын. Сол уақыттан бері жаһандану «германдық көмір өндірісінің төмендеуінен бастап, жапондық жасөспірімдердің жыныстық әдеттеріне дейін» барлық нәрсені түсіндірудің өзіндік клишесіне айналды» (В. Максименко) [4]. Осылайша, осы саланың белгілі мамандарының бірі, Тасман университетінің профессоры Малькольм Уотерс атап өткендей, жаһандану XX ғасырдың 90-шы жылдарының басты идеясына айналды, «оның астарында біз адамзаттың үшінші мыңжылдыққа өткені туралы» ой жатыр [5].

Бүгінде жаһандану мәселесі бойынша көптеген зерттеулер мен басылымдар осы түсініктің кең мағынасында, тек қана шиеленіскен саяси және қызықсыз академиялық талқылаулардың пәні ретінде ғана емес, сонымен қатар оның жеткілікті түрде зерттелмегендігі және оның ары қарай міндетті зерттелу қажеттілігі байқаймыз. Сонымен қатар бүкіл адамзатты қозғайтын ірі масштабты үдерістердің әсерімен қоғам жойқын метаморфозаларды бастан өткізуде. Жаһандану феноменіндегі мұндай өзгерістердің себебін көбі әлемдік-тарихи кері айналмайтын үдеріс бола отырып, көптеген құрылымдық кеңістікте бір уақытта дамиды, өйткені өмірдің әр саласында жаһандану мәселелердің жиынтығын іске келтіреді:

1) өндірістік-экономикалық кеңістікте – бұл нарықты ырықтандыру және қаржылық саланы символдар арқылы білдіру, сондай-ақ стратегиялық маңызы бар салаларды экономикалық тиімсіздіктен қорғауға деген қажеттілік;

2) әлеуметтік кеңістікте – бұл біртұтас адамзаттың қалыптасу үдерісімен, өмір сүруге күреспен емес, табиғатпен үйлесімді өмір сүру заңдарымен сананың жаңа кеңістігімен қатар жүретін, міндеттер, сұрақтар мен мәселелердің жиынтығы. Бұл байлық пен кедейліктің қарқыны, теңсіздік мәселелері, басқарылмайтын миграция мен «ғұламалардың жылыстауы», Бұл байлық пен кедейшілік, теңсіздік мәселелері, жұмыссыздық және тексерілмейтін демография динамикасы, сонымен қатар техногендік қызметтен туындаған экологиялық мәселелер;

3) саяси кеңістікте – деэтизация (яғни мемлекеттің шекаралардың ашықтық мәселесі), жаһандану мен жаһандануға қарсылық тартысы, халықаралық терроризм мәселесі;

4) мәдени-өркениеттік кеңістікте – бұл мәдени-өркениеттік, діни және ұлттық бірегейлік мәселелері, виртуализация мәселесі,

унификация және оның салдары ретінде оның бұқаралануы мен шаблондалуы;

5) антропологиялық кеңістікте – бұл адамның ішінен, оның рухани болмысының тереңінен шығатын жаһандану үдерісі, өйткені өзгелердің тәжірибесін игере отырып, адам бұл жаһандану үдерісінен шетте қала алмайды, өйткені ол тіршілік иесі.

Жоғарыда айтылғандай, жаһандану өркениет сияқты ескі, өйткені ғасырлар бойы нарықтық экономика тек «тереңдеп» қана қоймай, сонымен қатар «кеңейіп» отырды. Байланыстардың орнауы мен қоғамдардың жақындасу феномені ретінде жер шары ауқымында жаһандану адамзат тарихының ұзақ кезеңіне жатады. Оның пайда болуын әлемнің түрлі құрамалары арасында әлемдік деңгейдегі қарым-қатынаста тұрақты әрі жүйелі қарым-қатынасы орнағаннан бастап байқауға болады. Мұндай мысал ретінде Ұлы жібек жолы – трансконтиненталдық сауда магистралі болуы мүмкін. Рим империясы кезінде үлкен қашықтықта жиі алмасулар болып тұратын: қытай, үнді, парсы және жерорта өркениеттік әлемдері арасында орнауы. Бірақ сол уақытта заңдастырылаған болып қала берді, себебі тек Ескі Әлеммен қырланып отырды. Орта ғасырдың символы белгілі итальяндық саяхатшы Марко Поло болды. Жер шарының алыс жерлерін зерттей отырып, оның демеушілері сауданы дамыту мен максималды капиталының қайтарылуы арқылы экономикалық басып алуды ойлады. Осы себептен де жаһандану өткен және қазіргі жаһандану үдерісіне негіз болады.

Әрине жаһандаудың мықты факторы «жаһанданудың генераторы» экономикалық түрде бір уақытта бірнеше елдерде жұмыс жасайтын және өз мүдделері үшін жаңа тарихи шарттарды қолданатын трансұлттық компаниялардың болуынан көрінетіні таласқа түспейтін дерек. Экономикадан басталып, жаһандану қоғамның басқа салаларына шарасыз тарап, басқа қоғамдық салаларға соңынан оның бастапқы импульсі шығатын «ошақтан» тыс әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және саяси салдарын алып келеді. Бірақ жаһандануды түрлі үдерістердің жиынтығы немесе алыптануы деп пайымдауға болмайды. Жаһандану бұл объективті үдеріс, ол әлемдегі жаһандық деңгейдегі адам болмысының кеңістігіндегі сапалық өзгерістердің анықтайды, ол жапы жер шарының көлеміндегі тұлғааралық және қызметтік қарым-қатынасының түрі мен әдістеріндегі терең қозғалыстарымен, жекелеген адамдардың және жалпы өркениеттің ерекшелігі мен бірібірімен байланыстылығымен шартталған.

Сонымен қатар постиндустриализм мен жаһандану феномендері қазіргі заманғы әлемде көптеген мәселелерді туындатуда. Біз бұған дейінгілерге қарасақ онда екі бөлікке бөлінген әлемнің пайда болуына куә боламыз: бүгін өз негізінде дамуға мүмкіндігі бапост-индустриалды өркениет өз-өзіне барған сайын тұйықталуда. Барлық әлемге ақпараттық және жоғарғы технологияны таратып, оны қазіргі заман өндірісінің ажырамас сипатына айналдырып, постиндустриалды елдер осы өнім түріне бағаны белгілей алады, ал бұл осы өнімнің негізгі көп бөлігі шоғырланатын постиндустриалды өркениеттердің орталықтарының басқа елдермен салыстырғанда алға шығуын жылдамдатады. Артта қалушы елдердің деңгейде орналасқан технологиялық қуыстарға енуге негізделген «куып жетуші» дамудың талпыныстары жалпы постиндустриалды елдермен ұзақ мерзімді жоспардың өтіп кеткен және тек уақытша болашағы жоқ болып есептелетін нәтижелерін алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар, батыстық елдер тұтынудың жоғары стандарттары мен әрекет эталонының тасымалдаушысы бола отырып, кедей елдердің тұрғындарына шынайылыққа айналатындай негізі жоқ аса көтерілген талаптарға сендіруге тырысады. Бұл бір жағынан, жер шарының бай аймақтарына жаппай миграциясына, екінші жағынан – батыстық құндылықтарды мойындамауды (әсіресе бұқаралық тұтыну) және фундаментализмге кетуді алып келеді. Бұл француз ғалымы Ж.Л. Амселоге мына деректі белгілеуге негіз болды: «Қазіргі заманның жаһандануының парадоксы бірегейлікті жою емес, керісінше ол оны айқындайды және оны этникалық және діни фундаментализмге алып келетіндей қаталдандыра түсетіндігінде» [6].

Барлық айтылғандардан, адамзат жаһандануды «жеңу» жолын іздеу керек дегенді білдірмейді. Соңғысы, ақырында тек объективті және баламасы болмайды (егер барлығына қарсы соғысты есепке алмағанда). Әңгіме жаһанданудың жасампаз әлеуеті мен интенциясының пайдасына айналдыратын немесе оның жағымсыз салдарын бір уақытта шектеу үшін механизм табуды болып тұр.

Жаһандану мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен сіңісуінің тереңдеуі мен ұлғаюына («мәдениеттер сұхбаты») осы саладағы шекаралас үдерістердің дамуына алып келуімен қатар әлеуметтік жағдайларға байланысты түрлі қарама-қайшылықтарды туындатады. Жаһандау қарсыласуды да кездестіреді, әсіресе ол бір мәдениеттің екінші мәдениетті басуымен, одан да күшті мәдениеттің

әлеуметтік үлгілерімен ығыстыруы. Бұл жағдайда түрлі ұлттық және аймақтық мәдениеттер арасында қиын әрі шиеленіскен қарым-қатынастар, өзіндік ерекшелікті сақтауға деген үрдіспен қатар, ұлттық мәдениеттердің даралануы пайда болады. Кейбір колониялық тәуелділіктен босаған елдерде бұл даралану вестернизация мен батыстық «бұқаралық мәдениеттің» енуіне қарсылық протестінің үлгісі болды, ал өз мәдениетін қорғау – халықтардың өзін-өзі таныту арқылы жүрді. Бірақ бұрынғы колониялардың халықтары өздігінен саяси даму жолына түсуде, олардың техникалық-экономикалық артта қалуы, архаикалық әлеуметтік құрылымның басым болуы және артта қалушылықты тек қазіргі заманның ғылымы мен технологиясын органикалық игеру арқылы жеңуге болады деген дерек тек сапалы айырмашылықты мәдениеттердің арасында өзара әрекеттесу мен байланыстар орнату жолында ғана мүмкін.

Бірақ, бұл құбылыстың сипаттамасына тәуелсіз бірдебір қоғам бүгінгі күнде жаһанданудың үдерістерінен адам өміріне экономикалық, мәдени зақым көрсетпей бөлектене алмайды. Жаһандану, тарих дамуының өткен кезеңдерімен салыстырғанда қазіргі кезеңде кез келген жағымды және жағымсыз үдерістер жымдам планетарлық деңгейге көтеріледі. Бірақ жаңа әлемдік тәртіптің және жаһандық ойлаудың қалыптасуының алдын алуға болмайтындығын түсіну сонымен қатар бұл әлем қандай болады деген толық белгісіздікпен ұштасып жатады.

Батыстық өркениеттің индустриалды дамуы «жаңа варварлық» туралы айтуға болатындай сипаттарды тауып алды. «Өркениет-варварлық» деген бастапқы ұстаным өзге де қауіпті әрі өткір ұстанымға орын берді – бір жағынан «өркениет-табиғат», екінші жағынан, «өркениет-мәдениет». Индустриалды өркениеттің табиғатпен және мәдениетпен қақтығысы, басқаша айтқанда экономикалық және рухани дағдарыс бұл өркениеттің өсу шегін белгілеп қана қоймай, сонымен қатар оның жалпы планетарлық көлемдегі үлгі ретіндегі қолайсыздығын да белгілеп қойды.

Француз саясаттанушысы және экономисті Жак Атталидің пікірі бойынша [7], ХХІ ғасырдың Колумбтары кеңістікті емес, түпкі сананы зерттейтін болады. Бұл «қазіргі заманғы өркениетті» игерудің басып алудың мүлдем басқа бағыттары болып табылады, олар өзге қоғамның яғни *көшпенді* сипаттағы түрінің қалыптасуына алып келеді. Адам көп заттарды қажет етпейтін болады. Миниатюризациялау, байланыс пен техника құралдарының дамуы, қызмет көрсету саласын дамыту және

қоғамдық қатынастардың ары қарай дамуы жеке тұлғаны одан әрі мобильді, үлкен қашықтықтарға орын ауыстыруға қабілетті және жұмыс қажеттіліктерінің өзгерісіне бейімделуге мүмкіндік береді. Ж. Аттали кезеңнің «қазіргі заманғы өркениетін» кеңістік пен уақыттан тыс шекарасыздығының демократиясы ретінде көреді. Бұл бір жағынан, адам ата-баба мен ұрпағы алдында жауапты екендігін білдіреді (мұнда басты басымдық қоршаған ортаға деген қамқорлықпен қарау құндылықтарын жасауға беріледі). Екінші жағынан, бұл олардың арасында тауарлардың, қызметтердің, капиталдардың және адамдардың еркін айналымы жүретін қауымдастықтардың достастығы болады.

Әр ел үшін жаһандану жағымды бастаулармен қатар жағымсыз бастауды алып келуі мүмкін екенін ескеру керек. Бір жағынан, ол жағымды жағдайларда сыртқы сауданың сапалы әрі сандық кеңеюін, шет елдік инвестицияның өсуін және ақыр соңында экономикалық өсімге жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Екінші жағынан – жаһандану ұлттық экономиканы сыртқы әлемге тәуелді етеді, мысалы тұрақсыздықпен, қаржылық қиналыстармен, түрлі толқулармен өзіндік қауіп тудырады. Әсіресе, бұл экономикасы әлсіз елдер үшін қауіпті.

Бұл жағдайларда ұлттық мәдениеттің ерекшелігін сақтау мәселесін өркениетті ұйымның белгілі бір географиялық кеңістігінің көлемімен тұйықталған тарихи-антропологиялық, әлеуметтік-мәдени және тарихи типтері тұрғысынан қарастыру керек.

Осындай ұлттық мәдениет дәстүрлерінің үйлесімді, күш көрсетусіз өзгерісін Қытай, Үндістан және Жапония көрсетіп келеді, онда жергілікті мәдениет пен дәстүрлер, егер олар ара салмақтың тепе-теңдігін қамтамасыз еткен жағдайда жаһандануға қарсы келмейді.

Мысалы, Қытайда барлық коммунистік рәміздер, конфуцийлік идеологиялық ережелер мен мемлекеттің партиялық-саяси институттары жақсы қол тимеген күйде сақталған, бірақ олардың әлеуметтік мағынасы мен қызметі түбегейлі өзгеріске түскен. Бұл реформалардың бір жерге жинақталған, дәстүрлі менталитеттің терең құрылымдарының мың жылдап қалыптасып келе жатқан, сонымен қатар жаһанданудың талаптары мен шақыруларын көңіл қойып, прагматикалық түрде мәдениет пен өркениетке байланған стратегиясының көрінісі ретінде Дэн Сяопиннің атақты қанатты сөзі болды: «*Мысықтың қандай түсте болғаны бәрібір емес пе? Бастысы ол тышқан ауласа болғаны*».

Қазіргі Қытайда саясат пен экономиканы бөлудің ұстанымы жаһандануға Қытайдың саяси және экономикалық айырмашылықтарын көрсетеді. Егер Қытай Батыстың араласуына жол бермей саяси жаһандану жоққа шығарылса, онда экономикалық жаһандану әдістерінде екі жақтылық байқалады: бір жағынан Қытайдың әлемдік шаруашылық байланыстарға қызығушылығы, екінші жағынан – Батыстан қосымша ұлттық дамудың қорын алуға деген үміт. Сондықтан Қытай жаһандық экономикалық жүйеге терең ене отырып, өзінің идеологиялық және саяси өзіндік бірегейленуін үшін әлем және әлеуметтік ел ретінде сақтап келеді.

Қытай жаһанданудың батыстық үлгісінің жетегінде келе жатқан жоқ, ол тағдыр талкегімен американдық «жұмсақ күш» (*soft power*) (Дж. Най) [8] концепциясының негізінде өз жолын салуда және ол АҚШ-та сәтті тексерілген. Оның негізгі мәні ұлттық мәдениеттің саяси құндылықтар мен сыртқы саяси моральді авторитетпен нығайтылған тартымдылығында жатыр.

Қытай бұл концепцияны қолға алып, оған қытайлық рухтан ежелгі трактаттардан дәлелдер тауып, оған қытайлық мазмұн берді. Бұл «жұмсақ күш» концепциясының қытайлық үлгісінде шет елдік қытай диаспорасымен білікті жұмыс жасау; халықаралық деңгейдегі спортшыларды дайындау әдістемесі; оған елдің экономикалық дамуының өзіндік үлгісін қосылады, ал бұл Қытайға өзін үшінші әлемдердің көшбасшысы деген ұстанымда болуға; қытай мәдениетін дәстүрлі медицинаның, қытайлық асхана мен Конфуцийдің институттар жүйесінің құпиялары арқылы бүкіл әлемге насихаттауға мүмкіндік береді. Бұл саясат асығыс емес, біртіндеп жүретін, бірақ сенімді. «Жұмсақ күшті» жылжытуға жаңалық ресурстары мен әлем тілдеріндегі бағдарламалар үшін Қытай 6,6 миллиард доллар бөлді. Ел көшбасшысы Ху Цзиньтао Интернетті осы концепцияны алға жылжыту үшін және қытай мәдениетінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолдануға шақырды.

Үнді мәдениет әлемдік үдерістен шетте орналасқандай бүгінгі күнде де буддашыл көзқарастан арлымай келеді. Ол қарсы да емес, не оның жағында да емес және бір де бір гегемон ел оны ұйқтап жатқан балаға сияқты тиіспей отыр.

Жапондық өркениет дәстүр мен батыстық құндылықтардың өзара үйлесімділігінен көрінетін өзінің ерекше тәжірибесінің негізінде жаһандану және оның мәдениет негіздерін өзгерте алмайды деп есептеп, жаһандық үдерістерді өз дәстүрлерін нығайту үшін қолдануға тырысады.

Өмірді модернизациялауға, қоғамды жаңартуға ұмтылыс бұл қоғамдардың негізгі дәстүрлері мен ұстанымдарын бұзбады. Осының барлығының нәтижесінде Шығыс-Азиялық аймақтың жаңа мәдениеті түзілді. Оны С. Хантингтон және басқа зерттеушілер дәстүрлі мәдени түсініктердің қазіргі заманғылармен, соның ішінде нарықтық және басқа қатынастардың қазіргі заманның «азиялық құндылықтардың» жиынтығы деп анықтайды, ал бұл өз кешегінде соңынан өмір сүру мен еңбек студия сапалы жақсаруын, бұл елдерді өзге экономикалық және саяси деңгейге шығарды, олардың әлемдік қауымдастықтағы орны мен мәртебесін жоғарылатты.

Дамушы елдерде жаһандану жағымсыз қабылданатыны қалыпты жағдай, себебі Батыс елдері осы елдермен жаһанданудың жемістерін бөліскісі келмейтін кезде жаһанадану неокOLONиализмнің жаңа үлгісі ретінде саналды. Жаһандану бұл жерде моральмен, әдеппен және қоғамның дәстүрлі құндылықтарымен қарама-қайшылыққа түсетін мөлшерде ғана мойындалады. Ақпараттық көтеріліс және байланыстық жаһандану адамдарды басқару, олардың санасын билеу деп анықталады. Әсіресе жаһандану африкалық континентте жағымсыз сипатта қабылданады, өйткені ол халықтың және көшбасшылардың мемлекеттілік пен ұлттық егемендікке жетуге деген ұмтылысымен қатар жүреді.

Жаһанданудың әлеуметтік мәдени салдары туралы айтқанда, Батыстағы бірқатар зерттеушілер, мысалы, С. Бенхабиб, М. Кастельс, Р. Инглхарт [9] және басқалар өз жұмыстарында индустриалды даму кезеңінен постиндустриалды кезеңі, ал одан ақпараттық өркениетке өтіп жатқан қоғамдардың мәдени құндылықтарының өзгерісі жайлы; мәдени экспансия үдерісінің өсуі туралы; унификация ұстанымдары мен экономикалық тиімділік басым болып келетін әлемдегі ұлттық мәдениеттерді күтіп тұрған қауіп туралы; мультимәдениеттілік теориясын құрастырушылар жасаған есептен жаңылысулар мен осы теориялық-әдістемелік негіздемеге сүйенетін мәдени саясаттың шығындары туралы; «қайнап жатқан қазан» идеясының шикілігі мәселелерді көтереді және т.б.

Олардың жұмыстарында жаһандану бітұтас мәселелердің жиынтығын туындататыны және олар туралы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басы тіпті ортасында да мәдениет феноменін зерттеумен айналысқандардың ешқайсысы білмегені жайлы; жаһандану барысында өндірістің, мәдени құндылықтардың таралуы мен тұтынуының мүлде жаңа түрі пайда болатыны жайлы; жаһандану үдерісінің тереңдеуіне қарай табиғи әлем мен

жасанды әлем арасындағы карама-қайшылық өсетіндігі жайлы; мәдени гомогендікті жасау талпыныстары кері әсер тудырады, ол өзінің көрінісін локализациядан, мәдениеттердің өз шекарасымен тұйықталатындығынан табатындығы туралы айтылады. Жоғарыда айтылған авторлардың жаһандану феноменін мәдениеттанулық мағынада талдауға қосқан үлесін бағалай отырып, оны кеміту қиын екенін айта кеткен жөн.

Бірақ жаһанданудың бірқатар маңызды мәселелері олардың зерттеулерінде дұрыс ашылмаған. Жекелеп алғанда, отандық және шетелдік зерттеушілік мүдде шеңберінен мәдени құндылықтардың мәдени әлемдердің жекеленуінің өсуі жағдайындағы ұрпақтан ұрпаққа берілуі туралы, қарқынды жаһанданып бара жатқан қоғамдағы мәдениеттердің өзара әрекеттесу типтері туралы, жаһанданудың екі жақты табиғаты мен ол тудыратын салдардың нәтижесі туралы мәселелер тыс қалды. Қазіргі заманғы философтардың, мәдениеттанушылардың, әлеуметтанушылардың жұмыстарынан мынадай сұрақтарға жауап табу қиын: бүгінде мәдениетте болып жатқан өзгерістер адамның креативті әлеуетінің дамуы мен өзін дамытуға қалай әсер етеді? Жаһандану француз ағартушыларының, неміс романтиктері мен атақты орыс және қазақ діни-философиялық ойдың өкілдерінің еңбектерінде алғашқы белгілері қозғалған мәдени дағдарыстан шығуға жаһандану жағдай жасай ма? Қарқынды жаһанданып бара жатқан әлемде өркениеттердің «әсерекызыл» емес, шынайы сұхбаты туралы айтуға бола ма әлде С. Хантингтонның, ХХІ ғасыр өркениеттердің тоғысуы болатындығын мойындау керек пе? Жаһанданудың әлеуметтік мәдени салдарын зерттейтіндер оны тек жағымсыз бастау алып келетін феномен ретінде бағалайтындықтарын айта кету керек. Жаһандануға өздерінің жағымсыз қатынастарын олар, жаһандану әлем мәдениеттерінің бірегейленуіне алып келеді, ұлттық мәдениеттердің негізгі құндылықтарына жоюшы түрде әсер етеді, американдық бұқаралық мәдениеттің постиндустриалды қоғамның мәдениетіндегі ансамбльде басты скрипканың рөлін ойнайтын көшбасшы мәдениеті ретінде орнығуына ықпал етеді деп түсіндіреді.

Шыныменде, мәдени бірегейлікті жоғалту – айқындылық және оны ұлттық мәдениеттермен қатар жалпы әлемдік мәдениет бастан өткеріп жатқан драманың айғағы деп қарастыру керек. Бірақ жаһандану өзара байланысқан әлемнің қалыптасуына ықпал етеді, онда түрлі өркениеттер мен мәдениеттердің өмір сүруі тек олардың императив ретінде мәдени плюрализмді алған жағдайда ғана

мүмкін бола алатындығы айқын. Жаһандану «ақпараттық ағынның» тығыздығын ұлғайтып, түрлі мәдениеттерге өзінің этникалық және ұлттық шектелуінен шығуға, өзіндік дамудың қарқынын алуға мүмкіндік береді. Жаһандануды эмоцияға беріліп, одан тек абсолютті жамандық көріп жамандауға да, одан тек кереметті көріп қоштауға да болмайтындығы анық.

Сонымен қоса осы уақытта әлемдік, отандық әдебиетте нақты әрі сенімді жауаптары жоқ бірқатар сұрақтар бар, бірақ жаһанданудың айналасында туындаған жағдайды түсінуге деген қажеттілік бар және ол алдымыздағы тарихи келешекте азаймайды деген болжам жасауға ешқандай негіз жоқ.

Жаһандануға қандай көзқарас қабылданатынына қарай, жаһанданудың «табиғи тарихи үдеріс» болып мойындалатыны (К. Маркс) немесе мойындалмайтыны негізінде оның экономикалық, саяси және әлеуметтік мәдени салдары туралы айтуға болады. Жаһанданудың қазіргі заман қоғамының түрлі салаларында жүріп жатқан үдерістерге ықпалын бағалау, оның апологеттері мен сыншылары арасында ерекше тұрғыда карама-қарсы болатындығы анық.

Оған карамастан, біздің көзқарасымыз бойынша, қазіргі заманғы жаһандану трансұлттық экономика мен жалпы әлемдік саясаттың қалыптасу үдерісі, оның негізінде бүкіл әлемге тарап жатқан Батыстың құндылықты бағдары жатыр. Бұл жақсы ма әлде жаман ба – сұрақ басқа, бірақ бұл үдеріс әлемде көптеген жылдары бойы болып жатыр дегенмен келіспейтін бірде бір адам жоқ шығар.

Иә, *жаһандану* – өзінде жағымды және жағымсыз салдарын қамтитын диалектикалық үдеріс. *Экономикада*, бір жағынан – өндірістің конвейері мен диверсификациясы, электронды сауда және интернет арқылы болатын банктік қызметтер; екінші жағынан – ұлттық нарықтардың жаһандыққа енуі, экономикалық биліктің дезинтеграциясы, саясатқа үлкен әсер ететін трансұлттық компаниялардың қызметі, байлар мен кедейлер арасындағы айырмашылықтың өсуі, колониализмнің, қанаудың, құлшылықтың жаңа түрлерінің пайда болуы.

Бір жағынан, *мәдениетте* – ақпарат ауқымының көлемінің өсуі, халықтың көп бөлігінің мәдени құндылықтарға қол жетімдігі «мәдениеттің әлеуметтік қарқыны» үдерісінің жеделдеуіне ықпал етеді (А. Моль). Жаһандану әлдебір мәдени-өркениеттік стандарттың болуын заңдастырып, оған сәйкес ақпараттық қоғамның адамы бірнеше шет тілдерін біліп, жеке компьютермен қолдана алып, өзге

мәдениет өкілдерімен байланыс жасай алып, қазіргі заманғы өнер, әдебиет, философия, ғылым және т.б. үрдістерін түсіне алуы керек. Екінші жағынан жаһандану бірқатар жағымсыз құбылыстарды туындатты және әрдайым туындатады, ол жайлы алаңдап отандық және батыстық зерттеушілер жазады – өз қажеттіліктері мен тілектерінің жетістігі мен қанағаттануын (максималды дәрежесінде) жоғары қоятын тұтынушының құндылықты бағдары бойынша қоғамның өнегелі дамуының төмен деңгейі; ұлттық ерекшелікті жоғалту мен космополитизмдік құндылықтарды қабылдауы, бұл ұлттық өзіндік ерекшелік пен ұлттың өзіндік бірегейленуінің дағдарысына алып келеді. Бірақ біз, егерде кімде кім өзінің мәдениетін алуға итермелейтін болса, тек қана өзіміз оны не қабылдаймыз немесе одан бас тартып, одан тек өзімізге жақынын ала алатынымызды түсіну керек. Егер адам ойласа және шамалай алса, онда таңдау өз қолында.

Саясат пен *әлеуметтік салада* бір жағынан – әлеуметтік белсенділікті жоғарылату, маргинал топтарға деген қатынасты өзгерту, адамдардың азаматтық қоғамға ұмтылуы; екінші жағынан – зорлық көрсетудің, күш пен террордың, «санаға айла-шарғы жасау» (С.Г. Кара-Мурза), әлеуметтік теңсіздік және жіктелу, білікті жұмыс күшін дамушы елдерден дамыған елдерге қарай көшуі.

Бірақ біз жаһандануды және оның қазіргі заманғы мәдени-өркениеттік үдерістермен байланысын ақ немесе қара байланыста емес, оған жағымды және жағымсыз салдары тұрғысынан қарастыру керек. Бастысы – осы үдеріске қарсы тұрмай, оны шынайылық ретінде қабылдау керек. Тәуекелдерді қадағалау керек. Егер жаһандануға қарсы тұрса, онда ол коллапске және іштен құлдырауға алып келеді, өйткені жаһанданудың болмысы мен оның негізгі даму үрдісі – жаһандық адамзат қауымдастығын, өркениеттің жаңа типін қалыптастыру болып табылады.

Осылайша, *жаһандану* өзінде барлық адамзаттың ғылыми ақыл-парасат әлеуетін жүзеге асыра отырып, тек қана ең байлар мен қамтамасыз етілгендер игілігіне ғана қызмет етпей, барлық елдер мен халықтардың игілігіне де жұмсалып керек. Ол халықтарға жаһандық әлемнің архитектурасында өзінің ұлттық бірегейлігін, өзінің ұлттық абыройын, ұлттық бейнесінің қайталанбастығы мен ерекшелігін сақтау құқығын қалдыру тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Байдаров Е.У. Диалектика глобализации: культурноцивилизационный аспект. – Saarbrücken: LAP Lambert Academic Publishing, 2012. – 308 с.
2. Назарбаев Н.А. Выступление в ООН на Саммите тысячелетия (06.09.00) // www.akorda.kz
3. Чумаков А.Н. Метафизика глобализации: культурно-цивилизационный контекст. – Москва: «Канон +», 2006. – 516 с.
4. Максименко В. Глобализация: риторика, идеология, реальность // www.pravoslavie.ru/analit/globalization.htm
5. Waters M. Globalization. – 2nd ed. – London, N.-Y.: Routledge, 2001. – 247 p.
6. Политология: учебник / Под ред. В.А. Ачкасова, В.А. Гуторова. – М.: Высшее образование, 2007. – 692 с.
7. Аттали Ж. На пороге нового тысячелетия. – М.: Международные отношения, 1993.
8. Nye J. Soft Power. The Means to Success in World Politics. – N.Y., 2004.
9. Қараныз: Бенхабиб С. Притязания культуры: Равенство и разнообразие в глобальную эру. – М.: Логос, 2003. – 289 с.; Кастельс М. Информационная эпоха: экономика, общество и культура: Пер. с англ. под науч. ред. О.И. Шкаратана. – М.: ГУ ВШЭ, 2000. – 608 с.; Инглхарт Р. Постмодернизм: меняющиеся ценности и изменяющееся общество // Политические исследования. – 1997. – № 4. – С. 7-10.

Америка Құрама Штаттарындағы PR қызметінің тарихы мен қоғамда алатын рөлі

Жұмағали ЕСЕНБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
журналистика факультетінің
PhD докторанты

«PR – қоғамдық пікірді басқару туралы ғылым».
Г. Почепцов.

Баршамызға белгілі, PR (Қоғаммен байланыс) әрбір мемлекеттің маркетинг жүйесінде ғана емес, қоғамның барлық салаларында маңызды рөлге ие. PR қызметі Ежелгі Рим мен көне Қытайда пайда болған деген даулы ақпараттар да жоқ емес. Деректерге сүйенсек, PR ғылымының негізі Америка Құрама Штаттарында қаланған. Бұл ойымызды АҚШ пен Ресейдің бірнеше зерттеуші ғалымдары қуаттайды. PR терминін ең алғаш рет XIX ғасырдың басында АҚШ-тың үшінші президенті Томас Джефферсон VII конгресте халыққа арналған өз жолдауында қолданды. Кейіннен PR өз алдына ғылым ретінде қалыптасты. «Public relations» терминін 1882 жылы заңгер Дорман Итон Йель университетінің студенттерін қоғамға қызмет етуге шақыру мақсатында қолданысқа енгізді деген ақпараттар кездеседі.

1975 жылы «Foundation for PR research and Education» атты Америкалық қоры 500-ге жуық PR анықтамаларын зерттеп, өз анықтамаларын шығарды. Қоғаммен байланыс ардагері доктор Рекс Харлоу PR мәнін ашатын 472 анықтама қарастырды. Қазіргі таңда PR мазмұнын ашатын мыңнан астам ғалымдардың анықтамалары бар. Зерттеу барысында PR анықтамаларын жұртшылық толық білетіндіктен, тізбектеп жатуды артық санадық.

PR қызметіне тоқталмас бұрын, алдымен бұл ұғымның шығу тарихы мен даму кезеңдеріне шолу жасасақ, АҚШ-тағы қоғаммен байланыстың даму сатысы бірнеше кезеңдерді қамтиды:

- XVIII ғасырдағы Тәуелсіздік және Конституция үшін күрес. Қоғамның пікіріне әсер ету мақсатында мақалалар жариялануы.
 - 1807 жылы Томас Джефферсон VII конгресте халыққа арналған өз жолдауында «публик рилейшнз» терминін қолдануы.
 - 1829 жылы бірінші баспасөз-агенті Эмос Кендаллдың президент Джексонда болуы.
 - 1844 жылы телеграф, жаңалықтар, тауар, яғни баспа қызметінің дамуы. Сонымен қатар аудитория жүйесінің пайда болуы.
 - 1900 жылы Бостон қаласында ең алғашқы «Publicity Bureau» фирмасының пайда болуы.
 - 1907 жылы PR тарихының атасы саналатын Айви Ли өзінің «Паркер және Ли» PR фирмасын ашуы. Фирма дүние жүзі мен Америка Құрама Штаттары бойынша үшінші фирма саналды. Осы уақыт аралығында адалдықты ту еткен «Қағидалар жайлы декларация» атты мақала дүниеге келді.
 - 1918 жылы Иллинойс штаты университетінде PR курсы ашылды. PR саласында болған тәжірибе табыстары PR саласы білімінің дамуы деп қабылданды.
 - 1922 жылы ең алғашқылардың бірі болып PR ғылымының негізін қалаушысы Эдвард Бернейз PR курсын өтті. Эдвард Бернейздің 1923 жылы бірінші рет «Қоғамдық пікірді кристалдау» атты арнайы кітабы жарық көрді.
 - 1929-1933 жылдары дағдарыстың орын алуы. Қоғамның бизнеске күмәннің өсу деңгейін тоқтату мақсатында PR-ды дамыту. PR бөлімдерінің ірі компанияларда ашылуы.
 - Саясат, консалтинг салаларында арнайы PR агенттіктерінің пайда болуы.
 - Екінші дүниежүзілік соғыста халықты ақпараттандыру қызметін атқаратын кадрлардың дайындалуы.
 - 1946 жылы АҚШ-та PR қоғамының толық қалыптасуы.
 - 1955 жылы Халықаралық PR құрылтайының өтуі (IPRA).
- Ал PR тарихына шолу жасасақ, 1900 жылы Гарвард университеті өзінің жеке тауарын бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалау арқылы оған деген сұранымды ынталандыру қызметі (публисити) бюросын иеленді. 1904 жылы осындай аталмыш кеңсе Пенсильвания штатының университетінде пайда болды. Ал 1912 жылы

алғашқы рет Америкалық телефон-телеграф жүйесінің ең ірі PR бюросы ашылды.

Зерттеуші ғалым Ф.А. Буаридің пікірінше, 1917 жылы Американы тығырықтан шығару мақсатында АҚШ-тың президенті В. Вилсон Қоғамдық ақпарат комитетін ашты. Комитеттің қоғам пікірін қалыптастырудағы таңғажайып жетістіктері қоғаммен байланыстың тек қорғаныс қана емес, сонымен қатар қоғамды көндірудің қуатты құралы бола алатындығын нақты түрде дәлелдеген [1, 19].

Ал PR-ды зерттеуші Том Уатсен және Паул Нобел: «1920 жылдары қоғаммен байланысты орнатуда айтарлықтай үлесін қосқан Эдвард Бернейз болып табылады. Ол өте күрделі біржақты коммуникацияның қоғаммен байланыстылығын ақпаратты қолдану, көндіру және айналым арқылы шешімге келтірді», – деп атап көрсетеді [2, 3].

XX ғасырдың 30-жылдарының басында АҚШ-тың демократиялық партиясында PR бойынша кеңесші қызметі және 1936 жылы республикалық партияда аналогиялық қызметі пайда болады. Сол сәтте АҚШ-тың ірі компанияларында PR қызметі мамандарына деген сұраныс артты. Сонымен қатар осы кезең аралығында саяси компаниялардың ісін жүргізу мамандары алғаш қалыптаса бастағандығын атап көрсетуге болады.

1945-1965 жылдар аралығында PR АҚШ-та қарқынды дами бастады. Университеттер PR мамандығы бойынша бакалаврлар ашты. 1965 жылға қарай PR саласындағы жұмысшылар саны 100 000 адамға дейін көтерілді.

АҚШ-та кез келген ірі фирма немесе компанияның өзінің құрылымдық бөлімі және PR мәселелері бойынша қоғаммен байланыс бағдарламасын әртүрлі формада жүзеге асыратын кеңесші маманы болады, оған баспасөз-мәслихаттарын ұйымдастыру және өткізу, презентациялар, ашық есік күндері, дөңгелек үстелдер, ең жақсы үлгілер мен модельдердің көрмесін көрсету жатады.

Ресей зерттеуші ғалымы В.Г. Корольконың пікірінше, PR-дың саяси салаға қарай дамуына мысал ретінде америкалық журналист Амос Кэнделлдің классикалық «Public relations» монографиясынан келтіруге болады. «PR пионері» деген атаққа ие Амос Кэнделл Америка Құрама Штаттарының президенті Эндрю Джексонның бірінші баспасөз хатшысы болды. Кэнделл памфлеттер жазды, Джексонның саяси компаниясында қызмет атқарды, тергеулер жүргізді. Ол өз президентінің жағымды имиджін қамтамасыз етті, атқарушы биліктің қоғаммен қарым-қатынасын жүргізуге үлес қосқан [3, 59].

1961 жылдың мамырында PR мамандарының кәсіби мінез-құлқының Кодексі және Әдеп ережелері қабылданды.

Ал PR зерттеушілері К.В. Коваленко және Ю.В. Мягков: «PR-дың 60-70 жылдары қарқынды дамуы әлемдегі турбулентті саяси жағдаймен байланысты болды. Сонымен қатар сол кездері шынайы немесе ойдан шығарылған әділетсіз баға қалыптастыру мен анти-санитарлы жұмыс жағдайынан PR-дың рөлі ерекше болды», – деп атап көрсеткен [4, 2].

Америка Құрама Штаттарында PR XXI ғасырда да қарқынды даму үстінде. Бүгінгі күнде есепке алсақ, АҚШ-та қоғаммен байланыс саласында 2000-нан артық компанияларда 200 000-нан аса адам қызмет атқарады.

PR қызметінің дамуын осы саланың стратегиясын зерттейтін көптеген мектептер көрсетеді. Бүгінгі күнде Америка студенттер қоғамы құрамында 295 колледжден 9800 мүшесі бар. PR бойынша ең танымал 43 мемлекетте университеттер қызмет атқарады.

Америкалық PR – қазіргі таңда болашағы зор дамып келе жатқан, көптеген миллиардтар әкелетін қуатты бизнес және саясат.

Ресей ғалымы Г.Л. Тульчинскийдің зерттеуіне сүйенсек, қазіргі уақытта тек қана АҚШ-та 5000-нан астам фирма PR-дан кеңес беру қызметімен айналысады. Олардың кейбіреуінің табысы жыл сайын жүздеген миллион долларға дейін жетеді. Барлық ірі фирмаларда практикалық түрде 5000-нан көп PR қызметі көрсетіледі. Бұл салада 250 000-нан жоғары жарнамашылар мен 130 000-нан астам журналистер бар. 200-ден артық университет және колледждер арнайы мамандарды дайындауда. Бұл салада орташа еңбекақы жылына 50 000 долларды құраса, PR саласындағы іс жүргізуші мамандардың еңбекақысы 100 000-350 000\$ құрайды [5, 30].

Қоғамдағы білім беруде PR-дың алатын рөлі зор. Санкт-Петербургтағы Электро-техникалық университетіндегі қоғаммен байланыстың жоғары оқу орнында жоғары санат алудағы бес жылдық бағдарлама негізінің ерекшеліктерін зерттеген Людмила Азарова PR-дың жоғары оқу орындарындағы ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Оның пікірінше,

- Қоғаммен байланысты оқыту мемлекеттік стандартқа негізделеді;
- Қоғаммен байланысты оқыту комиссиясының барлық талаптарына сәйкес келеді;
- Студенттер ағылшын және басқа да бір шет тілін міндетті түрде білуі қажет;

• Қоғаммен байланыс курстарымен қосымша студенттер міндетті түрде гуманитарлық ғылымдарды үйрететін курстарға қатысу қажет.

Қоғаммен байланыс мамандығына кіретін кейбір курстар:

- Қоғаммен байланыс пен жарнаманы енгізу;
- Қоғаммен байланыс пен тәжірибе теориясы;
- Тұлға аралық сұхбаттасу;
- Тілдік коммуникация;
- Хат арқылы сұхбаттасу;
- Жарнама;
- Маркетинг;
- Ұйымдастырушы коммуникация;
- Қоғаммен байланыстың коммерциялық емес түрі;
- Қоғаммен байланыс компаниялары;
- Мәдениет аралық байланыстар [6, 497].

Жоғарыда байқағанымыздай, Ресей мен Америка Құрама Штаттарының білім беру жүйесінде ұқсастықтар бар. Айырмашылығы – АҚШ білім беруде қоғаммен байланыс саласы бойынша 4 жылдық бакалавриатура, 2 жылдық магистратура, 2 жылдық докторантура ғылыми дәрежесін жолға қойған.

PR теоретигі Ашли Вертлиннің «Сіздің компанияңыз, фирмаңыз үшін PR өзінің негізгі қабілеті болып табылатын төмендегі артықшылықтарды бере алады» деген пікірін ескерсек [7, 10], PR сіздің брендіңізді дамытады. Сіздің көрсететін қызметіңізге немесе өніміңізге деген сұранысты арттырады. Қызметкерлердің моральдық жағдайын жақсартады, жаңа таланттарды сіздің компанияңызға қарай тартады. Сіздің компанияңыздың құндылығын сезінуге көмектеседі.

PR – ұйым мен қоғамның арасындағы коммуникацияны орнықтырудағы басқарудың түрі. Олай болса, мұндай ғаламат құралдарды америкалықтар уысынан шығарып алмақ емес.

Қорытындылай келе, күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары мен әдебиеттерден және өмірден байқағанымыздай, PR-дың Америка Құрама Штаттарында алатын рөлі ерекше. Әсіресе әскері мен заманауи қару-жарақтарын әлемге паш етуде АҚШ алдына жан салар емес. Мұндай сәтте міндетті түрде Мемлекет басшылары PR әдістеріне сүйенері хақ. АҚШ саясаткерлері қара, яғни заңсыз PR әдістерін де күнделікті өмірде жиі қолданады. Саяси PR-мен қаржылық PR-дан өзге АҚШ-та шоу-бизнес, кино-өндіріс саласында, білім мен ғылым, туризм мен медицина салаларында PR жоғары деңгейде деп

атап көрсете аламыз. Сот саласындағы PR мен дағдарыс кезеңіндегі PR басқа мемлекеттерден анағұрлым артық дамыған. Географиялық көкжиегін соғыс пен келіссөздер арқылы ұлғайтуға тырысатын Америка Құрама Штаттары PR-ның артықшылығы да осында. АҚШ-тың PR қызметі алдағы уақытта одан әрі әлемдік деңгейде қарыштап дами бермек. Сонымен, АҚШ PR-ның даму моделі басқа мемлекеттерге үлгі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Буари Ф.А. Паблик рилейшнз или стратегия доверия. – Москва: Инфра-М, Имидж-Контакт, 2001. – С. 19.
2. Watson T. and Noble P. Evaluating Public Relations, London and Philadelphia. Kogan publishers. 2007. 3 p.
3. Королько В.Г. Основы паблик рилейшнз. – М.: Рефл-бук; К.: Ваклер. 2000. – С. 59.
4. Коваленко К.В., Мягков Ю.В. История PR. Сборник научных статей. СПб: Институт бизнеса и права. 2009. – С. 2.
5. Тульчинский Г.Л. PR фирмы: технология и эффективность. – СПб. Алетеия. 2000. – С. 30.
6. Azarova L. Public Relations Higher Education-A Russian Experience. Higher Education in Europe. Vol. XXVIII. No. 4. December 2003. – P. 497.
7. Wirthlin A. A Guide to Public Relations Best Practices, Social Media and PR Careers. PublicRelations Blogger. 2009. – 10 p.

Қазақ қоғамындағы шариғат және жәдишілдік

Бақтияр ЖАРЫЛҚАПОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
тарих, археология және этнология
факультетінің магистранты

Қазақ зиялылары кейінгі ұрпаққа аса қажетті құнды ғылыми еңбектер қалдырып кетті. Бұл ретте біз Шоқан Уәлихановтан бастап, ұлт мәдениетінің өркендеуіне үлес қосқан қазақтың біртуар ұлдары Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, О. Әлжанов, М. Көпеев, Қ. Бабажанов, Ә. Диваев, Ш. Әлжанов, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б. қазақ зиялыларын атап өтуімізге болады. Аталмыш қайраткерлер қай кезеңде, қай заманда болмасын қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына медеу болған ұлттық дәстүріміздің халық арасында ұмыт қалмай, ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқандығын өз еңбектеріне арқау ете отырып, қазақ мәдениетінің басқа халықтармен тең екендігін дәлелдеуге тырысты.

Бүгінгі таңдағы мәселеге жаңаша қарау кешегі кеңестік жүйенің ұстанымдары мен міндеттерінің бағытындағы қазақ халқын өзінің мәдени-этникалық тамырынан, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан қол үзуге әкеліп соқтырып, нәтижесінде көптеген қазақтар өзінің ана тілінен, этникалық менталитетінен, ислам дінінің негіздерінен ажырап қалды [1, 7]. Осындай жағдайда тәуелсіздіктің келуімен халықтың өткен тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылықтың тез өсуі тарихнамада біршама жүйесіз, дәлелсіз жазылған кәсіби мамандығы жоқ еңбектердің де түзілуіне, ал ол өз кезегінде оқырман қауымы арасында түсінбестік, қате ұғынушылықтарға апарғандары да бар. Ұлт зиялыларының қазақ халқының салт-дәстүрі және рухани құндылықтарының ХХ ғасыр басындағы кезеңге байланысты ерекшеліктерін көрсеткен еңбектеріндегі көзқарастардың арада қанша уақыт өтсе де берер

өнегесі, тағлымы зор. Демек, еліміздің басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерде ұлт жанашырлары тарапынан халықтың дінінен, ділінен қол үзбе деп атой салуы – бүгінгі халқымыздың жасауына өзіндік ерекше ықпал еткенін сезінеміз және өз кезегінде бұл тарих ғылымында зерттуді қажет ететін өзекті мәселелер қатарында екендігіне дау жоқ.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға байланысты мәселелер ұлт зиялыларын бейжай қалдырмағанын, оның келелі мәселелерін Петербургте өткен Ресей мұсылмандарының съезінде ислам факторына байланыстыра отырып көтергендіктерінен көреміз. Баспасөз беттеріндегі айтыс-талас пен еңбектеріндегі ұстанымдарын салыстыра отырып ескі әдет-ғұрыптарды зиянды, жікшілдікті қоздырады деген тұстары шариғат жолын ұстауға шақырса, енді бір ой-пікірлерінде шариғат пен әдет-ғұрып арасындағы қайшылықтарды аша отырып, жесір дауы мен мұра бөлуді қазақтың әдет нормасымен шешуді ұсынады. Ә. Бөкейхановтың «Европа жолы» мағынасын да келте түсінудің бар. Жалпы бұл кезеңде қазақ зиялыларының пікірі екіге жарылғандығын байқау қиын емес. Тарихнамада қалыптасқан «Қазақ» газеті мен «Айқап» жанына топтасқандардың қарама-қарсылықтары: Ә. Бөкейхановты қолдайтын «қазақтықтар» ұлттың өз алдына жеке, тәуелсіз ел болуын қаласа, «айқаптықтар» жалпы түрік бірлігі идеясының негізінде тілі, діні, түп-тамыры ортақ түркі халықтары біріге отырып шығуды қолдайтыны сияқты бағыттар, рәсім мен шариғаттағы ерекшеліктерді талдауға алады.

Қазақ қоғамындағы ислам мен жәдишілдік мәселесін қозғағанда бірден тарихтың ХІХ ғасырының соңы мен ХХ ғасырының басы көз алдымызға оралары сөзсіз. Себебі, әсіресе, ХХ ғасырдың бас кезені жәдидтік қозғалыстың біздің елімізде жанданғанын байқаймыз. Қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапқан жәдидизм оқу-ағарту, дін мәселелерімен қатар атала бастады. Бұны дәлелдеу үшін қазақ қоғамындағы жалпы ислам мен шариғат мәселелеріне тоқталып көрейік.

Қазақ қоғамындағы ислам діні негізінен алғанда сунниттік бағытта, ханифиттік мазһаб түрінде болды. Осы мәселелер төңірегінде көлемді еңбектер жазған Н.Д. Нұртазина сопылыққа байланысты мынадай анықтама береді: «...сопылық дегеніміз – шариғаттың өзін, мазһабтың өзін терең түсіну және түсіндіру, оларды мейілінше руханиландыру» [2, 101]. Сондай-ақ ислам мен қазақ мәдениетінің арасындағы ақиқатты бүге-шүгесіне дейін ашып зерттеген Н. Нұртазинаның «Қазақ мәдениеті және ислам» атты еңбегінде

автор қазақ сопылығының ерекшеліктерін атай келе былай дейді «...жалпы софылар рухани жетілуді төрт сатыға бөлген: шариғат, тариқат, мағрифат, соңғы ең биік сатысы – хақиқат. Тар мағынада суфизм тариқаттан басталады. ...шариғатты терең ашу немесе рухани идеялық, психологиялық ізденістер, өзін-өзі тану, көп еңбеу ету арқылы ақыры шариғатқа қайта оралу...» [2, 123]. Автор сопылыққа тән ерекшеліктерді атай келіп, оның қазақ қоғамындағы исламға тән ағым екендігін ерекше атап өтеді. Расында да арабтарға келген ислам мен қазақтың болмысына тән исламның айырмашылықтары бар екені жасырын емес.

Дегенмен біз қарастарап отырған XX ғасырдың басы өзіндік ерекше діни бағыттар мен ағымдар пайда болып, діннің жаңа реформалық кезеңге аяқ басқан мерзімі іспеттес еді. Ислам тарихын зерттеуші Н. Нұртазина өз еңбегінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орын алған саяси және рухани өзгерістердің жемісі ретінде дүниеге келген – жәдишілдік жөнінде де ерекше атап өтеді. Біз де аталмыш діни-философиялық ағымның тарихына тоқталып өтуді жөн санадық.

XIX ғасырдың аяғында шығыс елдерінің басым көпшілігінің мәдени және саяси тәуелсіздігінен айырылуы шын мәнінде үлкен заңдылықтың көрінісі болды. Аталмыш кезеңдегі мәдениеттер қақтығысы мен рухани күйзеліс жағдайында қазақ қоғамында да жәдидизм атты жаңа реформаторлық сипаттағы бағыт дүниеге келді. Бұл діни-философиялық және мәдени ағым ретінде таныла бастады. Жәдидизм, араб тілінен аударғанда – жаңа деген мағынаны білдіреді. Анығырақ тоқталар болсақ, «жәдидизм» сөзінің төркіні – «усул-и-жәдид» дейтін тіркес. Яки, «жаңа әдіс» – мұсылман мектебінде оқу жүйесінде бұрыннан бар «усул-и-қадим» – «ескі әдіске» балама жол. Бұл ағымның басты санагері (идеологы) – қырым татарларының ағартушысы Исмайыл-би Гаспрәлі (Гаспринский) [3].

Бұл жаңа әдістің тез әрі кең тарағаны соншалық 1916 жылға қарай Ресей империясының Орталық Еділ бойы, Кавказ, Түркістан және қазақ даласы сияқты мұсылмандар тұратын аймақтарында барлығы бес мыңнан астам оқу ісін жәдидтік негізде құрған мектептер жұмыс істегендігі анықталды.

Қазақстанда жәдитшілдік қозғалыс XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кең өріс алды. Бұл қозғалыс алғаш Қырым мен Еділ бойы татарларының арасында қалыптасты. Кейінірек түркі халықтарының арасына тарап, бұл қозғалыстың көрнекті өкілдері И. Гаспринский, Ш. Маржани, М. Абдурашидханов және т.б.

ерекше белсенділік көрсетті. Негізінде жәдиттік қозғалыс патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталған еді. Бұл қозғалысқа қатысушылардың көздегені түркі халықтарының ғасырлар бойы келе жатқан ескі мұсылмандық оқуын (қадімше-ескіше) жаңа заман талабына сәйкестендіріп оқыту болатын. Сөйтіп, оқу жүйесіне тек дін оқуын ғана емес, аса қажет деп тапқан жағырапия, тарих, орыс тілі, математика және т.б. пәндерді енгізуді дұрыс санады. Әрине, жәдитшіл қозғалыс өкілдерінің тап осындай идеясы дін иелеріне ұнамады. Сондықтан мектеп-медреселерде ескіше оқытып жатқан кейбір дін иелері олардың бұл әрекеттеріне қарсыласып бақты. Олар жәдитшілдік бағытты шариғатқа қарсы әрекет деп бағалауға тырысты.

Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақтың» қалыптастыруға ұмтылды.

«Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек» деп қазақтың ұлы ағартушысы тектен-тек айтпаған. Сонымен бірге Мәшһүр-Жүсіп Көпеев те «Өнер сол мұсылманша болсын, орысша болсын ғылым үйренуге жаһұт қылу. Әр не болса ғылыммен болғанды айтады. Ғылымсыз болған нәрсенің пайдасы жоқ. Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп білгіш болуды талап қыл. Неге десен, ғылым – пайғамбарлардан қалған мұра. Яғни пайғамбарлардың бұрынғы өткен хандарының, жақсыларының қылып өткен өнері» [4, 76]. Мал қарау – байдан қалған мұра екенін, әлі күнге шейін оны жер жұтып бара жатқандығын және бар уайым-қайғысы малды қалай сақтаймын болса, ғылым иесін өзі сақтайтынын, малды кісінің дұшпаны көп болса, ғылымды кісінің досы көп болатындығымен түсіндіреді. Малды жұмсай бастасаң таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң артылып үсті-үстіне көбейетінін, ал мал біткен кісінің сараң болып, әркімге бір беруге қимаса, ғылымды болған кісі ғылымын шашып жұртқа үйретуден шаршамайтындығын айтады. Осы ойын малы көп кісінің қияметте сұралуы, тергелуі көп болып, мал иесіне үлкен зарар болса, ал ғылым иесіне сол күнде үлкен пайда келтіріп, таршылықтардан құтқаратынын, мал апатқа ұшыраса, ғылым ешқашан апатқа ұшырамайтынын, адамдардың тәкаппарлығы мен кішік көңілін қарама-қарсы қойып отырып түсіндіреді, негізгі ойы – тіптен мал жима, малмен, дүниемен еш хабарың болмасын емес, әрине, керісінше, малың бар болса да соны ғылымға, өнер үйренуге жұмсауды талап қылады.

Негізінде Қазақстанда жәдиттік қозғалыстың қалыптасуы мен жандануына түркі және татар идеологтарының ықпалы болды. Қазақ

зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев және т.б. мұсылмандық, түркілік, бірлік идеясын ұстанған осы идеологтардың ұстанымдарын қолдап, мұсылмандық қозғалысқа ат салысты.

Татар зиялылары Ә. Ибрагимов, Ж. Ақшора, М. Беги-ев, Ф. Кәрімов, Г. Максудов және тағы басқалардың жаңаша бағытта оқытуға, мұсылмандық еңбектерін дұрыс тауып, олардың көзқарастарымен қазақ газеттеріне мақалалар жазды. Сөйтіп, Ы. Гаспринскийдің бастауымен болған «жаңа әдістік оқыту жүйесі» қазақ зиялыларының ағартушылық қозғалысында өз ұлттық көрінісін тауып, ел ішінде шешуші рөл атқарды. Халық-ағарту ісіндегі міндеттерді ұлттық сана-сезімнің ояну идеялары-мен байланыстырған мәдени тарихымыздың бір тума білгірлері, кеңестік тарихнамада «буржуазиялық ұлтшылдықтың» немесе күні өткен «феодалдық тәртіпті жақтаушылықтың» көрінісі есебінде, көп жылдар бойы «халық жауы» деген айдармен арамыздан ала-статылып келген зиялы қауымның өкілдері – А. Байтұрсыновтың, Ә. Бөкейхановтың, М. Дулатовтың, Ғ. Қарашевтің «ағартушылықтың жаңа әдістік кезеңіндегі» еңбектері тарихи көзқарас тұрғысынан баға жетпес мұра.

«Жаңа әдістік қозғалыс» ағартушылықтың бастамасы емес екендігін, орыс мәдениетінің тарихымыздағы мәнін өзімен тағдырлас көрген түркі халықтарының (татар, қырғыз, башқұрт, өзбек т.б.) ұлт-азаттық көтерілісінің әсерін, әрине жоққа шығара алмаймыз. Себебі, ұлттық мүддені тірек етіп, ағартушылықтың биік межесін аңсаған Абай, Шоқан, Ыбырай мұраларының жалғасы, ұрпақ жалғастығы болатын бұл білім нәрі отарлыққа қарсы қозғалыста бір мақсатты тұтқан көршілес елдердің Ә. Бөкейханов айтқандай «отандасымыз орыс халқы, діндес қанымыз ноғай» түркі халықтарының алдыңғы қатарлы демократтарының шебін байланыстырды. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлт зиялыларының қандай тарихи іс тындырғаны маңызды болса, тура сондай дәрежеде олардың қайраткер адам ретінде кім болғаны да мәнді. Өйткені, барлық өркениетті қоғамдарда әрбір ұрпақ өзінің ерекшеліктерін, тіптен тарихи мақсат-мүдделерін тари-хи контексте ғана терең әрі толық түсіне алған.

Жәдидшіл қозғалыс, жаңаша бағытта оқыту мәселесі бойын-ша М. Дулатов «Қазақ» газетінің 1914 жылы 8 қазандағы 81 са-нында жарияланған жәдидшілдік қозғалыстың негізін салушы И. Гаспринскийдің қайтыс болуына орай жазған мақаласында мына-дай пікір айтқан еді: «Гаспринский өзінің заманында жалғыз Россия мұсылмандарының ғана емес, бүтін мұсылман дүниесінің ұлығ ада-

мы еді», – деп жаза отырып, оның жәдидшілдік қозғалысына тоқталады. М. Дулатовтың жазуынша, И. Гаспринский мұсылман халықтарының өзге жұрттан кейін қалып, мәдениетінің төмендеп кеткенін көріп, оны көтеруді білімнен, оқу саласынан іздеген. Артта қалушылықты жоюда еуропалық ғылымға сүйене әрекет ету қажеттігін үндеген. Ол мына-дай үш шараның жүзеге асқанын қолдайды:

- Балаларды бастауыш мектепте оқыту, мектептерді заманға муафық тәртіпке салу, сол тәртіпті Россияда жалпы мұсылман мектептеріне жүргізу;

- Россиядағы түркі қауымдарының ортасында бәріне ортақ түсінікті әдеби тіл тудыру, Еуропа өнер-білімін медреселерде сол ортақ тілмен оқыту;

- Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақұрым етпес үшін «жәмғияти хайриялар», «жәрдем жәмғияттарын» аштыру.

М. Дулатов осындай ұстанымдағы И. Гаспринскийдің орнын көрсете келе, оның басты қызметі де бала оқытуда болғандығын атап өтеді. Оның жаңаша білім беру әрекетіне алғашқыда халық қорқынышпен қарап, кейінірек оның бұл бағытына қолдау көрсеткендігі, өз ісінің аса дұрыстығын дәлелдеуде 1881 жылы түркі тілінде «Тұңғыш» кітабын, ал одан соң жәдидшілдік қозғалысты өрістету негізінде 1883 жылы «Тәржіман» газетін шығарып, онда «жаңаша» оқу қажеттігіне насихат жүргізіп, осы ұстанымын га-зет арқылы үндеуге тырысқандығын көрсеткен. Газеттің келесі санында жалғасын тапқан бұл мақалада М. Дулатов Исмағұлды «түркі ұлтының зор тәрбиесіші, ұлығ ұстазы, ардақты атасы» деп бағалайды [5, 193]. Жалпы қазақ зиялылары жаңа бағыттарға бай-ланысты осындай дара қайраткерлерді үлгі етіп көрсетіп, мектеп-медреселерге арнап газет-журналдарға мақалалар жариялап тұрған.

XX ғасырдың басында өз қатарын көбейткен біріншіден, ұлттық мектептің мәні жойылуынан, екіншіден, орыс-қазақ мектептеріне деген жоғарғы төлемнің ауырлығынан туындаған жаңа әдістік жәдидтік мектептердің бағдарламасында ескі әдістік мектептер-ге қарағанда айырмашылығы тек жазудағы дыбыстық жүйе емес, сондай-ақ арифметика, жағырафия, жаратылыстанудың негіздері (қатты дене, газ, ауа, жылылық, салқындық, сондай-ақ минерология, тіпті анатомия да) пәндері оқытылды.

Жаңа әдіс бойынша оқыту жүйесі бірнеше сатыларға бөлінген. Оның бірінші басқышы «ибтидай» (бастауыш) немесе «рушти» деп

аталып, бұл сатыда шәкірттер 5-6 жыл оқуға тиісті болды. Бұрынғы «иман шарттын» орнына «бірінші мұғалім» және «екінші мұғалім» сабақтары жүргізілді. Мұсылмандық мектептерде діни пәндермен қатар дүнияуи (светское) пәндердің оқытылуы қазақ арасында мектеп ісіне деген көзқарастарға үлкен өзгерістер алып келді.

Қазақ балаларын қазақша сауаттандыратын әліппеден кейін А. Байтұрсынов мектепте қазақ тілін пән ретінде оқытатын, қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс «Тіл құрал» оқулығын шығаруы үлкен жаңалық, тың дүние болды. Ұлт тілін оқытудағы тұңғыш оқулық 3 кітаптан тұрды. Фонетика, морфология, синтаксиске арналған үш бөлімді кітап (әрқайсысы 1927 жылға дейін 6-7 реттен басылған) мұғалімдер, шәкірттер арасында «қазақ тілін сақтаймыз, балаларды қазақша шыққан кітаптарымызбен ұқтырамыз, һәм әдебиетіміз шын қазақша болсын» [6, 18] дегендерге негіз болды.

Оқыту мәселесіндегі бірінші кезекте тұрған оқу құралы тұрғысынан көкейтесті мәселелерді мүмкіндігінше бәріне «мамандығым» немесе қолымнан келмейді» демей, қазақ ағартушылары қолдарынан келгенше пайдасын тигізді. Халықтың мәдени, ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпы мен өмір сүру салтына, тіліне, психологиялық ерекшеліктеріне сай қазақ зиялылары орыс оқымыстыларының жасаған оқу құралдарының жүйесін зерттей отырып, төлтума оқулықтар дайындауға күш салды. Сондай оқулықтардың бірі – М. Дулатовтың екі кітаптан тұратын 1914 жылы Орынборда басылған «Есеп құралы» (1927 жылға дейін 7-8 реттен басылған). Бұл оқулықтың ерекшелігі сол, қазақ халқының өмірімен, мәдениетімен сабақтасып жатуы. Есептердің мәтініне қазақ баласына таныс күнделікті қажеттілік барысында кездесетін оқиғалардан алуының өзі баланың таным көзқарасын қызықтыра түсетінін есте естен шығармады. М. Дулатовтың «Есеп құралы» өз кезінде қазақ тілінде арифметикадан жазылған оқу құралдарының көшін (С. Қожанов, К. Жәленов, Е. Омаров т.б.) бастады.

Сондай-ақ, М. Дулатовтың 1916 жылы шыққан «Қирағат кітабы» оқулығы да балаларға баяндап оқытудың мәнісін түсіндіруде, қай халықтың мектебінде болса да, оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылып, баяндап оқытудың асыл мақсатына жетуде керекті мағлұмат алып шығуды көздеген.

Дүниелік оқуда, ағарту ісін дамытуда қалың көпшілікті үркітіп алмайын дегендей, діни оқуды қатар атаған ұлт ағартушылары ақиреттік пайда үшін мұсылманша оқып, дінді танысаң, орысша оқып, орыс тілін үйренсең, өмірлік қажеттерге қол жеткізу мүмкіндігін пат-

ша үкіметінің саясатын әшкерелей отырып түсіндіреді. «Орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер жоспар бәрі де бар. Бірақ сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе қазақты орысқа аударамыз деген пікірі» [6, 56] екенін сынай отырып, бастауыш мектеп «миссионерлік ойдан, политикадан алыс болу керектігін» айтады. Бұл жолдан құтқарудың ең тиімді де басты жолы – ана тілін жоғалтпау екенін дер кезінде түсінген ұлт жанашырлары, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дегендерге қарсы шығып нағыз миссионерлік пиғылдағы, «еппен қайырмалаушылардың» жолы екенін ашық көрсетті. Яғни, балаларды ана тілімен оқытпай, орыс тілімен оқыту саясаты, сол үшін орыс әрпімен басылған кітаптарды көптеп шығарып, ұсынуы – мұның бәрі қазақты дінінен айыру екенін, ал араб әрпі ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған «дінмен байласқан жазу дін жоғалмай жоғалмайтынын» [7, 49] айтты. Сондықтан «қазақта ана тілімен» оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктердің дегені болмас үшін, ана тілінде оқытатын кітаптарды қолға алуды басты мәселе деп қарады.

Осы орайда газет арқылы «білім» конкурсын жариялап, қазақ балаларының ақшасын қайтарып алатындай бәйге тігуге шақырады. «Докторлық оқығандар – денсаулық жайынан, шаруа жайын оқығандар – шаруа жайынан, оқыту жайын жақсы білетіндер – мектеп оқулықтарын, әдебиет ауданындағы жүйріктер – халықтың қылығын, құлқын түзетуге арнаған романдар» жазуға шақырылады. Бұл туралы Ғ. Қарашев былай дейді: «...білім жарысына қосылғандар не хақында жазуға ерікті, ... кім нендей кітап жазса да, сыналғанда әр кітаптың өз алдына артықшылығы көзделеді». Жаңа ғасырда мұсылмандардың жаңа өміріне сұраныс, қажеттіліктеріне байланысты өз жаңалықтарын таратып, жаюында кітап, газет, журналдарды пайдалануы заңды құбылыс еді.

Қазақ арасындағы халық ағарту мәселесінің тарихи даму жолына үңілсек, XX ғасырдың бас кезіндегі алғашқы онжылдықтардың салмағының молдығына, маңыздылығына көз жеткізуімізге болады. Метрополия алдында өздерінің табиғи талаптарын қоя отырып, демократиялық бағыт ұстанған ағартушы зиялыларымыздың еңбектеріне объективті баға бере отырып, жаңа әдістік мектептердегі оқыту мәселесінде қол жеткізген табыстарынан мынадай нәтиже аламыз:

- жаңа әдістік мектептерді ұйымдастыра отырып, ұлттық сана-сезімнің оянуына ықпал жасады;

- қазақ тілін сақтап қалу жолында жазу графикасында реформа жасап, ұлт тіліне тән төте жазуды қабылдады;
- жаңа әдіспен оқытатын оқулықтарды жазуды қолға алып, тұңғыш рет қазақ тілін жеке пән ретінде оқыту жолға қойылды;
- тіл білімі, әдістеме ілімі туралы методикалық құралдар шығарды;
- империяның миссионерлік, орыстандыру саясатын, халықты қараңғылыққа, тартатын ескі әдет ғұрыптарды сынады;
- жаңа әдіспен оқытатын мұғалімдерді көбейту жолында педагогикалық курстарды ашты;
- келешек ұрпақты оқыту және тәрбиелеу жолдарын көрсете отырып, талабы бар оқушылардың білімін жалғастыруға жағдай жасап, көмектер ұйымдастырып, мектептерге жәрдем көрсетті.

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде жоғарыда көрсетілген мәселелерге байланысты қазаққа қандай мектеп керек екендігі туралы пікірін былай білдіреді: «Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. ...Ауылдағы мектепте оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары. ... бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі. Ал қазақ арасындағы орыс школдар ауынай, волосной, екі класты школдар. Бұларды бітіргенде ілгері оқымаса, онда шала оқумен қалады», – дейді [7, 223].

Оқу-ағарту ісінде патша үкіметінің отарлау және ұлттарға қарсы саясат жүргізуі, сондай-ақ қадим мектептері сияқты орыс-қазақ мектептерінің де заман талабына сай болмауы Ресей мұсылмандарының мектеп ісін модернизациялау және реформа жасауын қажет етті.

Қазақ арасында көшпелі мектептер ашу мәселесін көтерген мақалалар да жазылды. Мысалы: «Дала уалаяты медресеге бай емес. Екінші белгілі қырдың қалың ішіне барған сайын медресе азая береді. Мысалы Зайсан оязында Зайсанның өзінің медресесін қосқанда үш қана медресе бар, біреуі ауылшаруашылық медресесі, қаладағы бастауыш (ерлер және әйелдер бөлек) және Кендерлік медресесі. Осылардың біреуінде ғана қазақ балалары оқиды, қалғандарында орыстар дей келе, 30 000-дай адамы бар оязға бұл медреселердің өте аздық ететінін, балалардың көбі оқи алмау себебі халықтың көбі көшпелі, оқитын жатақ балалары [8, 69] ғана екенін айтып, бұл тығырықтан шығудың көзін – қазақтар үшін ашқан медреселер де

халықтың жүріс-тұрысына қарай көшпелі болуын және оның үш түрін атап көрсетеді. Біреуін егін шаруа медресесі, ұстаздары көп болмаса да аздап егін шаруасынан хабардар болуын, оқудың үш жылдық боп егін шаруа кәсібімен қатар тұрмысқа, халық пайдасына керекті пәндер оқытылуын, екінші бұрынғы оқытылатын оқу сияқты бұл да үш жылдық, ал үшінші медреседе хат танытып екі жылдық оқуды – көшпелі жағдайда іске асыруды алға қойды. Олардың демалыс уақыттары, ұстаздың жағдайын, қазақ тілінің оқытылуын басты назарда ұстаған бұл мақаланың маңызы өте зор.

Отыншы Әлжанов Омбыда медресе ашқан адамдар туралы мақаласында «отын, шамынан басқа әр медресеге жыл сайын 120 теңге шығармақ болыпты. Және де әр медресенің ішінде балалар жатып-тұратын үй жасамақ болыпты. Бай қазақтар балаларды киіндіруге һәм бұларға даярлап тамақ беруге құдайы қылып ақша бөлгендерін жеткізе отырып, бұл істің үлкен де үлгілі бастама екенін, балаларға жақсы өнеге беріп, ғылым, өнер үйретуде маңызды іс атқарылып жатқанын қуанышпен жазады [9, 158]. Қазақ балаларының оқуға бет бұрып, медреселерде білім алуы жалпы XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеттің жарқын тұстарының бірі болып саналады. Дархан далада медреселердің көптеп ашылып, ұлттық сананың оянуы қоғам дамының жағымды үрдістері кеңестік кезеңде теріс бағаланды. Араб әріптерімен жазып, оқи білетін ұрпақ өкілдері сауатсыздар қатарына қосылды. Алдымен латын, ода кейін кириллица бойынша сауаттылар білімді адамдар санатында тұрды. Мұның өзі қазан төңкерісіне дейінгі білім мен ғылымның жаңа ұрпақтың тануына тосқауыл қойды.

Ұлт зиялылары өркениет көшінен елін қалдырмау мақсатында орыс әріптерін танып, оқып, жаза білуді өскелең ұрпаққа насихаттаудың бірден-бір жолы мерзімді басылым беттері екендігі терең түсінді. Жәдитизмнің кең құлаш жаюына бейресми басылымдардың жауапты рөл атқаруға тиіс екендігін тілге тиек етті.

XX ғасыр басында жәдиттік бағыттағы оқу орындары патша өкіметінің қысымына қарамастан едәуір өсті. Мәселен, 1911 жылы Қазақстанда 84 жәдиттік мектептер болып, онда 28814 шәкірт тәрбиеленіп, 130 ұстаз қызмет атқарған [10, 613].

Өткен өміріміздегі мәдени құндылықтарды түгендеу, оларды саналы түрде қорыту ісі қазақ қоғамында бұдан бұрын жүйелі негізде жүрген емес. Тәуелсіз мемлекет жағдайында қолымыз жетіп отырған XXI ғасырдың еншісіндегі рухани толысудың үлкен бір дәлелі Елбасымыз қабылдаған ұзақ мерзімді «Мәдени мұра»

бағдарламасы мәдени кемелдікке жол ашқан жаңа бағыт. Күрделі, бетбұрысты, XIX ғасыр соңы-XX ғасыр басы секілді рухани жан-дану дәуіріне қайрылу, сол тарихи кезеңдердегі бүгінмен өзектес, сабақтас құбылыстар мен оқиғаларды елеп-екшеу ісінде жаңаны қабылдауға даярлық деп түсіну қажет. «Қабылдамақ жаңамыз қандай топыраққа түспек? Құнарлы, күшті негізге түскен дән ғана нәтижелі жеміс береді. Ал құнарлы негіз – біздің игерілген, қорытылған бай тарихымыз, салт-дәстүріміз. Іргелі негізсіз біз жалтақ, жетекшіл, еліктегіш, тек өзгенің құндылықтарын қабылдауға бейім қоғамға айналмақпыз».

Бүгінгі таңда тарихнамада ұлт зиялыларының жәдиттік оқу жүйесіне көшу жолындағы еңбектеріндегі көзқарастарды талдауда бірінші кезекте ғылым мәселесі алда тұрады сөзсіз. Қазақ тіліндегі тұңғыш ғылыми басылымдардың бәрін тек кеңес өкіметі тудырды деп келген тұжырымды бүгінде жаңаша көзқараспен талдауды қажет ететін және оқу жүйесіне ұлттық негіздерге сүйене жазылғандықтан мектеп бағдарламасына енгіздіруге жол ашатын зерттеулер күтіп тұр. А. Байтұрсынұлы «Оқу құрал» (1912, 1914, 1915), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1914), Т. Шонанұлымен бірге «Оқу құралы» (1927); М. Дулатұлы «Қирағат кітабі» (1916); Ж. Аймауытұлы «Психология» (1926); М. Жұмабаев «Педагогика» (1927); М. Әуезов «Новый аул. Русский букварь для казахских детей» (1929); Ә. Ермеков қазақтың тұңғыш есеп оқулығы; Ж. Ақпай құқық беру саласы бойынша тұңғыш ғылыми басылымдардың авторларын кешенді зерттеу, яғни жаңа әдістік негізде қандай ұстаным, әдіснамалары назар аудартатынын негіздеу мәселелері күтіп тұр. Оқулықтарда берілген мәтіндердің де бірнеше қырлары бар, әсіресе тәрбиелік, отансүйгіштік мәні зор. Мәселені тек білім берумен ғана шектемей, оны қабылдауға ыңғайлы етіп жүйелеуде, жаңаша білім алатын оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге бағыштауда. Өйткені, басты мақсаттары – оқушыны білімді логикасымен қабылдауға, оны сана-сымен қорыта білуге үйретуді алға қойып еді. Сондықтан да сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу Алаш зиялылары мектепке оқулықтар жазуға белсене атсалысты. Оны өздерінің тікелей міндеті, перзенттік парызы санай отырып, өзге қыруар қоғамдық-мемлекеттік қызметтерімен ұштастыра білді. Еңбектерінің негізінде жаңаға талпынумен қатар көркемдік ерекшелік, адамгершілік, кісілік, яғни имани, ғибратты, рухани сипаттарын таныту да белгілі бір қырын көрсетті.

Қорыта айтқанда, жәдиттік оқу жүйесіне көшу қазақ қоғамында XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде жүргізілді. Озбыр

отарлау саясатының ауқымында жүзеге асырылған оқудың және оқытудың осынау жаңа бағыттарының көшбасында ұлт зиялылары тұрды. Ұлттық мүддені тірек етіп, ағартушылықтың биік межесін аңсаған зиялылар «жаңа әдістік қозғалыстың» ұлт-азаттық күрестің бір бөлігі деп білді. Олар жаңа сипаттағы мектептерге арнап оқулықтар жазып, оқытуды мұсылмандықпен ұштастыру қажеттілігі туралы көзқарастар танытты. Өздерінің осы тұрғыдағы пікірлерін бейресми ұлттық мерзімді басылымдар арқылы баршаға баян етіп, қазақ халқын оқу-білімге, ғылымға шақырды. Зиялылар әсіресе бастауыш мектеп, онда оқылатын пәндер, ана тілінде білім берудің бағыт-бағдарларын көрсетіп отырды. Сонымен қатар қоғамының бетке ұстар абзал азаматтары қазақ балаларының оқып, білім алуына көмек, жәрдем ұйымдастыруды да бір сәт естен шығармады. Жәдиттік мектептерде сабақ беретін маман – мұғалімдердің де кәсіптік дайындығы, олардың жай-күйі, қатарын көбейту мәселелері де зиялыларды толғандырды. Оқытудың әдістемесі, әдістемелік құралдар шығаруға өздері де атсалысып, ұрпақ қамын ойлады.

Осылайша, жаңа әдістік мектептерді ұйымдастыра отырып, зиялылар ұлттық сананың оянуына ықпал етті. XX ғасыр басындағы мәдениет пен оқу-ағартудың дамуына сүбелі үлестерін қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Т.1.: Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.
2. Нұртазина Н.Д. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы, 2002. – 208 б.
3. Жәдидшілдік және Мұстафа Шоқай / Түркістан/www.turkystan.kz.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2000-2007. – Т. 1-11.
5. Дулатов М. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары // Бес томдық шығармалар жинағы. – Т. 2. – Алматы: Мектеп баспасы ЖАҚ, 2003. – 344 б.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
7. Қазақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
9. Айқап. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 368 б.
10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Т. 3. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2001. – 720 б.

Ақыт көзқарастарының Абай дүниетанымымен үндестігі және оның қазақ ой пікірінде алар орны

Гүлнар ОМАРОВА,
философия ғылымдарының кандидаты

Ақыт Үлімжіұлы – қазақ халқы жазба әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, шығармашылығы мен мұрасы қазақ руханилығының онтологиясына енетін көрнекті ақын, ағартушы-ұстаз. Ақыттың есімі көптеген жылдар бойы өзінің тарихи Отаны Қазақстанда кеңінен таныла алмады. Еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана, шетелдердегі отандастарымыздың арасынан шыққан тұлғалардың есімдері тарихи Отанына орала бастады. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында өмір сүрген тарихи тұлға А.Үлімжіұлы қазақтың байырғы атамекені Шығыс Түркістанның Алтай аймағында 1868 жылы дүниеге келген. Ол Орта Азия мәдениет орталықтарында кемелді білім алған, сол кездегі дін мен ғылымды терең меңгерген Махбубұлладан білім алып араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін үйреніп, Ислам негіздерін терең меңгереді. Ақыт тұрмысының қиындығынан әрі қарай оқи аламай 1890-1900 жж. Алтай (Қытай) мен Қобда (Монғолия) арасындағы почта байланысына жұмысқа орналасады. Қызмет бабы арасындағы почта байланысына жұмысқа орналасады. Қызмет бабы қажеттігінен Ақыт монғол, орыс тілдерін үйренеді. Почта байланысында қызметте жүрген Ақытты Қобда өлкесінің белді биі, Жуанған үкірдай (мыңбасы, болыс дәрежелі лауазым аты) хатшылық қызметке шақырады. Ақыттың 20 жыл өмірі қызмет бабымен Монғолия қазақтары арасында өтеді. Ақыт би-төрелердің хатшысы қызметінде жүргенде билер алқасының – ел басқару ісімен терең танысып, дау-дамайларды шешу т.б. істерді үйрене жүріп ол Шығыс, Ресей, Түркия т.б. елдерде басылған әлем әдебиетімен танысып, кемелді

білім жинайды. 1907 жылы қазақ ақсүйектері қажылық сапарға аттанғанда Ақыт бірнеше тілді терең білгендіктен, олар Ақытты аудармашы ретінде өздерімен бірге ертіп алады. Бұл сапарға кеткенше Ақыт 16 жыл ұстаздық, ағартушылық қызмет етеді.

Ақыт «Қажы баян» еңбегінде Сауд Аравиясы, Сирия, Түркия, Ресей елдерінің хал-ахуалынан, Шығыс елдерінің мәдениеті мен жәй-күйінен хабардар етеді. Ақыт Омбы жерінде белгілі қазақ ханы Абылайдың ұрпағы Ешмұхаммед Аблайхановпен кездеседі. Ақыт араб елдеріне саяхат сапарында көрген елдер тыныс-тіршілігін өз елімен салыстыра келіп, өз елі ғылым мен білімнен кейін қалғанын байқап, ол халықтың санасын оятатын, насихаттық өлеңдерін жазады. Ақыт елге оралғаннан кейін сол кездегі діни медреселерден өзгеше білім берудің жаңа жүйесін іске асыру мақсатымен бірнеше жерлерде жаңа медресе-мектеп салдырады. Бұл оқу орнында Иман, Ислам құндылықтары араб, парсы, түрік, шағатай тілдері, сонымен қатар шығыс әдебиеті, дүние тарихы, географиясы, математика, имандылық тәрбие беру, әлемді тану т.б. пәндер оқытылады. Ақыттың ойындағы жаңа қазақ қоғамының саналы адамы ең алдымен иманды болу керек деп ойлайды. Ақыт адамды жаңаша тәрбиелеу мақсатында, дамыған елдің адамы ең алдымен иманды, адал, әділ болып, білім мен ғылымды қарқынды дамыта білуі үшін Ақыт оқушыға діннің ғылыммен егіз екендігі түсіндіріліп оқытылуына қатаң талап қояды. Ақыттың шешендік сөздері, жырлары ауыздан-ауызға тарап, ел ішінде беделді болуынан Ақытты Қытай Алтайының Тары, Жуанқан, Бітімші, Буратай секілді төрт тәйжісіне (уезіне) қарасты жергілікті халқы қазы етіп сайлайды. «Қазы» деген бүгінгі ұғымда құқық қорғайтын жүйенің саласы сот (прокурор). Қазақ қазылар, билер алқасы ел ішінде ұсақ ұрыс-жанжал, дау-дамайды ғана емес, мемлекеттік маңызды мәселелерді шешіп отырғаны белгілі. Мұндай қызметке қазақ қоғамында ақылгөй, көп білетін, шежіреші би-шешендер, дана адамдар тағайындалатын болған. Ақыт сөзге шешен, елге төрелікті қазы болмай тұрып-ақ айта білгендіктен, ел-жұрты оны қазылық қызметке шақырады.

Ақыт Үлімжанұлы:

«Жүрек-көңіл бермеңіз...

Ақсақал айтты, бай айтты,

Би айтты ма, кім айтты?

Айтқанына көнбеңіз.

Сөзді өлшеуге алыңыз,

Уәзінге әділ салыңыз» [1] – деп көп нәрсені барлай ойланып, қарамайтын әр адамға қарата жақыным айтты, көп айтты, не би, не төре, не сұлтан айтты демей, айтылған сөзді өз көкей көз тезіңмен таразыға сал да, әділ кесімін жаса дейді. Ақыт алдына келген әрбір даулы істің әділ кесімін жасап «Қалың елі қазағын» ойлап, ел-жұртының мұң-мұқтажын жырлаған ақындығымен ғана емес, ағартушылық-ұстаздық қызметімен бірге елдің білім алуына, жалпы қазақ әр елде бөлінбей қазақ жеке ұлт, тәуелсіз ел құруға бет бұруына дем беруімен Қытай, Монғолия қазақтары арасында аты кең таралған еді. Ақыт ағартушылық-ұстаздық қызметі мен билер кеңесіндегі қазылық қызметін жергілікті Қытай үкіметі тарапынан «күдікті» адам ретінде ұсталып, қамалғанынша 28 жыл атқарды. 1939 жылы Шың Шы Сай үкіметі Ақыттың елді біріктіруге, қазақ арасында білім мен ғылымды жетілдіруге, елді азат етуге, ұлттың оянып өз алдына ел болуына үгіт-насихат жасады, ұлт-азаттық қозғалысты қолдаған деген айып тағылып, Үрімші түрмесіне қамады. Сөйтіп, Ақыт салдырған мешіт, медресе-мектептер қиратылып, ақынның мол кітап қоры өртеледі. Қарт Ақыт гоминданшылар тарапынан Цай У Фу жазығында тірі көміліп, өлтірілген 108 адам ішінде қазақтың алаш азаматтары Зият Шәкәрімұлы, Райымжан Мәрсеков т.б. бірге 1940 жылы тамызда 72-ге қараған шағында жан түршігерлік қинаумен азапталып өлтіріледі. А. Үлімжіұлының бүкіл саналы өмірі туған халқына деген терең, ұлы махаббатпен, елінің ертеңін ойлап күресумен өтті. Ақыт өз ұлтының жанашыры болып, елінің жарқын болашағы үшін күреспен өткен өмірінде халқының адал перзенті болып, халықтың алдыға қарай дамуына бағыт-бағдар берген, қазақ халқына, жас ұрпаққа, жалпы жеке адамға ақыл-кеңес беретін ғажайып жыр маржандар силаған ғұлама ойшыл, осы бейнесімен қазақ халқының жадында мәңгі сақталды.

Ақыт қайтыс болғаннан кейін ойшылдың мол кітап қорын, шығармалары мен қолжазба күйіндегі өлеңдерін гоминданшылары өртеп жібереді. Ақыттың баласы, әке мұраларын зерттеуші Ғазез Ақытұлының айтуына қарағанда Ақыттың кітап қорында діни, тарихи, философиялық т.б. еңбектердің тізімделген жиыны 816 кітап болғаны анықталып отыр. Олардың ішінде Құранның бірнеше тілдегі тәпсірлері, Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистері, Ислам ғұламалары еңбектері, араб тіліндегі Аристотель, Платон еңбектері, Тауарих-Хамса, «Қауағие», «Әлжамғу бәйнә», «Радил хакмайн», «Диуани-луғатит түркі», Баласағұнның «Құтадғұ-білік», «Тарих Чыңгыз-хан», «Шажрани түрк», Рабғузидің «Қисасул әнбия», «Табқатұл

ардз», Хайдар Дулатидің Тарихи-Рашиди, Мақсудидің «Ғибадат Исламия», Құрбанғали Халидидің 5 тарихи кітабы, Ахмет Бижанидің «Ануар ұлхашихы» т.б. еңбектер болған. Ғ. Ақытұлы: «Соның ішінде «Әлжамғу бәйнә», «Радил хакмайн» деген кітаптардың тілі өте күрделі, сол кезде жақсы оқыған ағам Қалманнан сұрағанымда бұл «Екі хаким ойының тоғысуы» деген Мұхаммед Фарабидің Аристотель мен Платон туралы жазылған философиялық еңбегі» екен дейді [2, 90-91.]. Ақынның жарияланбаған қолжазбалары, өлең-жырлары, ақыл кеңестік нақыл сөздері жоғалып, өртеліп кеткенмен, бұл еңбектер ақынның көзі тірісінде жақындары мен замандастары арқылы халық арасына қолжазба күйінде таралып үлгерген еді.

Қ. Жәнәбілұлы: «Ақыт Абайдың алғашқы еңбектері жарияланып шыққанынша Абайдан 18 жыл бұрын баспа сөзде шығарма жариялапты» [3, 140] дей келіп: «Абай Ақыттан 23 жас үлкен екен. ...біз Ақытты мүлтіксіз, Абайдан жоғары тұлға демекші емеспіз. Ақыт Абай шығармаларын көріп оны ұстаз санап, оның шығармаларын дәріптеуі Абай образын көтергендігі, Ақыт Абайды өзінен жоғары қойғандығы, Ақыт тарихи адам, ол өзінің ұлы Абаймен замандас, туыстас екенін әйгілегендігі» дейді [3, 140]. Ақыт 22 жасында «Жиһән шаһ Тәмуз шаһ угли» шығармасын «Ахид бин Уәләд Гүлімжі Алтайский Карымсаков» – деген атпен Романовтар әулетінің соңғы мұрагері Николай II-ші орыс императорының рұқсатымен Ресейде жариялағаны жайында Ресейде Императорлық Казань университеті архив материалдарынан белгілі болған. Бұл жайында сол кезде императорлық Казань университетінде қызмет еткен орыс түркітанушысы, профессор Н.Ф. Катанов Ресейде шығатын «Деятель» (1898 жыл, №8-9 сандар, 429-430 беттер) журналында жазған мақаласында Ақытты «қазақ ақыны», — деп атап көрсетіп, Ақыттың «Жиһән шаһ Тәмуз шаһ угли» (Дозволено цензурою, Санкт-Петербургъ, 30 сентября, 1897 года. Казань. Типо-литография Императорскаго Университета) кітабын Мұхаммед Нәжиб Әли Акбаров Ресейдің Казань қаласында 5000 данамен бастырып шығарғанын хабарлайды. Сонымен қатар Ақыт шығармалары жайында көрнекті орыс ғалымдары В.В. Радлов, А.Е. Алекторов еңбектерінде мәліметтер кездесетіні жайында бізге белгілі болды. Ақыт көзі тірісінде бірқатар шығармаларын («Тәржүмә-и», «Ахуал-и хиямет», «Әбият-Ғаһидия», «Хисса-и Минахиб пиран Ғазиз-ан» т.б.) 1891-1910 жж. Ресейдің «Университет», «Домбровский» т.б. баспаларында бастырып шығарды. Ақыттың бірқатар еңбектері Монғолияда, Қытайда жарық көрді.

Ақыт шығармаларының екі томдық толық жинағы араб әріптерінен қазақшаға аударылып 2011 жылы Түркияның Кония қаласында қазақ тілінде басылып шықты. Ақыт мұралары әлі де бірнеше том болатыны даусыз, өйткені шетел қазақтары арасынан қолжазба күйінде сақталған Ақыт шығармалары күні бүгінге дейін табылуда, бұған өзім куә болдым.

А.Үлімжіұлы түрлі философиялық мектептерді қалыптастырған грек, үнді, қытай, неміс ойшылдары секілді философиялық еңбектер жазбағанмен де, оның туындылары философиялық ой түйіндерге толы. Сондықтан Ақыт философиясының дүниетанымдық негіздері қандай? – дейтін заңды сұрақтар туындайды. В. Горский: «Нақты тарихи-философиялық зерттеулер көрсетіп отырғанындай, «философиялық емес» – қоғамдық-саяси, нақты ғылыми, көркем және басқа да текстерді тарихи-философиялық талдау нысанасына алып, қарастыруға болады. Олар қоғамдық орта мен контекстің негізгі нышандарын тану көзі болып табылады. Әлемдік көркем әдебиеттің озық үлгілері қандай да бір философиялық ұғым бере алады» дейді [4,100]. Дүниетаным адамның әлемге, қоршаған орта мен табиғат әлеміне деген қатынасы, яғни адамның дүниені, әлемнің қыр сырын өзінше танып білуі. Бұл адам өмірінің мәнін түсіну, адамның мақсат мұраты, адамның өзіне қажетті рухани дүниені игеруі, адам табиғатының сұлулығын, қоршаған ортаның көркемдігін, бүкіл әлемді, әлемнің жаратылуын өзінше танып бейнелеуі туралы алуан түрлі түсініктер жиынтығы. Ақыт дүниетанымның қалыптасуына Құран Кәрімдегі ғылыми білімдер, Фирдауси, Низами, Хафиз, Сағди, Науаи, С. Аллаяр, Қ.А. Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Абай т.б. шығармалары ерекше әсер етеді. Ақыттың ағартушылық идеялары оның «оян қазақ» жинағында айқын көрінеді. Ақыт: «Замана келді қырланып» өлеңінде: «Оян қазақ, намыстан! Өнер ізде алыстан...», – деп, дамыған елдердің қатарына жету үшін замандастарына қарата ең алдымен білім мен ғылымды жетілдіру керектігі туралы ақыл-кеңес береді. Ақыт шығармаларында жалпы қазақ жаңа қоғам, тәуелсіз ел құруы керек, бұл басты мақсат деп ой түйіндеп, қазақтар – Ресей, Қытай, Монғол елдерінде бөлініп қалғанына күйзеледі. Еркіндік пен бостандыққа жетуді насихаттағанда ақын қазақ халқы ел болам десе жаңа адамды тәрбиелеуі керек дейді. Халықтың санасын көтеретін «оян қазақ» жинағында жаңа қазақ қоғамының елін көркейтетін, жасайтын жаңа адам иманды, ғылым мен білім, жаңа техниканы меңгеріп, өнерлі болуы керектігін танытады.

Ақыт: «Әділдік жоқ, арсыз би,

Ақыреттен қамсыз би.

Көрінгенге жалтақой,

Айтқан сөзі нәрсіз би» [1, 79.] деп, ісі оңалмайтын, жақсы мен жаман парқын білмейтін, ар-ұяттан хабарсыз би-төрелердің болмысын сынап, көрсетеді:

«Табансыз тайғақ жаман би,

Ойсыз, мисыз, сабан би.

Оқу да жоқ, тоқу жоқ,

Шарифатқа шабан би» [1,79.].

Ақыт иманы жоқ, білім алмай, өнер үйренбей, дүниеқоңыздыққа салынған адамдар мен ел қамын ойламайтын, дінін күтпейтін, халық қамын емес, құлқын қамын ойлайтын би-төрелерді, ет пен шайын ойлаған шала молдаларды сынға алып, адамның теріс қылығын, жәй қарапайым адамдардың алуан түрлі мінез-құлқын, мінін айтып, шенейді. Сөйтіп, елбасшылар, би төрелер қандай болуы керектігі жөнінде ой өрбітеді. Сөйтіп, қазақ адамының болмысы қандай болуы керек? дейтін сұрақ төңірегінде өз ойын түйіндейді ақын. Ақыттың ойындағы қазақ елінің үлгілі елбасшысы, халыққа жарқын болашақтың сара жолын көрсететін, қазақ елін көркейтетін қазақтың би-сұлтандары, төрелері, моллалары ең алдымен адал-әділ, иманды, ар-ұятты білетін, білімді, өнерлі, адал еңбекті кәсіп еткен, жан дүниесі таза, жан-жақты білімді болумен бірге жаңа ғылым мен білімді үнемі үйренуі керек. Ақыт ойындағы ақыл-парасатты ел басшысы би-сұлтандар мен төрелер дүниеге алданбай, жамандықты басып, басқаларға үлгі көрсетіп, елге ғылым нұрын шашып, ел-жұртқа тең қарап, кедейлерге көңіл бөліп, көмектесіп, елді береке-бірлікке шақыруы керектігін ескертеді. Қазақ елінің адамы саналы түрде өзгеріп, жаман әдеттен арылып, түзеліп, білімді, мәдениетті болмай, ілгері даму жоқ екенін ел-жұртына қарата батыл, қадап айтады ақын. Ақыт ойындағы саналы қазақ адамы ең алдымен иманды болумен бірге, теріс қылықтан арылып, жоғары мәдениетті болмаса, басқа дамыған елдер деңгейіне жету жоқ – дейтін ойлары ақын шығармаларында терең көрініс береді.

Ақыт тарихи сананы қалыптастыру мақсатында жазылған шығармаларында өзі өмір сүрген уақыт еншінде, әлеуметтік-мәдени орта болмысын түгел жырға қосып дұрыс тарихи мәліметтер беретіндігіне көз жеткіздік. Ақын өзі өмір сүрген уақыт пен кеңістіктерде болған тарихи құбылыстардың сырын ашып, ақын өзі туылған өлкенің табиғатынан бастап, қазақтың қайдан

шыққаны, қазақ қандай жерлерді мекендегені, көрші елдер мен қазақ арақатынасы, этномәдени орта болмысын айна-қатесіз жырға қосып, елдің әлеуметтік-мәдени жағдайынан хабар береді. Сол кездегі қазақтың хал-ахуалын ақын мұраларындағы – әсіресе «зар-заманға» арналған шығармалар топтамасынан анық байқаймыз. Ақын шығармаларынан Қытай, Монғолия, Ресей қазақтарының XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы тарихи-мәдени болмысын танып білуге болады. Ақын шығармаларында кейбір тарихи терминдер мен сол кездегі тарихи шен атаулары түгел аталып отырады. Ақыт өзі Монғолияда қызметте жүрген кезде көзімен көрген тарихи трагедиялық процесті ақын «Хобда Кеңес» шығармасы арқылы айна-қатесіз көз алдымызға әкеледі. Бұл шығармаға арқау болған Монғол-қазақ арасындағы қанды трагедиялық тарихи текетірес «Жалама айдаған жылдар» деген атпен тарихқа енді. Ақыт 1886 жылы 18 жасында жазған «Замананы сөйлейін» өлеңінде сол кездегі заманның ащы шындығын, біртұтас қазақтың шексіз-шетсіз дала-сы күннен-күнге тарылып, атақоныста отарлаушылар ойран салып, қолдан билік кеткендігі, жалпы қазақ бірнеше этнодиаспоралық кеңістіктерге бөлініп кеткенін айшықтайды.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде даналық мектебінің негізін қалаушылардың бірі XVI ғ. өмір сүрген Асан Сәбитұлының ауызша дәстүрде тараған мұрасы дүниедегі бүкіл қазақ жұртына үлкен әсерін тигізгені белгілі. Тарихи тұлға Асан Қайғының дүниені танып білудегі ой-пікірін Ақыт өзінің «Асан ата деп еді» шығармасына арқау етеді. Ақыт неше түрлі қырланған, қиын-қыстау, қуғын-сүргін замандар болатынын, небір жомарт жаны жайсаң өзі дана адамдар, неше түрлі құбылған қайқы адамдар болтынын, ғаламдық өзгерістердің болатынын айтып кеткен әйгілі шешен Асан Қайғының ой-пікірін өз ойымен сабақтастыра бейнелеп көрсетеді. Ақыт адам, заман, заң, ел мен жер, жаһандық құбылыстар т.б. мәселелер туралы өз ойларын өрбіте айшықтай келіп, ертеде өткен асқан дана Асан Қайғының дүниені тануы туралы ойларын мысалға келтіре отырып ел-жұртына ақыл-кеңес береді.

Ақыт өзін толғандыратын көптеген мәселелерді Абайдың дүниетанымынан кездестіреді. Абай шығармашылығын зерттеушілердің қатарында ұлы Абайды әлемдік деңгейге көтеріп, алыс шетелдерге танытушылардың ішінде Ақыттың алар орны ерекше. Қазақ руханилығының биік шыңы, данышпан, ұлы ақын Абай бейнесін А. Үлімжіұлы жоғары деңгейге көтеріп, өз ойын ұлы ойшыл

Абаймен астастыра жырлап, аса құметпен қарауының да өзіне тән сыры бар. Абай философиясын Ақыт дүниетанымы арқылы да жаңа бір қырынан байқауға толық мүмкіндік туындап отыр. Ақыттың Абайды жырға қосып, өзінен сонша биікке көтере, асқақтата жырлауынан ғұлама Абайды ақыл-парасаттылықтың жоғары иесі ретінде тағы да бір қырынан тани түсеміз.

Ақыт ғұлама Абай өлеңдерін оқыған кез-келген адам Абай әлемін, оның өлеңдерінің мәні мен мазмұнын, оның философиялық ой-түйіндерін терең түсіне алмайтындығын ашық айтады. Сөйтіп, Ақыт Абайдың күрделі ойларын, дүниетанымын, Абайдың күрделі ой әлемін алдымен өзім тануым керек, осы арқылы басқаға түсіндіруім керек деген ойға тоқталады. Ақыт Абайдың адамгершілік ақыл-ой мектебінен терең үлгі ала отырып, өз замандастарын өмірдің «тар жол, тайғақ кешуінен» сақтандыру мақсатында Абайдың этикалық, эстетикалық, гуманистік ой түйіндерін алдымен өзі түсінуі арқылы өзі өмір сүретін әлеуметтік-мәдени ортаға ұлы ойшыл Абайдың дүниетанымын, оның шығармаларының мәні мен мазмұнын дұрыс түсіндіруді мақсат етіп қояды. Ақыт: «Абай – мұтафакқыр шағыр (ойшыл ақын), Абай өлеңі сондықтан оқырманды сынаиды, әрі тәрбиелейді. Екіншіден: Абайды Россиядағы қазақтар (Қазақстан қазақтарын меңзеліп отыр авт.) танып білсе де, осы жақтың қазақтары (Қытай қазақтары авт.) әлі жете тани қойған жоқ. Тіпті кейбіреулері Абайдың атын да білмейді. Бұлардың бірталайы мені біледі. Сондықтан Абайды алдымен мен тануым керек. Және Абай менің аузым арқылы таныстырылуы керек» дейді [2, 50-51]. Сөйтіп, Абай өлеңдеріне астастыра көптеген шығармалар жазады.

Ақыт: «Бисмиллә рахман рахим, Ей, мүмин, қарындастар! Қазақ ұлтының керей елінен шыққан мен әлсіз, пақыр пенде қажы және қазы Ақыт Үлімжіұлы, мүминдердің көңіл көзін ашуды, оларды опық жеуден сақтандыруды, кейінгі дәуірге естелік қалдыруды ниет етіп, марқұм Абай Құнанбай қажыұлының кітабынан өрнек алып, осы ғақылиялық, нақылдық үндеулер кітабын жаздым. Шіркін, Абай адамның жуырда есіне түспейтін сөздерді тауып, соны өрнектеген екен. Мен де сондай есіме түсе қалған сөздерді кіргіздім. Сондай-ақ Абай өлеңдерінің үзіндісін басына алып, күрделі лебіздерін шештім. Бұл нұсқаға сонан «Дәләйілүл ғақылия» («Ғақылиялық үндеулер») – деп ат қойдым. Мақсатым, ел-жұртқа тағылым болса...» дейді [1, 181]. Ақыт ойынан, оның ұлы Абай шығармашылығынан үлкен нәр алып, Абай секілді «өткір сөзді

болмасам да» деп, Абайдың өзінен соншама биік тұлға екендігін көрсетіп, адамдарды опық жеп қалудан сақтандыру мақсатында, ғұлама ойшыл Абайдың философиялық ой әлемінің терең лебіздерін шешуге бел байлағандығын анық байқаймыз. Ақыттың «Дәләйілүл ғақлия» еңбегі оның ғұлама Абай мұрасына еліктей жазылған қара сөздері терең ғыбырат аларлық, ақыл-кеңес беретін өлең-жыр түрінде жазылған басты шығармасы. Ақыттың Абайдан үлгі алып, осы дәстүрді жалғастырып, дамыта білгендігін Ақыттың көптеген басқа да шығармаларынан байқаймыз. Ақыттың Абайдан алған әсерімен жазылған табиғат – қоршаған ортаның көркем құбылыстарына арналған: «Жаз шілдесі болғанда жақсы жайлау», «Жазғытұры қар кетіп, балқиды жер», «Күз болса солар бәйшешек» т.б. өлеңдері бар. Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің үлгісін пайдалана отырып «Дәләйілүл ғақылиясында» Ақыт: «Ақ күмістей кең маңдай, Қара көзі нұр жанар» [1, 182] – деп басталатын нәзік бойжеткеннің мінсіз әсем де, сұлу бейнесі мен жан дүниесінің көркемдігін, адамгершілік қасиеттерін бейнелейді. Ғазез Ақытұлы әкесі Ақыттың Абайға «үлкен құрмет білдіргендігі, оны ұстаз тұтқандығы – ақын шоқтығын онан әрі биіктете түсті.

Сонымен бірге ұлы ақынның мұңына мұң қосып, қайғысына да тең ортақтасты, бұл оның ұлы Абаймен сырлас, тыныстас, мұңдас екендігін түйдіреді» дейді [2, 57]. Абай әсерімен жазған «Дәләйілүл ғақлиясының» 12-ші тақта сөзінде Ақыт адамға жарамайтын «өтірік», «өсек», «еріншектік», «мақтаншақтық», «орынсыз мал шашу» секілді теріс мінездерден аулақ болуды ескертіп, «рақым», «талап», «ақыл-ой», «адал еңбек», «қанағат», «ыстық жүрек» секілді асыл құндылықтарды адам бойына сіңіруі керектігіне назарымызды аудартады. Абайдың философиялық ой-түйіндерін өз ойымен астастыра дамытып жырлауы арқылы, Ақыт адамға адам болудың жолдарын көрсетіп, батыл ақыл-кеңес береді. Оның бұл ойлары өз ұлтына деген терең сүйіспеншіліктен, гуманистік идеялардан туындаса керек. Адамның шын мәнінде «адам» деген атқа лайық болуы үшін керекті басты құндылықтардың қатарында еш уақытта өзінің өзектілігін жоймайтын адамгершілік, ар ұят, имандылық т.б. терең, аса мәнді күрделі адам проблемасы ақын шығармаларында басты мәселе болып табылады. Ақыттың: «Абай өлеңдерінің үзіндісін басына алып, күрделі лебіздерін шештім» деуінен Абай ойының күрделі философиялық лебіздерін алдымен өзі рухани жан дүниесімен шешуге бел байлағаны, өзінше түсінуге тырысуы, әсіресе оның «Дәләйілүл ғақлия» шығармасында көрінеді.

Ақыт:

«Ынсап, ақыл, ар, ұят бір бастағы,

Бәрі түгел біреуде тұрмас тағы.

Бұл төртеуі біреуде жиылған жан,

Келісімсіз еш мінез, қылмас тағы» [1, 197] – деп адамның кісілік, адамгершілік қасиеттерін ерекше сипаттай келіп ақыл, ынсап, ар, ұят, адалдық, әділдік, адал еңбек, адам жан дүниесінің тазалығы, имандылық ақыл-ойы секілді өзекті адам мәселелерін шешуге тырысады. Ақыттың «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» т.б. шығармаларынан Ақыттың Абаймен үндестігін айқын көреміз. Екі ақынның ойлары астасып, әрі қарай сабақтасып, біте қайнасып жатқандығының куәсі боламыз. Ақыт ғұлама Абайдың жырларымен танысқан кезде оның есімі Қазақстанға танылмаса да Ресей, Монғолия, Қытай елдерінде ақындығымен белгілі болған еді. Абай өлеңдері Ақытты тәнті етіп қана қоймай, Абай Ақыттың рухани ұстазы болды. Бұл кезде Ақыттың да өзіне тән жазу стилі, деңгейі, ой-пікірі қалыптасқан, тұлғалық, азаматтық, ақындық, ағартушылық-ұстаздық, болмысымен елге белгілі болған кезі болатын. Абай тұлғасымен табысудан бұрын Ақыттың рухани мұрасы өзіне тән ерекшеліктерімен өркендеу үстінде болатын. Ұлы Абайдың асыл мұралары Ақыттың рухани дүниесін, шығармашылығын жасампаздығымен, кемелділігімен байыта түсті. Ақыттың Абай мұраларынан алған әсерімен жазылған шығармаларының мәні мен мазмұны терең, шоқтығы биік. Ақыттың Абай шығармаларымен таныспастан бұрын жазған өлеңдерінде де адамгершілік ілімдері, адалдық пен әділдікті, адал еңбек, имандылық ақыл-ой, ар, ұят, қанағат, рақым, талап, білім, ғылым туралы т.б. ойлары Абай ойымен, дүниетанымымен терең астасып жатқандығы айқын байқалады.

Ақыт 8-ші тақта сөзінде:

«Адасқанның алды жөн, арты соқпақ,»

Сонда білер басына тисе тоқпақ.

Байсынып, батырсынып, білерменсіп,

«Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ» [1, 191] деген жолдардағы ақынның адам болу туралы идеялары айқын көрінеді. Ақынның «тиым жоқ, тиылу жоқ, ар ұят жоқ» [1, 191] – деп, ақын кейбір адамдардың теріс мінезін сынға алып, адамгершілік қасиеттерді бәрінен жоғары қойып, адамдар арасындағы баянды үйлесімділік қарым-қатынасты уағыздайды. Ақыт 53-ші тақта сөзінде: «Қайрат пен ыстық жүрек болады егіз» дегенде ақын ақылға

қозғау салатын қайрат пен ыстық жүрек жайындағы көзқарасы да жоғарыдағы ойын одан әрі айшықтай тереңдете түседі.

Ал 2-ші тақта сөзінде:

«Ақылды қара қылды қырық жармақ,

Әр нәрсенің паркы бар, неше тармақ» [1, 184] – деп, парасатты адам бойындағы қасиеттерге ақын жоғары талап қояды. Ақыл ақыл деген құндылық барлық ізгіліктің кені екенін, жан мен тән тазалығының, жақсылық пен жамандықты өлшейтін таразы екеніндігі туралы ой түйеді. Ақылтың руханилыққа қадам басуы ислам құндылықтарынан бастау алғандықтан оны кейбір зерттеушілер тек діни ағартушы деп атап жүргені белгілі. Әрине Ақыл дүниетанымындағы бұл рухани бастаулар сонау исламдық түркі әлемінде терең із қалдырған әл-Фараби, М. Қашқари, Ж. Баласағұн, әс-Сығанаки, А. Иүгінеки, Қ.А. Йассауи т.б. секілді тұлғалардан жалғасып келе жатқан рухани дәстүрдің жалғастығы екендігі айқын. Дегенмен Ақыл шығармалары өзіне тән терең күрделі философиялық мәселелерге тұнып тұрғаны барған сайын айқындала түсуде. Ақыл философиясының негізі ертеден өзекті болып келе жатқан басты проблемалардың бірі адам мәселесі болып табылады. Ақынның шығармаларындағы этика, эстетика, гуманистік, әлеуметтік мәдени философиялық көзқарастары, өмірмәндік мәселелер, адам мен әлем арақатынасы т.б. өзекті проблемалар Ақыл философиясында адамның максат-мұраты мен жеке тұлғаны тәрбиелеудегі адамгершілік ілімі, жеке тұлғаның жан дүниесінде рухани құндылықтарды қалыптастырудағы ой-пікірлері «Адам болу» және «иманды адам болу» идеясы тұрғысында терең ой тұжырымдар жасалған. Бұл Батыс, Шығыс, Арабтық Ислам философиясындағы үлгілі адам, әл-Фарабидың қайырымды қала тұрғыны, Конфуцийдің қайырымды адамның ісі, сонымен қатар адамның бақытқа жетуі, білім, мәдениет, ақыл парасаттылық, саналылық, әділеттілік т.б. мәселелер бұл әлемдік философия мен этиканың өзекті проблемалары болып табылады.

Ақынның сопылық көзқарастары арнайы тоқталып, терең зерделейтін тақырып. Ақылтың діни білімге деген құлшынысы бала кезінде әкесі Үлімжі мен анасы Жібектен алған имандылық тәрбиесінен және ұстазы Махбубұлла хазіреттен дін қағидаларын тереңдей үйренуден басталған. Ақылтың үлкен жақтан шабыттандырған әдебиет Құран Кәрім болды. Ақылға Құран Кәрімдегі діни этикалық білімдер, ислам құндылықтары терең әсер етеді. Сондықтан ол қазақ халқынан тұңғыш рет Құран Кәрімді араб тілінен қазақшаға аударып шығады. Ол өз оқушыларына Құрандағы

ғылыми негіздерді тікелей аударып басқа пәндермен, ғылыммен байланыста оқытады. Сондықтан Ақыл Құрандағы ғылыми негіздерді ең алғаш зерттеушілердің бірі болып табылады. Ақылтың дінге деген ерекше көзқарасының тереңдеуіне Түркия жерінде шағатай тілінде шыққан діни әдебиеттерді оқуы, атап айтқанда оның Қожа Ахмет Йассауи дүниетанымымен танысуы да үлкен әсер етеді. Ақылтың діни сопылық көзқарастарының кемелдене дамуына қажылық сапарына барғанда арабтық-мұсылмандық өркениет әлемі, сопылық білімдермен терең танысуының үлкен әсері болғандығы сөзсіз. Ақыл «Камал пір мұршид Нақышбанд ахуалы» шығармасында тарихи, әрі ірі діни қайраткер XIV ғ. өмір сүрген ортазиялық суфизмнің ірі өкілі, әулие пір Нақышбанд Баһауиддин немесе Ходжа-и Бузурук және Шайхи Нақышбанд атымен кең танымал, аты кәсібіне байланысты нақышбанд (өрнек салушы) деп аталып, кейін нақышбандия софылық бағытты дамытқан тұлға жайында айтады. Бұл бағыттың ықпалы ертеде осы күнгі Оңтүстік Қазақстан, Қоқан жерлеріне дейін жетіп, осы бағыт пірлері бір-біріне «қол беру» немесе «қол тапсыру» арқылы сопылық бағытты ұрпақтан-ұрпаққа таратып отырған. Ақылтың Қожа Ахмет Йассауи мен Баһауиддин Нақышбанди туралы шығарма жазып, олардың тарихат жолы туралы айтуына олардың шығармаларындағы терең сопылық, діни-этикалық білімдер, мәңгілік өмір жолын іздеуі ақынды аса терең шабыттандырса керек.

Ақыл философиясының бір ерекшелігі ол дүниені, адамның әлеммен қатынасын үнемі Абсолюттік Ақиқат – Аса Жоғары Жаратушымен терең байланыста пайымдайды.

Ақыл «Ғақлиялық үндеулердің» 43-ші тақта сөзінде:

«Ойласандар жігіттер,

Тән өледі, жан өлмес.

Денеден шығып кеткен соң,

Қайта айналып ол келмес.

«Мені» менен «менікі»,

Айрылғанын ел білмес» [1, 255] дегендегі ойлары Абаймен астасып жатыр. Ақыл адамның дүниемен қатынасы жөнінде ой өрбіте келіп, Ақыл «мен» деп «жанды», «менікі» деп «тәнді» айып отыр. «Мен» иесі адам – субъект. Оның өз ойы, орны, басқаларға ұқсамайтын ерекше қасиеттері, өз «мені» бар жеке тұлға. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «Менікі» өлсе өлсін оған беки!» деген Абай дүниетанымында да «Мен» деген жан, рух, «Менікі» деген тән. Бұл ой-түйіндеу алдымен Абайда осы мәнде көрінеді. І. Ерғалиұлы: «Қазақ философиясында кең орын алатын мәселе

ақын жыраулардың өз атынан сөйлеп, өз ойын «Менін» паш ете отырып, өздерін ақыл-ойдың субъектісі ретінде көрсетуі. «Мен» кісілікті (личность), адамның дүниеден өз орнын тауып, өзіне лайық, өзі ғана атқара алар ісін, өнерін тауып, өзін басқаларға ұқсамайтын дара тұлға (индивидуальность) ретінде сезінуін аңғартады. Кез келген адам «Сен» бола алмайды, кез келген адам тұлға (личность), субъект, қайталанбас тұлға емес» дейді [5, 153]. Адамның өз «Мені» бұл адамды адам етіп тұрған қасиеттері, ол адамның өзіне тән ерекше орны, белгілі бір деңгейдегі ой-өрісі, іс-әрекеті т.б. «Мен» туралы көзқарастар қазақ философиясында көптеген ойшылдардың дүниетанымында кең өріс алған. Би-шешендер, ақын-жыраулар шығармашылығында «Мен» философиялық тұрғыда Махамбеттің, Бұхар жыраудың, Қазтуғанның т.б. ойшылдардың рухани дүниесінде көрініс тапқан. Ақыт 51-тақта сөзінде:

«Жан кеткен соң байқаныз,

Тәнде қандай сән болар» [1, 255] дегенде Ақыт ақыл парасатты жан иесі, өзінді адам етіп тұрған басты нәрсе «мен» яғни, рух, жан мәңгі өлмейтіндей адам атына лайық болғанында, «менікі» деген «тән», яғни, адамның тәні өлсе де артында сол «мен» адамның жаны, рухы мәңгі жасайтындай үлгі болу, бұл жерде соған сай болатындай кісіліктің өлшемі туралы айтып, ақын артыңа үлгілі сөз немесе үлгілі іс қалдыр деп отырғаны деп түсінеміз. Ақынның ойынша, бұл қайнар көз руханилық пен имандылықтан бастау алады, өйткені рухани азықсыз адамның адам болуы екіталай. Ақыт 51-тақта сөзінде:

«Жан кеткен соң тән солай,

Ойласаң өмір дәл солай...

Ғаріп басқа не керек,

Ақыл ойла, бол зерек» [1, 261] – деп, ақын адамды адам етіп тұрған басты қасиеттердің бірі ар-намыстың қорғаушысы «ақылды ойла» дегені адамдықты ойла дегені. Ақыттың «кемелді, иманды адам бол» идеясы, Аса Жоғары Жаратушы Иемен байланыста пайымдалып, діни-сопылық көзқарастары Абаймен бірге, Ш.Құдайберді көзқарастарымен үндеседі.

«Адамды махаббатпен жаратқан Хак,

Достығын бір Алланың сен де іздеп тап.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»,

Һәм шәриғат жолына ұмтылып бақ.

Осыменен болады иман тамам,

Ойласын да таратсын білген адам.

Алланың досын дос көр, дұспанын жек,

Бұл тахқиқпен иманың болар аман» [1, 263] – деп, ақын адам үшін ең басты нәрсе, Құдайға құлшылық етуден, адалдық пен имандылықтан бастау алатындығын көптеген шығармаларында білдіртеді. Терең ғибырат аларлық ойлар түйіндей келіп, ақын ойындағы үлгілі, парасатты адам мінез құлқы имандылықтан басталса, бұл рухани құндылық адамды аздырмайтын негіз қалап, дін біліммен-ғылыммен ұштасқанда адамның рухани дүниесі жан жақты дамуға бет бұрады, бұл негіздер қатар дамуы керектігі жайында ақын:

«Ғылымнан сірә таймаңыз,

Дінге басты байлаңыз» деп ой түйеді.

Біз ақын шығармаларын жинақтап, құрастырып шығару барысында ақын шығармаларын Құран сүрелерімен салыстыра байқап көргенімізде Ақыттың «Мұса пайғамбардың мойындауы», «Сүлеймен мен байғұздың хикаясы», «Ескендір Зұлқарнайын», «Сымағұл кассасы», «Мұсаның Қызырға жолдас болуы» т.б. шығармаларын жазғанда Құран сүрелері негізге алынғанына көз жеткіздік. Өйткені, ақынның бұл шығармалары Құрандағы мәні аса терең ғибырат аларлық сюжет желісі айқын байқалады. Ақынның «Ахуал-и-Қиямет» шығармасында арабтық мұсылмандық ислам философиясы рухани құндылықтарының этикалық, эстетикалық бастаулары айқын көрініс береді. Адамның Аллаға деген шынайы сенімін, діни сананы қалыптастыру мақсатында жазылған, ақынның «Ахуал-и-Қиямет» еңбегінің имандылық, адамгершілік, тәрбиелік мәні зор. Шығармаға адамның бұл жалған дүниеден өткеннен кейін, о дүниелік өмірдегі кезеңі – Қиямет-қайымдағы(қайта тіріліп бақилық мәңгілік өмірге енуі) өмірі, «Фикһия» (фикһ-ғылым – діни білімдердің негізі) тұжырымдары бойынша адамды не күтіп тұрғаны жайлы, о дүниедегі адам жанының хал-ахуалы туралы баяндалады. Ақын қиыннан қиыстырып, таңғажайып құбылыстар арқылы о дүниедегі адамның жаны қандай күйге ентінін Құрандағы Алланың сөзімен берілген дерек бойынша адамға түсіндіріп, адамның діни санасын ояту мақсатымен хабар береді. Ақын бұл ойларын Құрандағы терең діни білімдерге, шарият заңдарына сүйеніп жазғанын ашып айтады. «Ахуал-и-Қияметте» Ақыт Жаратқан Ие Алланың барлығына еш шүбә келтірмей, осы ақиқат шындықты айқын дәлелдермен, діни сопылар мен басқа да діни есімдерді келтіре отырып жалған дүниенің өткінші екенін және мәгілік-бақилық о дүниенің бар екенін, сол мәңгі өмірге адам осы жалған дүниеде даярлық жасап құдайға құлшылық ету керектігін

жан-жақтылы таңғажайып оқиғаларды мысалға келтіре отырып айшықтайды. Шығармада Мұхаммед (с.ғ.с.), Жүніс, Сүлеймен, Мұса т.б. пайғамбарлардың аты аталады. Ақыт діни қағидаларды, Құдайға құлшылық етуді көптеген шығармаларына арқау етіп, көптеген жерде Құдай, Жаратқан Ие т.б. көптеген араб, түрік, парсы тіліндегі діни ұғымдарды қолданады. Мәселен, «Иннәлләһә ләә иүзийғұ әжрәл мұхсинийн» – «Аллаһ игілік істеушілердің сауабын зая қылмайды («Құран-Кәрим», «Тәубә» сүресі, 120-аят), «Ғалам ғайып» (арабша) – көзге көрінбейтін, көз жетпейтін іс. «Ғарыш Ағла» – жеті қат көктен арыдағы кеңістік, ғарыш атауы, «Сират» – діни ұғым бойынша, күнәлілер мен күнәсіздерді ажырататын қиямет-қайымның қыл көпірі т.б. Ақыт бұл насихаттан тірі күнінде ғибырат алып қал дейді ел-жұртына. Ақын Алланың құдіретімен ғаламның он сегіз мың бақилық жаны бір жерде, ғарасат майданында (қиямет-қайымдағы бақилық адамдардың бәрі жиналатын алаң) жыйылып, жалған дүниеде істеген жақсы, жаман іс-әрекет, амалдары үшін таразыға түсіп, куәші періштелер арқылы бай да, кедей де, хакім де, жаһыл да, елбасы да, пақыр құл да бір қатарда тұрып Алла алдында жауап беретіндігі жайында ел-жұртына ескертіп, адамды күнә жасаудан аулақ болып, намазын қалдырмай, дінін күтуге шақырады.

Ақыт «Ескендір Зұлқарнайын» шығармасын «Қисса исламбия-дан» алғанын, оның есімі Құранда аталатынын ашып айтады. Ескендір туралы Низами, Джамии, Навои, Абай философиялық мәні зор шығармалар жазғаны белгілі. Батыс Европада да А.Македонский образы көптеген шығармаларға арқау болды. Е. Зұлқарнайынның мүйізі бар деген пайымдар Абай мен Абдрахман Жами дастандарында да айтылып, Ескендір туралы терең шытырманды оқиғалар бейнеленеді. Қиссаның Құрандағы нұсқасында Аллаһ Тағала: «(Уа, Мұхаммед!) Олар сенен Зұлқарнайын туралы сұрайды. Сендерге оның жайын айтып берейін» де (83). «Шынында да біз оған (Зұлқарнайынды) жер жүзін билетіп, әрбір істің себебін бердік» (84). «Ол да себепке ілесті (жолға шықты)» (85). Ол (Зұлқарнайын): «Бұл – Раббымның бір рахымы! Қашан Раббымның уәдесі жеткенде, оны жермен жексен етеді. Раббымның уәдесі ақиқат» – деді (98)» (Кәһф сүресі, 83-98-аяттар) [7, 138-139].

Ақыт «Ескендір Зұлқарнайын» шығармасында Жаратушы Алланың құдіретіне шек келтіруге болмайтынын айтып, бұл жалғаннан бақиға кеткен адам артында не қаларды дей келіп:

«Иманың – адамдығың бойда қалар,
Бұл дүние тым баянсыз қас қағымда.

Өлген адам ахиретке түк те алмайсың,
Тіршілікте тырбанып күн алдайсың.
Құлшылық қыл Аллаға тірілігіңде,
Мәңгіге бұл өмірде тұра алмайсың...
Иесі құдіреттің Алла күшті

Жаранлар мұның мәнін шынайы ұқшы», – деп, ақын адамға тірі күнінде Аллаға құлшылық етіп, дінін күт дейді. «Алып данышпан екінші бір алып данышпанның жәрдемімен қалыптасады, ол ассимиляция жолынан гөрі, алмасты алмастың үйкелеп жалтылдаған күйге түсетіні секілді, ықпал ету арқылы жүзеге асады. Декарт философиясы Спиноза философиясын дүниеге келтірген жок, бірақ соның өмірге келуіне ықпал етті» [8, 15]. Сол секілді Ақыт та өз заманының алып тұлғасы бола тұрып, Абайдан алған әсері арқылы оның рухани дүниесі бұрынғыдан да сәулелене, құнарлана түсті. Әрине, Ақыт философиясының өзіне тән ерекшеліктері бар, ол өзіне тән рухани құндылықтар жасап, айшықты көзқарастар қалдырған дара тұлға, ойшыл екені даусыз. Ақыт ойының ғұлама Абай дүниетанымымен тоғысуы жай үндестік емес. Бұл үндесу қазақ халқы қай жерде тұратынына қарамастан сол қазақтың алып данышпаны Абайдың идеясының аясында бірігуі – бұл біртұтас дүние жүзіндегі қазақ халқын байланыстыратын ұлттық идея аясында ұлт болып ұюға бастайтын, ісі қазаққа адам болудың жолдарын үйретіп, дұрыс бағыт-бағдарға бастайтын айқын жол. Қазақ халқына дұрыс бағыт беріп, кемелді адам болуда өзінің ғибраттық қанатты сөздерімен терең әсер еткен Абай біртұтас ұлттың, қазақтың ұстазы екендігі, артында ұшы-қиырсыз мұра мен «Абайдың шәкірті» деген атқа лайықты қаншама ізбасар қалдыруы арқылы да ғұлама Абайдың ұлылығы тағы да айқындала түсіп отыр.

Ақытты қытай тарихшысы Су Бей Хай Қытайда демократ ақын, Монғолия ғалымдары Ақыт қажы ақын, Ресейде орыс түркітанушысы Н.Ф. Катанов Ахид бин Уәләд Гүлімжі Алтайский Карымсаков «қазақ ақыны» [9, 127] деп атаса, Түркияда Nergis Biraу қазақ ақындары қатарына қосып, Ақыттың «Есептесер күн болар» шығармасын түрік тіліне аударып, Түркияға қазақ ақыны ретінде таныстырған, ойшыл Ақыт есімі шетелдерге тарағанмен, Кеңес кезінде Қазақстанда қазақ ақыны ретінде танылмады. Қазір де Қазақстанда Ақыт есімі филолог ғалымдарға ғана белгілі болып қалып отыр.

Ақыт өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқын ең дамыған алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосу мақсатында туған еліне адал қызмет

етуге арнады. Ақырғы демі таусылғанша туған елін, жерін сүйіп, өз халқының тәуелсіздігі үшін күресіп өткен Ақыт ақынның тұлғалық болмысы мен асыл-мұралары әлі де болса Қазақстанда терең зерттеу нысанына ілінбей отыр. Ағартушы, көрнекті ақын А. Үлімжіұлы жалпы қазақ әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосты. Сондықтан академик Т. Кәкішев атап көрсеткендей, А. Үлімжіұлын Абай деңгейлес дарындар қатарында танып, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген еңбегі мен шығармашылығына мемлекеттік тұрғыда тиісті бағасы берілуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Үлімжіұлы А. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. – Т. 1. – Karatay KONYA – TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.», 2011. – 653 б.
2. Ақытұлы Ғ. «Ақыт Үлімжіұлы» Қазақ тарихындағы әйгілі адамдар ұласпалы сериясымен. – Алматы: «Мұсылман баспа үйі», 2008. – 137 б.
3. Омарова Г.С. Ақыт Үлімжіұлы шығармашылығындағы Абай // «Шулембаевские чтения» материалы международной научно-теоретической конференция посвященный 75-летию д.филос.н., проф. К.Ш.Шулембаева. 2-3 марта 2012 года. – С. 407.
4. Қазақ даласының ойшылдары. IX-XII ғғ. – Алматы: «Ғылым», 1995. – 160 б.
5. Ергалиев И.Е. Философия как духовная деятельность. – Астана, 2003. – 283 с.
6. Үлімжіұлы А. Екі томдық шығармаларының толық жинағы. – Т. 2. – Karatay KONYA -TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.», 2011. – 597 б.
7. Құран Көрім қиссалары (Араб тілінен аударған, абайтанушы Сәбит Ибадуллаев). – Алматы: «Гибрат», 2007. – 146 б.
8. Нысанбаев Ә.Н., Орынбеков М.С. және т.б. // Абайдың философиясы мен дүниетанымы. – Алматы: «Ғылым», 1995.
9. Омарова Г.С. Қазақ диаспорасы: философиялық талдаулар. – Karatay KONYA – TURKIYE: «Bahcibanlar basim san. A.S.», 2011. – 191 б.

Діни зайырлылық пен ауытқушылық: дихотомиялар, верификациялар, критерийлер

Берік АТАШ,

Алматы энергетика және байланыс университеті, әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы

Бүгінгі діни руханияттық арнадағы жалпыадамзатты алаңдатып отырған қайғылы-қайшылықты түйткілдердің бірі – діни экстремизм мен терроризм екіні біздің қоғамға да келіп жетті және мемлекеттің ішкі қауіпсіздік жағдайында жедел алдын алу шараларын ұйымдастыру мен интенсивті күресуді қажет ететін дисфункционалы саяси-әлеуметтік құбылысқа да айналып үлгерді.

Осы орайда, діни мәтіндерді талқылаулар мен оларға берілген түсіндірмелер сол мәтіндердің түпнұсқаларынан бірнеше есе көп және теологиялық әдебиеттер тізбегі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқандығын, олардың кейбірі бір-біріне қарсы әр түрлі ағымдар мен секталарға айналып кеткендігін, бірақ олардың барлығы бір-бірінен түпкілікті айырмашылықтарына қарамастан, ортодоксальді бағытты ұстанатындығын мәлімдейтіндігін, олар қазір барлық елдерде діни қалыңдарға алып келіп отырғандығын атап көрсететін дінтанушы философ М. Мюллердің пікірін негізге алсақ [1, 56], бұл ахуалды теориялық тұрғыдан зерделеуде ұсынылатын: «экстремизм дегеніміз не, оның түрлері қандай, діни канондарда бұндай идеологиялар орнықтырылған ба, әлде жоқ па» деген сияқты сауалдардан гөрі практикалық түрде қойылатын: «Діни жат ағым өкілін қалай айыруға болады? Діни фанатизм деген не? (Фанат деген кім?) Діни

терроризм мен экстремизмнің пайда болуының объективті себептері қандай? Діни терроризм мен экстремизмнің пайда болуының субъективті себептері қандай? Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін мемлекет тарапынан не істелу керек? Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін, өзіміздің, Сіз бен Біздің тарапымыздан, не істеу керек? Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу үшін жасақталатын психологиялық тәсілдер, педагогикалық әдістер, философиялық тұғырнамалар, дінтаулық ұстанымдар қандай болуы тиіс?» деген сияқты жедел арада шешімін табуы тиіс ахуалдар маңыздырақ болып отыр.

Діни терроризм мен экстремизм туралы айтылғанда, көп жағдайда ислам дінін қуаттаушылар мен оның арнайы өкілдері тарапынан кей жағдайларда «неліктен исламдық жат ағымдар туралы арнайы айтылады, басқа діннің дәстүрлі емес салалары ше?» деген сияқты түсініктер жиі айтылуда. Біріншіден, ислам дініндегі жат ағымдардың басқаларға қарағанда, агрессияшыл, террористік сипаты басымдау, екіншіден, біздің қоғамда халықтың жетпіс пайыздайы ислам дінін ұстанады, сондықтан, жергілікті бұқаралық санадағы «кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс» деген адасу зайырлы ислам мен бұрмаланған исламның ара жігін ажыратуды өздігінен-ақ сұранып тұр. Ал исламдық емес діни жат ағымдардың келбеті бұқаралық сана үшін де «жасырын» емес, салыстырмалы түрде бейнесі ашық. Үшіншіден, жастардың исламдық діни жат ағымға елігу беталысы уақытша деп саналатын субкультурадан контркультураға айналып бара жатырған сыңайлы және аморальдік тәсілдерді қолдана отырып, олардың саны да геометриялық прогрессиямен өсуде. Мәселен, Ә. Нысанбаев бұндай ахуалдың тіптен антикультураға қарай бет бұратындығын атап көрсетеді [2, 86].

Діни экстремизм мен терроризммен күрестің бүгінгі таңдағы ең басты ахуалы: салдармен емес, себеппен күресу, тұлғадағы мінез-құлықтық түрде пайда болуының алғышарттары мен қолайлы жағдайларын ашып көрсету мен оларды бақылау – жат ағымға еріп кетуден сақтандыру; жат ағым өкілін дәстүрлі, зиялы ағымнан ажырату; оны ұрпақтарға түсіндіру т.б. Себебі, кез-келген дін өкілі немесе жат ағым субъектісі өзін дәстүрлі, зайырлы, қалыпты, дұрыс бағыттамын деп сезінеді, ешкім де өзінің фанат немесе экстремист екендігін мойындамайды және кей жағдайда сондай бағытқа беттеп бара жатырғанын адамның өзі де, өзгелер де сезбей қалады. Демек, үдеріс ретінде, беталыстың өзі ашық, жариялы, рационалды болып құрылмайды.

Осыған байланысты, бүгінгі таңда философ және саясаттанушы ғалымдарымыз дінді діни терроризмнен ажырату мәселесін маңызды санайды [3, 42]. Зайырлы ислам мен ауықтыған жат ағымның ара жігін кез-келген арнайы дінтану маманы немесе дін өкілі, осы саладағы зиялы қауымдастықтар білімі мен біліктілігі арқылы оңай ажырата алады. Бірақ бұл тұстағы маңызды түйткіл: сан түрлі және дифференциацияланған сан салалы діни «лабиринттерден» өз орнын таба алмай, дұрыс пен бұрысты ажырата алмай адасқан бұқаралық сана үшін ғана екендігінде, парасатты шешімдерге деген халықтың ішкі сұраныстарында, ажырату белгілерінің қарапайым болып құрылып, діни терең арнайы білімді қажет етпей-ақ баршаға «түсінікті» болып ұсынылуында болып отыр. Себебі, қарапайым халық исламдағы жүздеген ағымдарды, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін, діни мәтіндерге берілген түсініктемелерді, иждиһат шешімдерін, терминологиялық апараты, тиым салынған бағыттардың тізімін т.б. кәсібиленген діни білім арнасын, шындығында, білуі міндетті емес. Осындай өзекжарды мәселелерге орай, дихотомиялау, верификациялау, критериилерді анық көрсетуді негізге ала отырып, мынадай ахуалдар тізбегі мен оны шешудің жолдарын ұсынамыз:

1. «Экстремистік-террористік пиғыл қайдан пайда болады» деген сауалға орай, оның қалыптасуының алғышарттары мен өрлеу эволюциясының сатыларын былайша тиянақтап көрсетуді жөн көрдік: а) белгілі бір дінді қабылдап немесе қабылдағысы келіп, көзқарастары әлі дұрыс тиянақталмағандар (бірақ бұлар зайырлыларды немесе жат ағымдағыларды толықтырушы потенциалдар ғана); ә) өз сенімінің заңсыз идеологтарына айналғандар; б) жат ағым мен өзгелердің ықпалымен фанаттыққа ұрынғандар, «осы менікі дұрыс па өзі» деген сияқты өзіне сыни көзқараспен қараудан айрылғандар; в) экстремистік және террористік пиғылдары пайда бола бастағандар және оны «дұрыс» деп есептейтіндер; г) жасырын әрекет етушілер немесе психологиялық тұрғыдан дайындалып жүргендер; ғ) психологиялық дайындықтарын жасырын түрде тәжірибеден өткізіп, физикалық дайындықтарға көшкендер; д) қару-жарақпен жабдықталғандар немесе оны жабдықтауды көздеп жүргендер; е) экстремизм мен терроризмді іске асырушылар.

Демек, діни экстремист пен террорист оқыстан, бірден-ақ пайда бола қойған жоқ немесе өзге мемлекеттерден арнайы алдырылған да жоқ, Осындай сатылар арқылы бірте-бірте белең алады, ендеше, осы сатылардың әрқайсысын жіті бақылау қажеттігінің маңыздылығы

туындайды. Демек, себептерді ғана ғана емес, шарттар мен тіке жағдайларды ескеріп отыру керек.

2. Қауіпті діни фанатты дәстүрлі ағым өкілінен қалай ажыратуға болады: а) дінді заңсыз, сәті түспесе де насихаттаушылар (идеологтар) мен кез-келген сәтте өзінен-өзі үнемі белсенді ақтап алушыларға (аполеет) айналғандар; ә) үгіт кезінде «тозақ оты», «қарғысқа ұшырау» сияқты үрей тудыратын түсініктерді қолдануға құштар болады; б) үгіт-насихат жасайтын кезеңді үнемі бағып жүреді, оңтайлы сәтін күтуде болады (діни ақпаратқа сұраныс болса, бұл жағдай басқаша); в) кез-келген нәрсені, құбылысты, пікірді, ойды, мақсатты т.б. дінге апарып қиыстырып (қиыспайтын болса да) отырады; г) өзінің сеніміне қарсы келетін немесе үндеспейтін пікірлерге төзіп тұра алмайды, сол сәтте сезімге беріліп ашу туғызуға да бейім болып келеді, пікірталас этикасын және рационалдылықты сақтамайды; ғ) таным-түсінігінде: Отан, Ұлт, Ата-ана, Бауыр т.б. жалпыадамзаттық ең маңызды құндылықтарды өзінің сенімінен төмен қояды; д) өзгелерді өз сеніміне кіргізу міндетін «өзіне-өзі жүктеп» алады және келіспегендерді «жек көреді», кейде тіпті «жау» санайды; е) діни мәселелер топтамасын ақылмен, парасаттылықпен түсіну оған жат, тек сезім мен сенімді ғана басшылыққа алады, өзіне-өзі сын көзбен қарай алмайды; ж) жеке Меніне қатысты алғанда, жалпыадамзаттық, ұлттық моральді ескерусіз қалдырып, діни (сыртқы) формаға құштарлық анық байқалып тұрады; з) ұлттық дәстүрлі құндылықтардың да шариятқа сай келмейтін қырларының барлығына жуығына «ширк», «харам» деген сияқты табуларды өз бетімен де белгілеп қояды т.б. Шындығында, дінтанушыларымыз атап өткендей, діни фанаттық көп жағдайда экстремизмге бастайтын «төте жол» іспетті болып табылады [4, 213]. Бірақ фанат бастапқыда әлі экстремист-террорист емес және олар тура сәйкес құбылыстар болып табылмайды.

Бұл тұста «қауіпсіз» діни фанаттың да болатындығын атап өтуге болады. Ол террористік немесе экстремистік пиғылда болмайды, өздігінен оқшауланып, аскеттік бағдарға қарай бет бұрады: өмірге – пассивті, сенімге – активті, ал қоғамға – агрессиялы емес. Бірақ бұл қауіпсіздіктің өзі салыстырмалы, ол да психологиялық ықпал ету мен өмір стилін түбегейлі өзгертуді уағыздау бағдарында белгілі бір деңгейде психологиялық тұрғыдан қауіпті болып шығуы ықтимал, бірақ міндетті түрде емес. Демек, қоғамға қауіпсіздігі сақталып қалуы да мүмкін.

Бұл тұста тағы ескеретін жайт: «фанаттық көзқарасты жалпы қолдайтындар – өзінің фанаттық көзқарасын немесе жалпы фанатизмді теориялық-әдіснамалық түрде ғана ұсынатындар – өзінің фанаттық идеясын және жалпы фанаттық идеяны практикалық түрде байыптайтындар – өзінің фанаттық идеясын насихаттап, идеологияландыратындар» тізбегінің алгоритмін мұқият ескеру керектігі турасындағы мәселе туындайды. Мысалы, А. Яссауидің философиясын, психологиясын, педагогикасын, тарихын т.б. ғылыми парасатты теориялық тұрғыдан зерттеушінің таным-түсінігі мен мінез-құлқы өз алдына бөлек мәселе, оның фанаттыққа еш қатысы жоқ десе де болады, ал аталған мәселені эмоционалды тұрғыдан зерттей отырып, үгіт-насихат жүргізуші, бүгінгі өмірге қолдану қажеттігін ұсынушы, адамзат пен ұлтты оның идеясын мойындауға және іске асыруға шақырушының ішкі мінез-құлқы туралы мәселе мүлде бөлек. Яғни, бұны діни сенімге қатынастың конструктивті және деструктивті түрлеріне сәйкес деп шартты түрде ажыратуға болады. Демек, басты мәселе ғалымдар арасындағы: діни социология немесе діни философия бағдары ма, әлде дін социологиясы немесе дін философиясы бағыты ма деген сауалға келіп тіреледі.

3. Келесі маңызды дихотомия: «Жасырын экстремистік және террористік пиғылды зайырлы үлгіден қалай ажыратуға болады (ең қауіптісі де осылар)»: а) өзінің сеніміне кірмегендерге іштей немесе ашық түрде өшпенділік болады; ә) мемлекеттік саясатқа, жалпы зайырлы қоғамдық пікірге іргелі түрде қарсы және оны өзгерту жолында құрбан болуы мүмкін екендігі жөнінде өзіне-өзі күдік келтірмейді; б) «Қолдан келер шара жоқ, әттең» деп жалпы қоғамның діни келбетіне үнемі риза болмай іштей өшігіп жүреді; в) үгіт-насихатын жүргізуде аморальдік тәсілдерді ашық немесе білдіртпей жасырын қолданудан тайынбайды (қорқыту, сендіру, күштеу, мәжбүрлеу т.б.)

Оның ішінде исламдағы жат ағым өкілінің пиғылы: а) ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, жалпы айтқанда, шариятқа сай келмейтін, ұлттық құндылықтарды түбегейлі мойындамайды, тіпті қарсы шығып, «жойып» жіберуге де дайын тұрады; ә) ата-ана, бауыр, ұлт сияқты түсініктер мен құндылықтарды ескере бермейді және ол пиғыл бірте-бірте күшейе түседі; б) мемлекеттік саясатқа, әсіресе, діни зайырлылыққа үнемі қарсы келіп отырады; в) ұлттық идеяның мүддесіне де қайшы болып келеді, оның санасында «ұлт», «халық» деген түсініктер жойыла бастайды, «діни космополитистік» сана орнайды т.б. Мысалы, Г.Ж. Джуманова да жат исламдық ұйымдар тәуелсіздікті, мемлекет аралық

шекараларды, ұлттық дәстүрлер мен мәдениетті, азаматтық пен ұлтжандылықты мойындамайтындығын, дәстүрлі емес дін өкілдері өзін белгілі бір ұлтқа-халыққа жатқызбайтындығын, сол аталған діни қауымдастықтың мүшесі ғана екендігін ғана сезінетіндігін атап өтсе [5, 209], Е. Бурова жат пиғылды сенімдегілердің отбасында қалыптасқан мәдени дәстүрлерден бас тартуға, туған-туыстарымен өзара қарым-қатынастарда жалпы қабылданған құндылықтар мен басымдылықтарды үзуге шақыратын үндеулер тарататындығын тұжырымдаса [6, 32], З.А. Абдуллина дәстүрлі емес культтердің бірнеше белгілерін ажырата келе, сегізінші ерекшелікті де олардың ресми идеалдар мен құндылықтарға қарсы тұрушылық белгісі деп көрсетеді [7, 149].

4. Осындай мәселелер аясында толғанушы отандық философ А. Косиченко діни экстремизмді кәдуілгі қарақшылықтан, қылмыскерліктен ажырата білу керектігін арнайы мәселе ретінде ұсынады [3, 44]. Ендеше, экстремист көп жағдайда саяси оппозиционерге ұқсайды, бірақ олардың айырмашылықтары қандай деген мәселе бойынша, мынадай дихотомияларды ажыратып көрсете аламыз:

№	Діни экстремист, фанат	Саяси оппозиционер, шовинист
1	Жалпыхалыққа, оның ішінде өз сенімінде емес барша халыққа қарсы	Өз халқына, ұлтына, бұқарасына қарсы келмейді
2	Жағымсыз әрекеттерін іске асыруда белгілі бір діни сенімге арқа сүйейді және діни мүдде басты стимулға айналады	Діни мүддені мүлде көздемейді немесе аса көздемейді
3	Психологиялық ауытқулар жиі кездеседі [8, 68-74 бб.; 9, 64 б.]	Психологиялық ауытқу сиректеу кездеседі, тіпті болмауы да мүмкін
4	Діни сауаттылық пен зиялылық деңгейі болмайды немесе төмен болып келеді	Көп жағдайда зиялы қауым өкілдерінен тұрады және саяси-әлеуметтік бағдарламалары жүйелі
5	Заңнан тыс, жабық, жасырын түрде құрылады	Мемлекеттік заңдар шеңберінде әрекет етуге және ашық түрде болуға бағдарланған.
6	Адамгершілік құндылықтары өзгерген	Адамгершілік құндылықтары барынша қалыпты т.б.

5. «Зайырлы ислам діні өкілі мен жат пиғылды исламдық өкілдің аралығындағылардың (екеуінің ортасында ауытқитындар) жалпылама ерекшеліктерін қалай ажыратуға болады» деген сауал бойынша оның белгілерін былайша ұсындық: а) исламдық сенім (идеология) мен қазақы болмысты (биология) теңестіретіндей деңгейде пайымдайды немесе мұсылмандықты бірінші, қазақ ұлты өкілі

екендігін екінші жоспарға шығарады; ә) көзқарастарын бідірген сәтте исламдық жат пиғылды бағыттарды сынауға немесе жоққа шығаруға құштар болмайды немесе бұл мәселеге келгенде оны ашық қалдырып отырады, кейде қашқақтайды; б) басқа да діни сенімдердің түрлерінің толыққандығын мойындаумен, нақ сол дінге сенбеу еркіндігімен, сенімнің дәрежесі жөніндегі таңдау мүмкіндіктерімен келісуі қиындау болып келеді, яғни, тек исламның санаға ықпалды қалпын ғана таңдайды; в) өз иелігіндегі қолжетімді туыскандарына-жолдастарына мүмкіндігінше ислам дінін қабылдаттырады немесе соған ұмтылып отыруда аса белсенділік танытады; г) ислам дінінің объективті шарттары мен қағидаларын өзінің жеке өмірлік ұстанымына орайластырып, яғни, субъективтендіріп түсінеді, әсіресе, шарттары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтағанмен, ішкі дүние тазалығы оған сәйкес келмей жатады; д) исламның тек құлшылық жағын ғана көреді, оның ғылыми-танымдық, гигиеналық, эстетикалық тағы басқа да қырларын ескергісі келмейді; е) әр түрлі діндердің кез-келген қоғамда өмір сүруі тиіс өзара тең құқықтығын мойындауға іштей құштар болмайды; д) зайырлы, парасатты, ғылыми ұстанымдарға кезіккенде: «ол дұрыс қой, БІРАҚ...» деп оған қарсы пікірлерді білдіртпей қолданатын софистиканы да жиі пайдаланады: соңғы БІРАҚ бастапқы «дұрыс қой» дегеннің мазмұнын түбегейлі жоққа шығарып та жібереді т.б.

Жоғарыдағы ұсынылған реконструкциялық өлшемдер екі жақты қолданысқа мүмкіндік береді: діни сенім өкілін өзгелер тарапынан сырттай бақылау және оның өзін-өзі іштей интроспекциялық бақылауы мен тексеруі: «Менің көзқарасым фанаттыққа қарай бұрылып немесе радикалданып бара жатырған жоқ па?» деген сауалды үнемі назарда ұстау арқылы. Яғни, бұл – жат діни пиғылға беттеп бара жатырған тұлғаның мінез-құлқын анық ашып бере алатын «параметрлер» деп айта аламыз. Қазіргі еліміздегі исламдық апологеттер мен идеолог ғалымдарымыздың кейбірі радикалды көзқарастарды қоса алғанда да, ислам туралы сыни сөз қозғаумен келісе бермейді. Дін Л. Шариф айтқандай, хирургтың өткір пышағы тәрізді және өте сезімтал сала [10, 17-18]. Демек, зайырлы ұстанымнан радикалдыққа қарай ауысып кетуге андамай түсіп кететін төте жол қашанда ашық және біздіңше, үнемі өзіне «шақырып тұрғандай» болады. Сонымен қатар келесі кезекте дінге жалған сенуші (мұнафық) мен шынайы сенім иесінің де ара жігін ажырату мәселесі көзделіп отыр.

Бұл ерекшеліктер мен ажыратулар, критерийлер мен дихотомиялар тек шартты түрде ғана құрылған, жобамен бағдарланған,

болжамданған және отандық ғылыми қауымдастық пен дінтанушы мамандардың ойталқысына да ашық ұсынылған, яғни, автордың ғана жеке көзқарасы болғандықтан, түбегейлі-соңғы шешімдер бола алмайтындығын атап өткіміз келеді. Осылайша, бұл мәселені тереңдетіп, психоаналитикалық тұрғыдан сараптау да кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп айта аламыз. Қорыта айтқанда, бұндай ғылыми зерделеу беталыстары прагматистердің философияны реконструкциялау тәсіліне сәйкес, «дінтануды реконструкциялаудың» (діннің рухани және материалдық практикалық мақсаттарын шешуді қолға алатын инструменталистік, діни сенімдердің тәжірибелік тексерілуі және сыналуға ашық мүмкіндік алуына жол беретін эксперименталистік, қазіргі жағдайдағы діни сана мен жеке тұлға сенімдерінің шығу тегін зерттейтін генетикалық тұрғы) және «деонтологизациялаудың» (ресми дін иелері мен теориялық сенім иесінің әлеуметтік-этикалық жауапкершілігінің өлшемдерін жасайтын гуманистік тұрғы т.б.) дәуірі келіп жеткендігін және оның маңыздылығын әйгілейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мюллер Ф.М. Введение в науку о религии / Пер с англ. Е.С. Элбакян. Под общей ред. А.Н. Красникова. – М.: Университет, 2002. – 264 с.
2. Нысанбаев Ә. Конфессиональный диалог как фактор обеспечения региональной безопасности в Республике Казахстан // Адам әлемі. – №1, 2012. – С. 81-86.
3. Косиченко А. Экстремизм ме терроризмге қарсы тұрудағы дәстүрлі діндердің мүмкіндіктері // Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің ролі. Өдістемелік материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 151 б.
4. Айнабекова М. Религиозные ценности как инструмент духовной консолидации общества // Жастар. Руханилық. Интеллектуальдік ұлт. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – С. 236.
5. Джуманова Г.Ж. Конфессиональные аспекты национальной идентичности // Шулембаевские чтения. Материалы международной научно-практической конференций. – Алматы: КазНПУ, 2012. – С. 407.
6. Бурова Е. Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни ұйымдары өкілдерінің мінез-құлықтары мен санасының экстремизациялану технологиялары // Экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етудегі дәстүрлі діндердің ролі. Өдістемелік материалдар жинағы.

- Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты, 2011. – 151 б., 31-38 бб.
7. Абдуллина З.А. Нетрадиционные религиозные культы: опасность и основные способы воздействия на личность // Вестник Алматинского университета энергетики и связи. – №3, 2012. – С. 147-152.
 8. Шубаева У.К. Жаңа діни ағымдардың ілімдерді таратудағы әдістері // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2011. – 236 б., 68-74 бб.
 9. Құрманалиева А.Д., Абжалов С.Ө. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени дамуындағы дінтанулық білімнің маңызы // Қазақстанның әлеуметтік мәдени дамуының перспективалық бағыттары: дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2011. – 236 б., 63-68 бб.
 10. Қайрат Лама Шарифтің сөйлеген сөзі // Мемлекет және дін Қазақстан Республикасы Дін істері жөніндегі агенттіктің журналы. – №3, 2012. – 64 б., 16-18 бб.

Беделді теолог және қоғам қайраткері хақында



Үстіміздегі жылдың желтоқсан айында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) Бас мүфтиінің орынбасары, найб-муфти Мұхаммад-Хусайн Усманұлы Алсабековтың исламның мүддесіне қызмет етіп жүргеніне 25 жыл толады.

ҚР Ислам институтының ректоры, филология ғылымдарының докторы Мухаммад-Хусайн Алсабеков тағдырдың сан-қилы сындарынан өтіп, жастайынан білімге құмар келіп, өмірін ізденіске арнап, бүгінгі күні теология саласында беделді ғалымдардың біріне айналды және қоғамымыздың игілігінің жолында барын аямай қызмет етіп келеді.

Ислам әр кезде бірлік, бейбітшілік және қайырымдылық діні саналады. Дәстүрлі діни танымдар ғасырлар бойы адамдардың өміріне оң әсер етіп, оның мәдениетінің, дүниетанымының қалып-

тасуына зор ықпалын тигізіп келді, қоғамның ажырағысыз бөлігі болып табылады. Бүгінде елімізде ұлттық діни қайта өрлеу үдерісі жүріп жатыр. Сонымен қатар қазіргі кезде діни қағидаттарды толық түсінбеушіліктен, берік өмірлік ұстанымдардың болмауынан, азаматтарымыздың сенгіштігінен түрлі діни көзқарастағы ағымдардың белең алуы сияқты алаңдатарлықтай жағымсыз жағдайлар көрініс тауып жатыр. Осындай соқыр фанатизмді ұстанып, ақиқатты бұрмалайтындар исламды бетперде қылып алып, экстремистік идеяларды насихаттайды.

Қалыптасқан жағдай оған интеллектуалды тұрғыда тосқауыл қойып, гуманитарлық және теологиялық ғылымдар саласындағы ғалымдардың күшімен тойтарыс берілсе ғана оң шешімін табады. Расына келсек, осы міндетті өз мойнына лайықты жүктей алатын білікті ғалымдар саусақпен санарлықтай. Мұхаммад-Хусайн Алсабеков – осындай ғалымдардың қатарында.

Қазіргі кезде ол ҚМДБ аясындағы қызметінде Қазақстан Республикасында діни сауаттылықтың артуына, ислам дінінің канондық ережелерінің бекітілуіне, осылар арқылы қоғам үшін залалды діни ағымдарға қарсы тұру жолында еңбектеніп келеді.

Қазақстан көп ұлтты әрі көп конфессиялы мемлекет екені белгілі. Әр түрлі көзқарастар мен діни ұстанымдағы азаматтар арасында бейбітшілік пен бірлік орнату үшін әрқашан диалог орната білу маңызды. Мұхаммад-Хусайн Алсабеков еңбек жолында осы мәселеге қатысты да ерекше назар аударып келеді. Оның дінаралық ынтымақтастық пен халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайту ісіне қосқан үлесі өзінің лайықты бағасын алып, Мұхаммад-Хусайн Алсабеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталған.

Құрметті Мұхаммад-Хусайн Усманұлы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (немесе «Қоғам және Дәуір» журналының редакциялық алқасы) Сізді еңбек жолыңызда биік белестерге жеткеніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, Сізге алдағы уақытта шығармашылық табыстар мен денсаулық тілейді!

Түйіндеме

Форсированное индустриально-инновационное развитие: от добычи к производству товара

Бахытжан Бухарбаев – и.о. заведующего отделом социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена одному из основных направлений («Индустриально-инновационные проекты»), обозначенных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» (Астана, 27 января 2012 г.), и перспективам реализации программы индустриально-инновационного развития, носящей стратегический характер и являющейся «главным ориентиром модернизации экономики».

Rapid Industrial and Innovative Development: from Mining to Production Industries

Bakhytzhon Bukharbaev, Acting Head, Department of Social and Political Analysis, Kazakhstan Institute for Strategic Studies (KazISS)

The article is focused on the issues of innovative and industrial development as it is the priority task President Nursultan Nazarbayev articulated in his annual Address to the Nation made on 27 January, 2012 on “Social and Economic Modernization; Major Vector of Development of Kazakhstan”. The author analyses the prospects and challenges for implementation of the strategy.

Энергетическая безопасность Китая и отношения с Казахстаном в этой сфере

Аманжан Арзикулов – старший преподаватель факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби

В статье рассматриваются проблемы обеспечения энергетической безопасности Китая на современном этапе его развития. Автор уделяет внимание роли Казахстана и других стран Центральной Азии в сфере энергетического сотрудничества, а также политической составляющей данного вопроса.

Energy Security of China and its Relations with Kazakhstan

Amanzhan Arzikulov, Senior Lecturer, Department of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University (KazNU)

The article covers the issues of energy security of contemporary China. The author focuses on the role of Kazakhstan and Central Asia in the cooperation in the energy sector of China and gives special analysis of the political implications therein.

Образование как механизм укрепления толерантности и солидарности

Нуржан Альжанова – доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат физико-математических наук

Одним из значимых факторов воспитания солидарности и толерантности является образование. Несмотря на то, что на формирование и поддержание толерантности оказывают влияние несколько независимых переменных, доминирующим объективным фактором является способность общества предоставлять своим членам альтернативу, то есть право выбора из целого ряда совокупностей социальных возможностей, включая функциональные альтернативы в сфере труда, стиля жизни, отдыха, организации семейной жизни и в плане религиозной принадлежности.

Education to Foster Tolerance and Consolidation

Nurzhan Alzhanova, Associate Professor, Al-Farabi KazNU, Candidate of Science (Physics and Mathematics)

The author argues that education is the major vehicle to foster tolerance and enhance consolidation. Although there are several independent variables that influence formation and maintenance of tolerance, the dominant objective factor, according to the article, is the ability of a community to provide its members with alternatives, in other words, there should be a choice of a number of social opportunities, including functional ones, labor, leisure, religion and way of life.

Лингвистический фактор политической позиции государства

Айдос Садуакасов – доцент кафедры международных отношений ЕНУ им. Л. Гумилева, кандидат политических наук

В статье рассматриваются роль и значение государственного языка в консолидации общества и воспитании толерантности. Автор на основе факторов, определяющих политико-лингвистическую позицию государства, говорит о возможностях решения данной проблемы.

Linguistic Factor in State Policy

Aidos Saduakasov, Associate Professor, Department of International Relations, Gumilev Eurasian National University, Candidate of Political Science

The article provides the analysis of the role of the state language and the concept of titular ethnic group for state-building, national consolidation and fostering of tolerance. The author enumerates the factors defining the position of the state on the political and linguistic issues and considers possible developments in this sphere.

Перспективы развития франчайзинга в Казахстане

Ербол Сигаев – ассоциированный профессор Казахстанско-Британского технического университета, доктор экономических наук

Статья посвящена перспективам развития франчайзинга в Казахстане, так как на сегодняшний день он представляет собой эффективный инструмент для развития частного предпринимательства, снабжения рынка товарами и услугами мирового

уровня, повышения прозрачности бизнеса, решения социальных задач, не в последнюю очередь благодаря созданию новых рабочих мест.

Prospects for Franchising in Kazakhstan

Erbol Segayev, Associate Professor, Kazakh-British Technical University, Doctor of Science (Economics)

The article is devoted to the prospects of franchising in Kazakhstan as it may be considered to be a tool to foster entrepreneurship. The author argues that franchising may be effective to increase supply of world-class goods and services, enhance transparency in business and solve social issues as well as contribute into creation of new jobs.

Формирование инновационного портфеля предприятия

Дархан Ахметов – PhD докторант Казахского экономического университета им. Т. Рыскулова

В статье рассматривается один из основных показателей состояния и развития предприятия в современных условиях. Формирование инновационного портфеля является важным вопросом, так как без разработанной стратегии предприятие не сможет развиваться.

Constructing Innovation Portfolio of Enterprises

Darkhan Akhmetov, Doctoral Student, T.Ryskulov Kazakh University of Economics

Innovation is regarded by the author as one of the principle indicators of the state and perspective for enterprises in the contemporary economic realities. Construction of innovation portfolio is very important as none enterprise is capable to develop without a coherent strategy.

Глобализация как синдром «продолжения истории»

Еркин Байдаров – ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, кандидат философских наук

Процессы глобализации в данной работе исследуются в контексте культурно-цивилизационных проблем современности. Автор, в отличие от концепции «конца истории», рассматривает глобализацию как синдром «продолжения истории», которая, воплощая в себе громадный потенциал научного разума всего человечества, должна осуществляться во благо всех стран и народов, а не только самых богатых и обеспеченных.

Globalization as "Continuum of History"

Erkin Baydarov, Senior Research Fellow, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, MSE, Candidate of Science (Philosophy)

The author analyses globalization in the context of cultural and civilizational issues of the contemporary world. Unlike the "End of History" concept the approach taken by the author is based on the notion of "Continuum of History". Globalization, therefore,

shall embrace the intellectual potential of entire mankind and bring its positive impact on the all nations in the world.

История и роль PR в Соединенных Штатах Америки

Жумагали Есенбек – PhD докторант факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби

Автор рассматривает роль PR в США, а также анализирует историю развития и особенности PR в современном обществе. Он утверждает, что новые взгляды в сфере PR формируются на основании работ российских и западных ученых, а также говорит о значении развития PR в системе образования США. Подтверждает разными примерами необходимость PR в нынешнее время.

Origin and Current Role of PR in the USA

Zhumagali Esenbek, Doctoral Student, Department of Journalism, Al-Farabi KazNU

The author traces the origins and history of PR in the United States of America and analyses its role in the current social environment there. The author argues that new approaches to understanding PR are being formed under the influence of the Russian and Western studies. The article also touches upon the significance of PR for establishment and development of the US higher education. The cases given in the article prove that PR is increasingly important these days.

Место и роль ислама и джадидизма в казахском обществе

Бахтияр Жарылкапов – магистрант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

В данной статье автор акцентирует внимание на проблемах ислама и мусульманского модернизма – культурно-религиозного исламского движения «джадидизм» в казахском обществе, проникшего в Казахскую степь в начале XX века, исследует причины его возникновения, раскрывает суть и решающую роль джадидизма в формировании взглядов и убеждений казахской национальной интеллигенции.

Islam and Jadidism in Kazakh Society

Bakhtiyar Zharylkapov, Graduate Student, Department of History, Archaeology and Ethnology, Al-Farabi KazNU

The author considers the issues of Islam in Kazakhstan from the historical perspective. The article traces the origin and establishment of Islam and particularly Jadidism in the Kazakh society of the early 21st century and studies the reasons for its emergence and core characteristics. Special attention is given to the contribution and influence of the Kazakh intellectuals.

Сходство мировоззрения Акыта с Абаем и его место в нравственно-этической мысли казахского народа

Гульнар Омарова – кандидат философских наук

Акыт Улимжиулы – один из основоположников казахской письменной литературы, духовное и культурное наследие которого вошло в антологию истории художественной и нравственно-этической мысли казахского народа. Отсутствие

глубоких, всесторонних научных исследований жизни и творчества Акыта связано с тем, что его произведения практически не известны широкому кругу читателей в Казахстане.

Similarity of Akyt and Abai Philosophies: Significance of Akyt for Development of Kazakh Ethics

Gulnar Omarova, *Candidate of Science (Philosophy)*

Akyt Ulimzhiuly is one of the founders of Kazakh written literature. His spiritual and cultural heritage is an integral part of the intellectual history and moral philosophy the Kazakh people. Lack of any profound and extensive research of Akyt's life and work can be explained by the fact that his works have been practically unknown in Kazakhstan.

Религиозный традиционализм и отклонения: дихотомии, верификации, критерии

Берик Аташ – доцент Алматинского университета энергетики и связи, доктор философских наук

В статье рассматриваются серьезные проблемы современного мира, связанные с религией: религиозный экстремизм и терроризм. По мнению автора, эти политико-социальные проблемы являются основными угрозами внутренней национальной безопасности республики, требующими организованной и интенсивной борьбы на уровне государства и общества.

Religious Traditionalism and Deviations: Dichotomies, Verification and Criteria

Berik Atash, *Associate Professor, Almaty University of Energy and Communication, Doctor of Science (Philosophy)*

The article deals with the challenges modern society faces that are related to religion, namely extremism and terrorism. According to the author, these political and social issues are the factors directly concerning internal security of Kazakhstan. Therefore, these issues require a comprehensive and assertive counter strategy both at the state level and via consolidated efforts of the whole society.

